Методика «Проектная технология» позволяет студентам проводить самостоятельную поисковую работу через интернет-ресурсы, проводить анализ, готовить презентации, в том числе, и для выпускной квалификационной работы. Говоря об особенностях каждой из используемых технологий в проектной методике, можно выяснить, какие именно грани они раскрывают у учащихся: – самоопределенческая — способность самостоятельно выбирать пути решения, способы, средства и цели; – коммуникативная — способность воспринимать обоснованную критику, общаться, вести конструктивный диалог в поисках решения; – имитационного моделирования (игровая) — способность моделировать ситуации и проблемы из жизни и решать их; – проблемно-поисковая — способность находить решения поставленных проблемных ситуаций; – деятельностьная — способность представлять конечный результат и осознавать пути достижения цели и средства, которые могут быть при этом использованными; – рефлексивная — способность проводить самоанализ собственных действий.

Технологию «Проектного обучения» можно успешно применять в практическом обучении. Её цель состоит в том, чтобы создать условия, при которых учащиеся: самостоятельно и охотно приобретают недостающие знания из разных источников; учатся пользоваться приобретенными знаниями для решения познавательных и практических задач; приобретают коммуникативные умения, работая в различных группах; развивают у себя исследовательские умения (умения выявления проблем, сбора информации, наблюдения, проведения эксперимента, анализа, построения гипотез, обобщения); развивают системное мышление. Работа над проектами всегда довольно трудоёмкая, но результат стоит того. Условно, всю работу можно разделить на несколько этапов. На начальном важно провести погружение в проект так, чтобы обучающиеся заинтересовались темой, замотивировать их на выполнение работы над проектом. Проекты на уроках делятся на групповые, индивидуальные и коллективные. При распределении на группы важно учитывать пожелания учащихся, но и их способности, возможности, и преподавателю важно на этой ступени поддержать возникший интерес к работе, развить его. Использование проектных технологий ставит перед собой определённые цели. Ряд исследователей под целями проектного обучения имеют ввиду следующее: Повышение самооценки, уверенности в своих силах у каждого учащегося, возможности

самореализоваться в процессе работы над проектом. Это становится доступным: через создание «ситуации успеха» во время работы над проектом осознать себя весомым членом группы, важным, успешным, умеющим справляться с различными проблемными ситуациями; – через самопознание себя, своего потенциала, своего вклада, а также индивидуального роста в процессе выполнения проектного задания.

Выполнения проекта делится на определённые этапы:

1. Подготовка включает в себя выбор темы и целей проекта. На этой стадии совместная деятельность учителя и студента заключается в постановке целей.

2. Планирование включает определение источников информации, определение способов сбора и анализа информации, определение способа представления результатов (формы отчета), установление процедур и критериев оценки результатов и процесса, распределение задач (обязанностей) между членами команды. На этой стадии студент под контролем преподавателя, вырабатывают план действий, формулирует задачи.

3. Исследование. На данной стадии проходит сбор информации, решаются промежуточные задачи, определяются инструменты исследования. Студент под контролем преподавателя проводит исследования, решая промежуточные задачи.

4. Результат и/или выводы. На этой стадии проводится анализ информации, формулируются выводы. Студент, под контролем преподавателя, анализирует полученную информацию.

5. Представление или отчёт. Студент, под контролем преподавателя и при его деятельном участии определяет формы представления результатов исследования.

6. Оценка результатов. На данной стадии проходит коллективное обсуждение результатов исследования, неиспользованного потенциала, креативность выполнения исследования.

Педагог перестает быть просто источником знаний, а становится организатором и координатором исследовательской работы. Он поддерживает учеников на каждом этапе работы над проектом, создает творческую среду, стимулирует постоянное личностное развитие и профессиональные качества.

Чтобы проектное обучение приносило пользу и отвечало поставленным задачам, необходима правильная подготовка как учителей, так и учеников. Это должен быть целостный системный подход. Если ученик способен справиться с работой над учебным проектом, можно надеяться, что в будущей взрослой жизни он окажется более стрессоустойчивым, предприимчивым, креативным, научится планировать собственную деятельность, ориентироваться в разнообразных учебных задачах, а также получит необходимые для работы в коллективе навыки, способствующие улучшению коммуникационных и других социальных навыков.

В образовании страны проектная деятельность студентов является обязательной и значимой частью профессионального образования, подготовки будущих специалистов к практической деятельности в разных сферах.

Технология проектного обучения - это педагогическая технология, в которой видна самостоятельная, познавательная, творческая работа учащихся над разрешением проблемы по желаемому изменению объекта или процесса, способствующая реальному вхождению субъекта в культурное и историческое пространство социума.

#### **Список литературы:**

1. Безрукова В. С. Педагогика. Проективная педагогика. – Екатеринбург, Деловая книга, 1996г.
2. Лошакова, Ю. Ю. Проектные технологии в образовании Молодой ученый. — 2022. — № 4 (399).
3. Полат Е.С. Новые педагогические информационные технологии в системе образования – М., 2000 – с 38.

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ РЕСУРСОВ В УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

*Сатыбалды Марияш Нурлановна, преподаватель общеобразовательных дисциплин, КГКП «Костанайский высший педагогический колледж» Управления образования акимата Костанайской области*

«Сегодня революции в сфере IT и биотехнологии меняют человечество. Поэтому система образования нуждается в быстрой адаптации к новым реалиям. Ведущие школы мира всецело занимаются развитием креативного потенциала детей, обучают цифровым технологиям и точным наукам. Педагоги меняют методики обучения в сторону игровых форматов, находятся в постоянном поиске. Все мы едины в своем стремлении сделать Казахстан процветающей, развитой страной», - сказал Глава государства, выступая на августовской конференции в 2019 году. [4]

Современный этап развития образования связан с широким использованием современных информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в деятельность всех участников образовательного процесса и возможностей, предоставляемых глобальной сетью Интернет.

Есть несколько вариантов для использования ресурсов сети Интернет в образовательном пространстве:

- для организации учебно-образовательного процесса с использованием ИКТ (для создания предметных презентаций, тестовых оболочек, видеоконференций, фильмов и интерактивных игр);

- для организации внеурочной деятельности, вовлечение учащихся в проектную деятельность;

- методическая поддержка педагогов, в разработке образовательной документации и в поиске методических материалов (разработка уроков, тестов, учебных программ и планов и индивидуальных образовательных маршрутов).

По мнению экспертов, новые информационные технологии обучения позволяют повысить эффективность практических и лабораторных занятий по естественнонаучным дисциплинам не менее чем на 30 %, объективность контроля знаний учащихся — на 20-25 %. Успеваемость в контрольных группах, обучающихся с использованием образовательных ИТ, как правило, выше в среднем на 0,5 балла (при пятибалльной системе оценки). В частности, скорость накопления словарного запаса при компьютерной поддержке изучения иностранных языков повышается в 2-3 раза. [2, с.138]

Как информационная система, Интернет предлагает своим пользователям многообразие информации и ресурсов:

- электронную почту;

- телеконференции;

- видеоконференции;

- возможность публикации собственной информации, создание собственной домашней странички;

- доступ к информационным ресурсам;

- справочные каталоги;

- поисковые системы;

- разговор в сети.

В этой связи современные средства обучения существенно изменяют методы учебной деятельности благодаря тому, что имеют возможность показать явление в движении, развитии. Они несколько по-новому, организуют и направляют восприятие студентов, объективируют содержание темы, выполняют функции источника учебной информации, стимулируют познавательный интерес, создают при определенных условиях эмоциональное

настроение, позволяют проводить оперативный контроль и самоконтроль результатов обучения [1, с.449].

Ресурсы сети Интернет являются хорошей базой для создания информационно-предметной среды, образования и самообразования студентов, удовлетворения их личных интересов и потребностей. Интернет ресурсы на занятиях нужны как средство придания материалу наглядности и пространственной конкретики. Совместное использование ресурсов Интернета и традиционных средств делает занятия более интересными, наглядными и понятными и позволяет решить следующие аспекты в образовательном процессе:

- 1) углубленное изучение материала по дисциплине;
- 2) ликвидация пробелов в знаниях, умениях, навыках;
- 3) самостоятельный поиск информации студентами в рамках работы над проектом и другой исследовательской деятельностью;

- 4) формирование и развитие умений и навыков аналитического мышления при использовании материалов сети разной степени сложности; Занятие с использованием ресурсов Интернета требует тщательного планирования и продумывания видов деятельности студентов в ходе занятия. Применять ресурсы сети Интернет можно как на отдельных этапах урока, так и в течение всего урока. Интернет — это источник дополнительной и актуальной информации. Необходимо искать те информационные данные, которых действительно не хватает на уроке — фотопутешествия, статистические данные, онлайн-тесты, видео о процессах деятельности организаций и т. п. Тогда можно сделать процесс обучения более эффективным. Занятия с использованием Интернет-ресурсов открывают для студентов новые возможности, прежде всего для самообразования. Поиск информации в сети Интернет по грамотно поставленному заданию на занятии в настоящее время является необходимым условием для формирования информационной компетентности у студентов.

Анализируя опыт использования ИКТ на занятиях, могу с уверенностью сказать, что использование информационно-коммуникативных технологий позволяет:

- обеспечить положительную мотивацию обучения;
- обеспечить дифференцированный подход в обучении;
- повысить объем выполняемой работы на занятии;
- рационально организовать и повысить эффективность занятия;
- усовершенствовать контроль знаний;
- формировать навыки подлинно исследовательской деятельности;
- обеспечить доступ к различным справочным системам, электронным библиотекам, другим информационным ресурсам.

Все это способствует повышению качества обучения. Методика проведения занятий с использованием Интернет-ресурсов позволяет применять такие формы обучения, как беседа, самостоятельная работа с текстом, схемами, записи в тетрадях основных терминов, воспроизводство содержания схем. Поисковая работа побуждает студентов осознанно подойти к выбору информации, прививает навыки работы с образовательными Интернет-ресурсами, активизирует исследовательскую работу. Студенты могут принимать участие в тестировании, в викторинах, конкурсах, олимпиадах, проводимых по сети Интернет, переписываться со сверстниками из других стран, участвовать в чатах, видеоконференциях, получать информацию по проблеме, над которой работают в данный момент в рамках проекта. Глобальная сеть Интернет предлагает преподавателям специальных дисциплин множество полезных ресурсов. Сегодня можно сказать, что Интернет со всем богатством своих ресурсов реально способствует достижению основной цели изучения конкретной дисциплины. [3, с.313]

В учебной деятельности педагогами используется множество **информационно - коммуникационных технологий**: learningapps.org, kahoot.com, quizizz.com, triventy.com, quizlet.com, гугл-формы.

Существует много различных веб-инструментов, позволяющих обеспечить быструю обратную связь.

На своих занятиях использования онлайн портал quizizz.com является популярная и любимая технология для моих студентов.

Quizizz – это не только инструмент закрепления и проверки знаний студентов, но и прекрасная возможность дистанционного обучения, поскольку в отличие от Kahoot дает возможность студентам дома выполнить тест или опрос, как параллельно со всей группой, так и в любое удобное для него время. Благодаря этому можно использовать тесты, созданные в Quizizz, в качестве домашнего задания. Все результаты пройденных тестов отображаются в личном кабинете учителя и могут быть переведены в отметку. Еще один плюс использования сервиса - это возможность студентам отвечать на вопросы в своем индивидуальном темпе, поскольку на экране гаджета высвечивается и вопрос, и варианты ответов, и обучающий может переходить к следующему вопросу, не дожидаясь ответов других участников.

Студенты могут заниматься в своем собственном темпе. Использование данной программы очень мотивирует студентов, так как они видят результаты друг друга и стараются улучшить при этом свой результат (присутствует дух соперничества). По завершению выполнения задания студенты видят свой результат, вопросы, в которых сделали ошибки. Преподавателю же выдается отчет о проценте качества знаний группы, какие вопросы вызвали наибольшее затруднение, какие вопросы усвоились лучше, процент выполнения каждым студентом, количество ошибок и правильных ответов, что дает возможность оценить уровень знаний каждого студента по теме.

#### **ЛИТЕРАТУРА:**

1. Алёшина, О. Г. Использование интернет-ресурсов в преподавании специальных дисциплин / О. Г. Алёшина. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2016. — № 23 (127). — С. 449-451. — URL:

2. Образование и 21 век. Информационные и коммуникационные технологии. М. 1999. С.138

3. Синельникова, Д. Д. Использование интернет-ресурсов педагогами в образовательном пространстве / Д. Д. Синельникова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2018. — № 25 (211). — С. 313-315.

4. [https://www.inform.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-sistema-obrazovaniya-nuzhdaetsya-v-bystroy-adaptacii-k-novym-realiyam\\_a3556979](https://www.inform.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-sistema-obrazovaniya-nuzhdaetsya-v-bystroy-adaptacii-k-novym-realiyam_a3556979)

### **III-СЕКЦИЯ: ЫБЫРАЙ МҰРАСЫ – АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ РУХАНИ АЗЫҒЫ**

#### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ІЗБАСАРЛАРЫ**

Айдаров Нұрхан Қаблахатұлы

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының

Арқалық қаласы білім бөлімінің

Б.Байқадамов атындағы балалар музыка мектебінің оқытушысы,

директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

Балаға жастайынан дұрыс тәрбие беру дүниежүзіндегі педагог-ғалымдардың өткен замандардан бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі болса, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогі - Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдысына асыруға талпынды. Ы.Алтынсарин ағартушылық-педагогикалық қызметімен кең байтақ даламызға ғылым-білімнің, шырағын жақты.

Қазақ жастары үшін арнайы оқытушылар мектебін ашу ісіне де Ыбырай Алтынсарин зор көңіл бөліп, көп мән берді. Талмай іздену, тиісті орындарға жалықпай өтініш жасаудың, сондай-ақ оқытушылар мектебінің елді мекендердегі ағарту ісі үшін айрықша қажет екендігін шебер дәлелдеудің нәтижесінде ол 1881 жылы Орск қаласынан қазақтың тұңғыш оқытушылар мектебін ашты. Бұл мектепке артқан үмітін және оның қоғамдық өмірі үшін маңызын Ыбырай өз сөзімен былайша сипаттайды: «Оқытушылар мектебі біздің оқушыларымыздың барып түсетін мектебі еді, бұлар сонда белгілі бір білім алып қазақ халқының тұрмысына, шынында да, пайдалы болған болар еді. Қазақ халқының ақыл-ойы мен экономикасының дами беруіне көмектесе алатын адамдар болар еді».

Қазақ қоғамы жағдайында бірден үлкен оқу орнын жасаудың бүкіл қиындығын жақсы түсінген Ыбырай осы жалғыз оқытушылар мектебі мен уездік, болыстық мектептер арқылы қазақ арасындағы оқу-ағарту ісін алғашқы кезде дұрыс жолға қоюға болады, келешекте не істеудің керектігін уақыттың өзі көрсетеді деп санады.

Ыбырай еңбек процесінің бала тәрбиеіндегі ерекше маңызын көре білді. Сондықтан, оның көптеген әңгімелерінің идеясы ұлы, дана Абай айтқандай, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегіне топтасқан. Әңгімелерінде балаларды тапқырлыққа, табандылыққа үйретіп, көп тұрмыс тауқыметі-еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмір сүруі адал болатындығын көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен балалардың бос белбеу, болбыр болатынын барынша көрсетіп келемеждейді. Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінде еңбек процесінің адамның сана- сезімін, психологиясын қалыптастыруда ерекше орын алатынын жақсы түсінген.

Ерлі-зайыпты Нұрғали Құлжанов пен Нәзипа Құлжанова Ыбырай жолын қуып, халық ағарту саласының дамуына үлкен үлес қосты.

Нұрғали Құлжанов 1877 жылы Жанкелдин ауданы Қошалақ ауылында дүниеге келді. Алғашқы білімді Ыбырай ашқан мектептен алды. Қостанай гимназиясын бітіріп, Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқыды. Оның болашағына Ахмет Байтұрсынов ерекше әсер етті. 1905 жылы мұғалім, Семейде мұғалімдер училищесінің директоры қызметін атқарды. Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, С.Бегалиннің ұстазы болды. Ол өзінің саяси қызметкерлері қолынан қаза тапты.

Әдебиет, мәдениет, оқу-ағарту ісіне ерте араласқан Нәзипа Құлжанова 1887 жылы Торғай қаласында Сағымбайдың отбасында дүниеге келген. Сондағы Ыбырай Алтынсарин іргесін қалаған мектепте білім алды. Кейін Қостанайдағы қыздар гимназиясын үздік бітіріп, Орынбор мұғалімдер мектебінде оқыды. 1908 жылы Семей мұғалімдер семинариясында ұстаздық қызмет істеді. Оның ағартушылық қызметі Сәкен Сейфуллин назарына да іліккен. Ахмет Байтұрсыновпен екеуі бір жерде туып, бір өзеннің суын ішкен адамдар. Ізденімпаз, ізгі, еңбекқор, талантты жасты Ахаң қолтығынан демеп, үнемі қолынан келген жақсылығын аямады. Соның бір айғағы, оның 1923 жылы «Мектептен бұрынғы тәрбие» деп аталатын кітабына алғы сөз жазды. Нәзипа Ыбырай мен Абайдың өлеңдерін орыс тіліне аударды. Ол газет-журналдарға хабар-ошар жазып тұрған. Қостанай өңірінен шығып, есімі бүкілқазақ еліне танылған аяулы қыздарымыздың бірі—Нәзипа Құлжанова. Әкесінің аты бірде Сағыз бай делінсе, кейбір басылымдар-да Сегізбай болып жазылып жүр. Қазақстан ұлттық энциклопедиясында Нәзипа Сегізбайқызы (Сағызбайқызы) делініп, қатар көрсетілген.

Н.Құлжанованың мамандығы-мұғалім. Оның есімі педагог, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист, этнограф, аудармашы ретінде қазақ тарихында мәңгілік қалды. Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы 1887жылы 27 шілдеде Қостанай облысының Жанкелдин



ауданында дүниеге келген. Ол әуелде Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде білім алып, 1902 жылы Қостанай қаласындағы қыздар гимназиясын тәмамдаған. 1903-1904 жылдары Торғайдағы училищеде мұғалімдік қызмет атқарған. Кейін Орынбор мұғалімдер семинариясын бітіріп, Мұхтар Әуезов білім алған Семей мұғалімдер семинариясында 1905-1920 жылдары ұстаздық етеді.

«Ардақты Нәзипа деген ханым, газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.

Оқыса сондай әйел шығар деп, Оқығандар бағалар сөздің дәмін.

Неше күн қыдырсаң да таба алмассың, Семейдің одан өтер адал жанын.

Ақкөңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,

Ынтасы жеткізбекке әйел халқын» деп қазақтың атақты ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров жырға қосқан Нәзипа Құлжанова XX ғасыр басындағы қазақ мәдениетінің тарихында ерекше із қалдырған тұлғалардың бірі. Жастайынан өжеттігімен, қайсарлығымен танылған Нәзипа Құлжанова Семейде өзінің белсенділігін, қабілет-қарымын байқатып, 1914 жылы (ұлы Абайдың қайтқанына 10жыл болған уақыт) мәдениет қайраткері, өмірлік серігі Нұрғали Құлжанов екеуі Абай Құнанбаевты еске алу кешін ұйымдастырып, өткізеді. Қазақ, орыс тілдерінде баяндама жасайды.

Нәзипа Құлжанова Қырғыз (қазақ) АКСРОқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығарумен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамында болған. Оқу комиссариатының арнайы тапсырысымен «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты оқу құралын жазған. Бұл еңбегі 1923 жылы жарық көрді. Аталған кітапқа ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Заман амалының жарысынан, заман көшінің қатарынан қалмай өмір сүру үшін бүгінде адамға көп өнер-білім даярлау керек» деп, алғысөз жазған.

Нәзипа Сегізбайқызы мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөзінде, көрсетілетін іс-қимылдында орынды, тағылымды болуын ескерткен. Танымал педагог бала бойындағы білуге, ұғуға, көруге әуестікті тыйып тастамай, оларды бағыттап, дамытып отыру қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген.

Н.Құлжанованың кейінгі ұрпақтарға қалдырған өшпес мұраларының бірі—«Ана мен бала тәрбиесі» кітабы. Бұл оқу құралы педагогтарға, тәрбиешілерге, ата-аналармен балалар дәрігерлеріне анықтамалық ретінде ұсынылған. Ол 1927 жылы 5000 данамен Қызылорда қаласында басылып шыққан.

Н.Құлжанованың өмірімен қызметі, мұрасы тереңірек зерттеуді қажет етеді. Оның журналистік, аудармашылық қырын ашу келешектің еншісінде деп сенеміз. Қазақтың қайсар, қайраткер қызының ғибратты ғұмыры, тағылымды мұрасы жастарға аманат..

1915 жылдың 13 ақпанында Нәзипа Құлжанова әскери губернатордың рұқсатымен қазақтың ұлттық ойындарының кешін өткізеді. Бұл кеш жай ғана әдеби кеш емес, сауық кеші еді. Яғни орыстардың балы іспетті. Әлқисса, осы сауық кеште Абай мен Ыбырайдың шығармалары оқылды. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 9 мамырында шыққан санында Нәзипа Құлжанова «Бір керек жұмыс» атты мақала жазады.

Нәзипа Сегізбайқызы 1887 жылы 27 шілдеде Қостанай облысының Жанкелдин ауданында дүниеге келген. Торғай қаласындағы приходская школада оқып, 1902 жылы Қостанайдағы пригимназияны тамамдайды да, 1903-1904 жылдар аралығында Торғайдағы әйелдер училищесінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1905 жылы Семей қаласына келіп, оқытушылар семинариясындағы қызметін өмірлік серігі Нұрғали Құлжановпен бірге бастайды.

1903 жылы 1 шілдеде ашылған бұл семинария сол кездегі айтулы деген оқу орындарының бірі болатын. Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан секілді тұлғалардың осы семинарияда оқығаны сөзімізге дәлел бола алады.

1923 жылы Н. Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітабы жарық көреді. Бұл еңбек өз заманында жаңалық болғаны анық. Алғысөзін Ахмет Байтұрсынұлов жазған осынау кітап сәбидің өсіп-жетілуі, оны мектеп табалдырығына дайындау жөніндегі мәселелерді қамтыған еді. Теориялық тұрғыдан жазылған әдістемелік оқулық деуге де болатындай.

Ерлі-зайыпты Құлжановтар Ресей императорлық География қоғамына Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің мүшелігіне сайланып, ғылыми-ағартушылық, мәдени-қоғамдық істерге араласқанын да айтпай кетуге болмас.

Нәзипа Құлжанованың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептің түлегі болып қана қоймай, сонымен қатар өз бойына тұлғаға ұқсайтын шәкірттік мінезбен тәлімгерлік өнегені жете ұғынып, бар күш қуатын біліміне үздіксіз жұмсап, соңғы буынға орасан зор еңбек сіңірді.

Ыбырай Алтынсарин мектебінің буыны қатпаған шәкірттен, бүкіл ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұстаз, ғалым, ағартушы дәрежесіне дейін көтерілген. 1903 – 1904 жылдары екі жылдай Торғай қаласындағы әйелдер училищесінде ұстаздық қызмет атқарған.

Нәзипа Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы нәрестенің өсіп, жетілуі, мектеп табалдырығын аттауға дайындау төңірегінде жаңа ойларды ұсынған алғашқы жаңалыққа толы еңбек.

Қорытындылап айтқанда, Нәзипа Сегізбайқызы Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» оқулығы педагогика тарихының ірі-мектепке дейінгі тәрбие саласы бойынша сол жылдардағы қазақ әйелдері үшін арнайы теориялық және әдістемелік нұсқау ретінде маңызды қызметтер атқарды. 1923 жарық көргеніне қарамастан, теориялық, тәжірбиелік маңызын, өзінің құндылығын жоймаған, бүгінгі күні де көкейтестілігін жоғалтпаған дүние болып қала бермек.

Халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ы.Алтынсариннің ғылыми және әдеби еңбектері – бүгінгі жастарға берер ғибраты мол, асыл мұра.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Г.А. Кәрібжанова «Нәзипа Құлжанова», Семей 2012 ж
2. Г.А. Кәрібжанова «Н.Құлжанова -ағартушы, қайраткер», Алматы-«Арна», 2004 ж.
3. С.Қалиев. Қ.Жарықбаев «Қазақ тәлім тәрбиесі» Алматы, «Жалын»

### **Ы.АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМАЛУШЫЛАРДЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

Булекова Айгул .Егинбаевна,  
химия пәнінің оқытушысы

Байдешов Дарханбек Беркинбаевич,  
география пәнінің оқытушысы

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі КМҚК  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

Ы.Алтынсарин аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, тамаша ақын, қоғам қайраткері. Ы.Алтынсарин қазақ қоғамының мәдениет пен экономикалық жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің бір сыпыра саласында жаңадан өсіп өркендеуіне айқын жол ашып, баянды негіз жасады.

Білім мәдениеттің бір бөлшегі ретінде тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуына қажетті жағдайларды жасайды. Осы әлеуметтік қатынастардың өзіндік көрінісі, қоғамның рухани дамуының басты көрсеткіші. Тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы шығармашылық бастамасыз мүмкін емес, ол бірегей әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде олардың әлеуметтік байланысы мен дініне қарамастан, жоғары әлеуметтік маңызды мақсаттарға жету процесінде біріктіру және қатыстыру қабілетіне ие. Мұның бәрі рухани-адамгершілігі жоғары мамандарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін мақсатты жұмысты қажет етеді. Педагогикалық колледж студенттерін кәсіби даярлауда

интеллектуалды эмоционалды ерекшеліктерін, рухани-адамгершілік даму процесінде қалыптасатын шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктеріне негізделеді. Мұның бәрі педагогикалық колледжде әр пәнді оқыту кезінде студенттердің жеке басын рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыру туралы теориялық және әдіснамалық зерттеулерді зерделеу мен рухани-адамгершілік әлеуеттерін ашатын тиімді әдіс-тәсілді әзірлеу қажеттілігін туындатады. Осы қажеттіліктер рухани және адамгершілік тетіктер арқылы жүзеге асырылады.

Әрбір халықтың өзінің рухани және адамгершілік тіректері бар. Қазақ халқының санасында осындай іргелі тіректерінің бірі - Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы.

Ыбырай Алтынсарин зайырлы халық мектептерін құрып қана қоймай, олар үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің дидактикалық принциптерін ғылыми тұрғыдан әзірледі, оқу және әдістемелік құралдарды жазды. Алтынсарин бүкіл өмірін туған халқының ағартушылығына арнады. «Қазақ халқы білім алу үшін құнарлы негіз болып табылады», - деп жазды. Алтынсарин орыс және қазақ халықтары достастығының сенімді жақтаушысы болып, орыс әдебиетін насихаттады, орыс педагог-жазушылары К.Д. Ушинский мен Л.Н. Толстойдың тәжірибесін пайдаланды.

Алтынсарин ағартушы ретінде білімге табыну және қоғамның дамуы мен әрбір адамдық даралық үшін білімнің шексіздігіне деген сенімі зор болды. Ұлы ағартушы қазақ халқының ұлттық тәлім-тәрбиесі негізінде ұлттық мектептердегі оқыту ісінің әдістемесінің іргетасын қалады. Ол Қазақстандағы мектептердегі оқыту, білім беру ісін бір жүйеге келтіруді талап ете отырып, дұрыс жолға қоя білді. Педагогтың жаңашыл әдістерінің бірі - оқытудағы оқу үрдісін ана тіліне негіздеп, орыс тілін меңгерту, оқу үрдісіндегі жаңашыл идеялардың бірі – оқулықтар мен оқу құралдарын орыс графикасына сүйене отырып, жаңа алфавит негізінде жасау болды. Оның бұл ісі – ағарту саласындағы ұлттық тәлім-тәрбие мен білім мазмұнын сақтай отырып, күнделікті оқыту ісіне енгізу еді. Өзінің әдеби шығармашылығынан басқа, «Қырғыздарды орыс тіліне оқытудың бастапқы нұсқаулығы» және «Қырғыз хрестоматиясы» (1879ж) атты ана тілінде хрестоматия құрастыруда еңбегі зор болды. Бұл кітаптарда орыс графикасы негізінде жасалған жаңа қазақ әліпбиі. Алтынсарин «Қырғыз хрестоматиясына» кіріспе мақаласында былай деп жазды: «... Жалпы білім беретін кітаптар Азия тілдерінің ешқайсысында жоқ, біз жақын орыс тілінде осындай нұсқаулықтарды іздеуге мәжбүрміз. Нәтижесінде біз нақты оқулықты орыс әріптерімен басып шығаруды ыңғайлы деп таптық, ол мақсатына тікелей сәйкес келеді, яғни. ол өзінің мазмұнымен де, алфавитімен де қайшы келмейтін көптеген ғалымдар мен пайдалы кітаптарға тікелей нұсқаулық болды». [4]

Өзінің «Қазақ хрестоматиясы» арқылы қазақ халқының арасына алдыңғы қатарлы орыс жазушыларының, ағартушыларының және педагогтардың озық шығармалары мен идеяларының кеңінен таралуына негіз қалады, Қазақстанға орыс мәденетінің таралуына баға жетпес үлес қосты. Ол К.Д.Ушинскийдің «Балалар әлемі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабын», Б.Ф. Бунаковтың «Әліппе мен оқу құралын», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» оқу құралы ретінде ұсына отырып, кейін солардың үлгісімен өзі де «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты екі оқу құралын бастырып шығарды [2].

Хрестоматияға ұлы педагог біріншіден, қазақ халқының батырлары, шешен-билерін, ертегілерді, аңыз-әңгімелерді енгізсе, екінші бөлімінде, дидактикалық әңгімелерді, үшіншіден, орыс, батыс классиктерінің тәлімдік-тәрбиелік мәні бар әңгімелерін енгізді. Ол өзінің хрестоматияға енгізген әдеби шығармаларының бәрін негізгі педагогтық ісімен тығыз байланыстыра білді. Ол хрестоматияға енгізген шығармаларды іріктеуде мына бағыттарды ұстанды: *Біріншіден*, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабардар ету. *Екіншіден*, оқушыларды адалдыққа, қайырымдылыққа, еңбекке, тапқырлыққа, ұқыптылыққа, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіру. *Үшіншіден*, бастауыш сынып оқушыларының оқып үйренуіне жеңіл және жатық әңгімелерді беруге тырысты.

Ұстаз «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» деген еңбегінде тіл үйренудің нақтылай әдісін көрсетті. Оқушыларға үйрететін сөзді таңдау, оның айтылу ырғағын айқын естіртіп, тілдерін жаттықтыру, жаттығу-дағдыландыру жұмыстарын жүргізуде пәндік және аудармашылық әдістемелерді пайдаланудың керектігін, ана тілін оқытуда жеке сөздерді оқи білуге, әр оқушының сөздің мағынасын терең түсіндіруге, сөздік қорды молайту тәсілдерін қолданудың әдістемелік нұсқаларын жасады. [4]

Ы.Алтынсарин еңбектерінде қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктерді де жазды. Соның бірі «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» атты екі еңбегі. Ыбырайдың қазақ халқының салт-дәстүрлерін зерттеудегі мақсаты дәстүрлердің озығы мен тозығын ғылыми тұрғыда талдап, өзінің көзқарасын білдіре отырып, озық тәжірибелердің құралын жасау.

Бүгінгі таңда Ы.Алтынсариннің еңбектері мектеп тарихындағы білім беру ісіндегі бет ашары, ағарту саласына жаңаша сипат берген игілікті жұмыстарының төл оқу құралдарын дайындаудағы теориялық ізденістерінің бастамасы деуге болады. Олай болса, қазіргі уақытта Ыбырай Алтынсарин мұрасын оқу-тәрбие үрдісіне енгізе отырып, педагогикалық колледж студенттерін рухани-адамгершілікке тәрбиелеу несімен өзекті? Егер, біз Ыбырай атамyzдың өткен ғасырда қалыптасқан педагогикалық көзқарастарына жүгінетін болсақ, онда олар педагогикалық теория мен практиканың жалпыадамзаттық мәселелерін көрсетіне көз жеткізе аламыз. Яғни, педагогикалық көзқарастардың тұнып тұрған мол арнасы ұлы педагог мұрасында жатыр емес пе. Әр оқытушы өзінің пән сабақтарында Ыбырай мұрасын ұтымды қолданатын болса, онда қазіргі жас ұрпақтың, әсіресе болашақ педагогтардың рухани жан дүниесінің баюына, ой-сана тазалығының дамуы зор ықпал ете алады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі талаптардың бірі - болашақ ұстаздардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтар мен ой-сана тазалығының қалыптасуын, педагогикалық қабілеттер мен терең білім негіздерінің болуын міндеттейді. Ұлы педагогтың шығармашылығы пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Сондықтан да, ұстазға қажетті педагогикалық қабілеттер мен рухани-адамгершілік құндылықтарды Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы арқылы қалыптастыруға болады.

Педагогикалық колледждерде оқытылатын негізгі пәндердің бірі – педагогика. Педагогика – адам тәрбиесі туралы ғылым деп бекер айтылмаған. Педагогика ғылымының басты міндеттерінің бірі оқыта отырып тәрбиелеу. Олай болса, Ыбырай Алтынсарин мұрасын педагогика пәнін оқытуда қолдану өте тиімді және қажет.

Педагогикалық колледждерде «Педагогика» пәнін оқытуда Ыбырай атамyzдың шығармашылығын пайдалануды қажет деу себебіміз, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» 1-мақсат «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту», -[5] деп көрсетілген. Яғни, өз сабағымызға Ыбырай шығармашылығын кіріктіру арқылы студенттердің бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, оларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу басты мақсаттарымыздың бірі болуы тиіс.

Ыбырай мұрасын қолданудың маңыздылығы:

- 1) педагогиканы оқытудағы рухани-адамгершілік білім берудің негізгі өзегі адам тәрбиесі болып табылатындықтан Ыбырай мұрасы арқылы тәрбиелеу өте ұтымды;
- 2) Ыбырай шығармашылығын оқыту үдерісіне енгізу барысында студенттердің адами ізгілік қасиеттерін қалыптастыруға, рухани дамуға ықпал етеді;
- 3) таным үрдісінің дамытады, өйткені оқытуда таным үрдісінің орны өте зор;
- 4) ұстанымдары мен принциптерін оқытуда ұлы педагог шығармаларындағы дидактикалық ой-пікірлерді пайдалану арқылы оқытудың маңыздылығын түсінеді;

5) оқыту әдістеріне қарай Ыбырай шығармасының түйінді идеяларын ендіру, сабақтарды түрлендіру, интеграциялық сабақтарды өткізудің тиімділігін меңгереді;

6) білімалушылар білім алу, оқу және оқытудағы мақсаттылықтың мәні, оның ұлы педагог шығармаларындағы сипаты мен сабақтастығын түсінеді;

7) оқыту мазмұнын жаңғыртуда ағартушының дидактикалық пікірлерін пайдалану арқылы студенттер шынайы болмысты іздеуге және бұл ізденіс өмірдің басты мақсаты екенін жете түсінетін болады;

8) білімалушыларды дұрыс әрекетке үйретуде ұлы ағартушы идеяларын қолдану арқылы білім алу, оқу, әдеп, тәртіп, мәдениеттілік, парыз бен ризашылық, дұрыс ой, дұрыс сөз айтуға бағыттауға болады.

Ыбырай атамыз адамдардың адамгершілігін өзгертудегі тәрбиенің рөлін жоғары бағалай отырып, тәрбие мен білімнің адамгершілік мақсаттарын анықтады. Ұлы педагог өзінің оқулықтарында, әдістемелік еңбектерінде жас ұрпақты тәрбиелеудегі оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін жетік көтеріп, өзектілігін шешуге ұмтылды және қазақ халқына білім берудің рөлін, оның маңызын, әлеуметтік ортаны қайта жаңғыртудағы рөлін ерекше атап көрсетті.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикаға қосқан үлесі туралы жекелей қарастыратын болсақ, онда білімалушыларға «Ұлы педагогтың еңбектері» «Ұлы педагогтың ағартушылық мұрасы», «Ұлы ағартушының педагогикаға қосқан үлесі» тақырыптарында ақпараттық немесе зерттеушілік жобаларды қорғатуға болады. Мұндағы мақсат: Ы. Алтынсарин шығармашылығында ең алдымен халыққа білім берудің маңызын насихаттаудағы ерекшелігін, жастарды білім алуға шақыруын паш ету. Сонымен қатар, Ы.Алтынсариннің демократиялық, гуманистік, ағартушылық идеялары көрсетілген әңгімелері «Бай мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй және ағаш үй», «Надандық», «Өтіріктің зияны» және басқа да әңгімелеріндегі қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін көтергендігін студенттерге талдау жасату арқылы әлеуметтік теңсіздік, надандықтың зияны, білім мен ғылымның пайдасын түсіндіру. Мысалы: «Бай мен жарлы баласы» әңгімесін талдау арқылы ұлдардың әлеуметтік жағдайына, өмір салтына, тәрбиесіне, дағдылары мен әдеттеріне байланысты мінездеріне сипаттама бергізуге болады. Қорытынды ретінде кез-келген кедергілерді жеңе алатын нағыз адамды тәрбиелейтін еңбек, ал бекершілік-жамандықтың тамыры екенін түсіндіру. Яғни, «Бай мен жарлы баласы» әңгімесі педагогикалық мақсаттарды көздейді: үйретеді және тәлім береді.

Сонымен қатар, «Тәрбие теориясы» және «Дидактика» бөлімдерінде ұлы ағартушының шығармашылығын ұтымды қолдануға болады. Әрбір өтілетін тақырыпқа байланысты Ыбырай атамыздың шығармалары мен өлеңдерін таңдай отырып, оның аудиожазбасын тыңдатып немесе оқытып, содан кейін талдау жасатсақ студенттердің ой-өрісі мен шығармашылық қиялын дамытуға, рухани-адамгершілікке тәрбиелеуге, педагогикалық ұстанымын қалыптастыруға негіз болады. Мысалы: қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға сіңіруге шақырған «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды. Осы салыстыруда педагогика сабақтарында қолдануға да болады.

*Оқысаңдар, балалар, шамнан шырақ жағылар.*

*Тілегенің алдыңнан, іздемей-ақ табылар.*

*Кел, балалар, оқылық!*

*Оқығанды көңілге, ықыласпен тоқылық! [1]*

Өлеңнің әр шумағында оқудың әр жақты пайдасын айта отырып, ақын соңғы жолдарды ылғи қайталап отырады:

*Мал, дәулеттің байлығы –*

*Бір жұтасаң, жоқ болар.*

*Оқымыстың байлығы –*

*Күннен күнге көп болар,*

*Еш жұтамақ жоқ болар.* [1]

Сөйтіп, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне еш мән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Осылай сабақтар студенттерге өмірдегі сарқылмайтын мол байлық – білім екендігін айтып, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқып, білімді толық меңгеруге, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіруіміз керек.

Білімалушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру күнделікті оқу-тәрбие үрдісіне жүйелі түрде енгізіліп, мақсатты түрде жүзеге асырылып отыруы тиіс. Мысалы: «Өнер - білім бар жұрттар» өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетіледі. Атап айтар болсақ, «Сарай салғызды», «Айшылық алыс жер», «Көзіңді ашып жұмғанша», «Құстай ұшу», «Балықтай жүзу», «Өнер- жігіт көркі», «Сіздерге бердім батамды» т.б тіркестер арқылы жақсы мен жаманды, білімділік пен надандықты салыстыра суреттеу әдісін қолданып, теңестірулер жасату, өлеңдердің көп тіркестерін мақал-мәтел ретінде пайдалануымызға болады. Сонымен қатар, студенттерге ұлы педагогтың жастарды осыған сендіруге тырысуын, тек білім адамды құдіретті, бақытты ете алады деген ой-пікірін түсіндіруіміз қажет.

Ыбырай Алтынсариннің бір алуан өлеңдері әлеуметтік мәселелерге арналған. Оған «Өсиет өлеңдер», «Әй, жігіттер» тәрізді өлеңдерін атауға болады. Мұндай өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық-қарлықты, астамсу, әділетсіздікті сынап, еңбексіздікті, естілікті салттардың зияндығын көрсетіп, адал-еңбектің адамгершілік мінез- құлықтың артықшылықтарын бейнелейді. Ыбырай атамның мұндай өлеңдері бүгін де ескірмеді, мән-мағынасы көнерді деп те айта алмаймыз. Сондықтан да, болашақ педагогтарға ең бірінші орында ар-ождан тазалығын сақтауға, оқу-тәрбие үрдісінде өз жұмысына деген жоғары жауапкершілігін сезінуге, іс-әрекетіне түзетулер енгізе білуге, өз-өзін басқара алу қабілеттілігіне ие болуға, сын-пікірге және оны дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеуіміз қажет. Ыбырай Алтынсариннің осындай зор мағыналы идеялары қазіргі таңда өте өзекті және біздің заманымызға дәлме-дәл келеді. Әрине, бай болуға және ақша табуға деген ұмтылыс жаман емес, бірақ көбінесе есеп пен пайда табу жолында шынайы рухани асыл қасиет ар-ожданыңды жоғалтып алудың қауіп де туады. Сондықтан, қазіргі білім рухани-адамгершілік тәрбиесімен байытылып, оқу-тәрбие үрдісінде ұлы педагог шығармашылығы арқылы ар-ождан тазалығы туралы түсіндіріп отыру өте маңызды.

Білімалушылардың көңілін табиғаттың сұлу көріністеріне аудару арқылы ел сүю, жер сүю, Отан сүюге тәрбиелеудің мол үлгісі десекте қателеспейміз. Табиғат туралы өлеңдері арқылы білімалушылардың бойында табиғатты, Отанды сүю сезімдерін тәрбиелей отырып, табиғат көрінісін жалаң алмай, адамдардың тіршілігімен байланыстыра салыстырту қажет. Сол арқылы табиғат пен адамның байланысын, табиғаттың адам ісіне, еңбекке, ой-сезіміне тигізер жанды әсерін сипаттатуға болады.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт-өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. Осы тұста «Еңбек тәрбиесі» тақырыбын өткен кезде «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесі арқылы ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсетіп, үлгі ету, «Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», – дегендей құр уақыттарын босқа өткізбей, ерінбек білім алуға, көп ізденіп оқуға жұмсау керектігін түсіндіруіміз керек. Сонымен қатар, «Атымтай жомарт» әңгімесі арқылы еңбек адамының үлгісін көрсету, ал «Әке мен бала» әңгімесі негізінде білімалушыларды бойкүйез, жалқау болмауға, еңбекқор болуға үндей отырып, олардың педагогикалық іс тәжірибелерден өту кезінде және оқу орнын бітіргеннен кейін дербес педагогикалық іс әрекетті ұйымдастыру барысында меңгерген теориялық білімдерін практикалық тұрғыда көрсете білу және

педагогикалық қызметтің нәтижесін көру еңбектенудің арқасында ғана келетінін түсіндіруіміз қажет.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин шығармашылығын пайдаланудың мүмкіншіліктері өте көп, Әр әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелейтін болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез-құлыққа бағыттау, халқын сүю махаббат-мейірім, парыз және т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтығанын көреміз. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз заманының келелі мәселелері. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке т.б. ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Яғни, педагогикалық үрдісте Ыбырай Алтынсарин мұрасы арқылы студенттердің ғылыми дүниетанымын, мінез-құлқының бағалы негіздерін, оқуға, еңбекке, табиғатқа, өз-өзіне, басқа адамдарға дұрыс қатынасын қалыптастыру рухани тәрбиелік шарттардың бірі деп санаймыз. Сонымен қатар, рухани адамгершілік тәрбиенің шарты оқу-тәрбие жұмыстарының өмірмен тығыз байланыста жүргізу, жаңа нәрселерді дұрыс қабылдап, ескі нәрселермен күресуге да дайындау, ұлы педагог мұрасы негізінде саналы ой мен көзқарасты қалыптастыру болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Айтмамбетова Б. Ыбырай әңгімелерінің тәрбиелік мәні. -А., 1991.
2. Әбиев Ж. Ыбырай шығармашылығының педагогикалық мәні. –Алматы, 2000
3. Әтемова Қ. Ы.Алтынсарин әңгімелер жинағы. Қаз. мем. 1-1996.
4. Бержанов Қ., С. Мусин. Педагогика тарихы. -А.: Мектеп, 1984.
5. <https://adilet.zan.kz/>

### **Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ –ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ**

Данекенова Жанар Гауезхановна,  
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы,  
педагогикалық ғылымдардың магистрі,  
«Қостанай қызмет көрсету саласының колледжі»ҚМҚК  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс әрекетті қалыптастыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы мәселелер ауқымындағы ой пікірлерін зерделеу, сипаттау, таразылау, жинақтау, оларды қоғамдық іс – тәжірибе шеңберіне енгізу.

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындалудағы ең бір пәрменді құрал – оқу, тәлім – тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы – педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі – адамның өзара қарым – қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл – парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім – тәрбиесін, үлгі – өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Ы. Алтынсарин шығармалары халқымыздың салт – дәстүрі, әдет – ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Ы.Алтынсарин қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам

деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын жақсы ұғынды. Сондықтан жазушы өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды.

Жазушы әңгімелері еңбек сүюшілік, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын – елін сүюшілік, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетті. [7, 146.]

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Балаларды жастайынан – ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Жазушы «Атымтай жомарт» әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап әңгіме етіп ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен айқын көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен» - дейді. [6, 556.]

Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар», - деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап – жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабың мен өрге шық дегенді айтады. Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», - деді. Бұл жөнінде де елге үлгі болар әңгімелер жазды. Махаббат, мейірімділік туралы, әсіресе, «Мейірімді бала», «Шеше мен бала», «Аурудан – аяған күштірек» деген үш әңгімесін алуға болады. Ыбырай Алтынсарин балалар әдебиетіне тән көп шығармалар жазды. Бұл шығармаларды жазуда алдына үлкен мақсаттар қойды. «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың қарықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін», - дейді. Алтынсариннің барлық өлеңдері мен әңгімелерінің мазмұнында өзі айтқан осы идея баяндалып отырады. [2, 346.]

Халықты және олардың жас өрендерін оқуға, өнер – білімге шақыруда Ыбырайдың ұран салып, ту етіп көтергені, әрқашан жаңарып, түрленіп, құлпырып, оқыған сайын сүйсіндіріп отыратын, ескірмейтін еңбегі: «Кел, балалар, оқылық», «Өнер – білім бар жұрттар», «Әй, достарым», «Әй, жігіттер» деген өлеңдері. [3, 236.]

Ыбырай бұл өлеңдерінде алдымен сауат ашу, оқыту мәселесін бірінші орынға қояды, баланы оқыту барысында тәрбиелеу керектігін түсіндіреді. Оның өлеңдері мен әңгімелерінің қай – қайсысы болмасын балаға тәртіпті, үлгілі, өнегелі кісі болуды уағыздайды.

Баланы жан – жақты түсінігі бар, айтқанды тез ұғатын, қабілеті күшті азамат етіп шығару үшін, алдымен оқыту керек. Ол сонда ғана тәртіпке түсінетін, оған мойын ұсынатын саналы азамат болып қалыптасады. Оқудың пайдасы, оқу арқылы баланың көп нәрсеге жетілетіні жайында Ыбырай шығармаларында азайтылмаған. Оқыған, мәдениетті азаматтың өмір сүруіде, еңбектенуіде ана ғұрлым жеңіл және көңілді болатынын ескертеді. [5, 106.]



Ыбырай Алтынсариннің «Жаз», «Өзен» деген өлеңдері де өлкетану, айналадағы табиғат құбылысына құрметпен зер салуға бағытталған тәрбиелік орны бар, баланы әр алуан іске баулитын әсерлі шығарма.

Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай – жарқында жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, қазір де сол асыл да абзал ерекшеліктерін өз бойында сақтауда. Өйткені, әрбір ұлы адам адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан, олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға алыстан қол созып, «Жол болсын!» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктеп, мән мағынасымен қадір – қасиеті арта түседі. Мәдениетіміздің тарихында Ыбырай Алтынсарин дәл осындай үркердей санаулы санлақтардың бірі. [1, 206.]

Ыбырай Алтынсарин қалдырған мәдени мұра бүгінгі өскелең қауымның қолына жеткенше талай кезеңді басынан кешірді. Бір ағартушы есімі қай кезде де халықтың көңілінен тыс болып көрген жоқ. Соның нәтижесінде оның жас ұрпақ, жаңа қауымға қалдырған мұрасы қандай жағдайларға душар болғанына қарамастан ескірмей, өшпей бүкіл асыл қасиеттерін өз бойында сақтап, уақыт, дәуір сынынан толық өтіп біздің бақытты заманымызға жетті.

Ыбырай Алтынсариннің еңбегі, әдеби шығармаларының бірден – бір жинағы, қазақ жазба әдебиетінің төл басы «Қазақ хрестоматиясы» екенін мақтанышпен айтамыз. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жинаған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі - Ыбырай. [2, 406.]

Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат. Оның қай шығармасы болса да, баланың тіл мәдениетін көркейтуге, дамытуға әсері мол. Өзі өшсе де сөзі өшпейді дегендей, өзі жоқ болса да біз үшін оның еңбектері мәңгі өшпейтін мұра болып қалмақ. Сол мұрадан сусындаған ұрпағымыз білімді де ойлы, зерделі де тәрбиелі болып шығатынына сенімдіміз. «Ақын бол, болма өз еркін, азамат болу міндетің» демекші, ұстаз міндеті әр баланың өз орнын тауып, үлкен азамат болуына үлесін қосу. Ұрпақ тәрбиесі-ұлттың болашағы. Ендеше сол ұрпақ үшін ұстаз қауымына артылатын жүк оңай емес. Жақсы оқушы, жақсы азамат тәрбиелеу-уақыт талабы. Қазақтың оқу-саласының апостолы Ы. Алтынсарин мұраларын жеткізе зерттеп, оны ұстаздардың ұстазы деп қастерлеу, қадір тұту біздің міндетіміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ы. Алтынсарин «Таза бұлақ» жин. Алматы, Жазушы, 1988ж.
2. Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
3. Ы. Алтынсарин «Өнер – білім бар жұрттар». Алматы, Жалын, 1991ж.
4. Ы. Алтынсарин «Екі томдық шығармалар жинағы». Алматы, 2003ж.
5. Ы. Алтынсарин тағлымы. Құраст.: Жармұхамедов М. Алматы, 1991ж.
6. Ы. Алтынсарин . Таңдамалы шығармалары.
7. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, «Жазушы», 1989ж. I том

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, АУДАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

Есімхан Майнұр Дауылбайқызы  
Игисина Шолпан Шаймерденовна,  
«Қазтұтынуодағының Қостанай жоғары колледжі" мекемесінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары,

Қазақ даласында мәдениет пен оқу – ағартудың туын көтеріп, халыққа білім беру, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау ісінде үлкен өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің мұралары отызыншы жылдарға дейін арнайы зерттелмеген еді. Ол тек қырқыншы жылдардан бастап қана қолға алынды. Орта мектептерге арналған Қ.Жұмалиев пен С.Мұқанов, С.Исмаиловтың әдебиет кітаптарында Ыбырай Алтынсарин шығармалары талданып, олардың мазмұны мен мақсаты, идеясын ашып көрсетуге алғашқы талпыныстар жасалды. Тарихшылардың ішінен Ыбырай Алтынсариннің өмірі, ағартушылық, жазушылық қызметі мен жазысқан хаттары туралы архивтік деректерге сүйене отырып, дұрыс та дәйекті тағылым жаза бастаған Бекежан Сүлейменов еді.

Жалпы алғанда Бекежан Сүлейменовтың Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның мәдени дамуы және қоғамдық ойдың даму тарихы бойынша еңбектерін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. 1945 жылдан бастап 1957 жылға дейінгі аралықта бірінші кезеңде ғалым тақырыпқа байланысты 13 ғылыми – көпшілік еңбек жариялайды. Соның ішінде Ыбырай Алтынсариннің таңдамалы шығармалары жинағын қазақ (1955 жылы) және орыс тілінде (1957 жылы) дайындап шығарады. Екінші кезең 1957 жылы Ыбырай Алтынсариннің таңдамалы шығармалары жинағы жарық көргеннен кейін, Бекежан Сүлейменовтің осы тақырып бойынша зерттеуді тереңдетіп, түрлі қырларын кеңейткендігімен ерекшеленді.

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасы жөнінде Б.Сүлейменов 30 – ға жуық ғылыми, ғылыми – көпшілік еңбектер жазды. Ол ең алғашқы болып Ыбырай Алтынсаринді қоғам қайраткері ретінде танытқан зерттеушінің бірі еді. Сондай – ақ Б.Сүлейменовтың Алтынсаринтанудың деректік негізін қалап, баға жетпес үлес қосқанын. Профессор Ә.Ламашев ғалымның осы еңбегі жөнінде былай деп жазды: *«Алтынсариннің мұраларын іздеуге, табуға, жинауға, жариялауға тарихшы Бек Сүлейменов ерекше үлес қосты. Ол Ленинград, Москва, Қазан, Орынбор, Чебоксары және республикамыздың бірнеше қалаларындағы архивтерде, кітапханаларда болып, мол материалдар жинады. Солардың негізінде Ыбырай Алтынсариннің 1943, 1948 жылдары баспадан шыққан «Таңдамалыларын» қайта қарап, толықтырып, алғы сөзбен түсініктеме жазып, 1955 жылы ұсынды. Академиялық үш томдығын орыс тілінде жариялады.»* [1]

Бекежан Сүлейменов зерттеулері негізінде 1975 – 1978 жылдары Ыбырай Алтынсариннің толық шығармалар жинағы шықты. Бекежан Сүлейменовтің соңғы еңбегі 1980 жылы жарық көрді. Ол – «Ыбырай Алтынсарин – түрколог ғалым» мақаласы.

Ыбырай оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда дүние жүзі педагогика классиктері: Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой тағы басқа педагогтардың гуманистік идеяларын басшылыққа алып, оларды қазақ даласында мектеп өміріне енгізген тұңғыш педагогтың бірі болды.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасынан да бүкіләлемдік тәлім – тәрбиенің алтын дінгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптерінің көрініс тапқаны байқалады. Мысалы, өзінің екі кластық мектептердің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында ол: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді...

Оқытушыларды бағалағанда олардың іске мәнді қатынасы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың біліміне қарап бағалау керек» - деп жазған еді, ал Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Мен балаларды жазалауды сүйетін қатал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсен, балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың», - деген Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалап: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, ол - мектептің жүрегі» - деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жоқ. [3]

*Ыбырай Алтынсариннің төл туындыларымен қатар көптеген аудармалары да бар.*

Халықты сауаттандыру, сана – сезімін ояту, рухани өмірін дамыта түсу мақсаттарында жазған хрестоматиясында Ыбырай Алтынсарин орыс тіліндегі әртүрлі оқулықтардан сырттай үлгі алумен тынған жоқ. Осы іздену үстінде ол орыс мәдениетінің қазақ арасына енуіне жол ашты: орыстың алдыңғы қатардағы жазушылары мен үлкен ойшылдарының, ағартушылары мен педагогтерінің еңбектерін қазақ даласына алып келді; оларды қазақ тіліне аударып, дала өміріне сіңістірді.

Ыбырай Алтынсарин И.Крыловтың «Егіннің бастары», «Қарға мен түлкі», «Қайырымды түлкі», Лев Толстойдан «Полкан деген ит», «Силинші», И.И.Дмитриевтен «Екі шыбын», орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан «Тәккаппаршылық», «Дүние қалай етсең табылады», «Талаптың пайдасы», «Үш ұры», «Алтын шеттеуік», «Аурудан – аяған күштірек», «Әке мен бала», «Білгеннің пайдасы», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Жаман жолдас», «Мейірімді бала» сияқты көптеген шығармаларды аударды.

Бұл шығармалардың барлығы да әрі қысқа, әрі көркем, баланың жас ерекшелігі мен білім көлеміне сай, түсінуге жеңіл, тәрбиелік жағынан шебер құрылған шығармалар.

Аударманың тарихи категория екені мәлім. Халықтың мәдени өмірі мен рухани тілегінің өсуіне байланысты аударма да дамып отырады. Аудармаға қойылған белгілі бір дәуірдегі талап, халықтың мәдени өмірі өсіп, кемеліне келген екінші бір дәуірде қоғам тілегін қанағаттандыра алмауы мүмкін. Сондықтан әрбір аудармаға (демек, Ыбырай Алтынсариннің аудармаларына да) баға бергенде өз дәуірінің талап – тілек дәрежесі тұрғысынан қарауға тиістіміз.

Аударманың алдына қоятын негізгі мақсаты – сол тілде оқитын оқушыны басқа бір тілде жазылған шығармамен таныстыру. Бұл таныстырудың өзі әр кезде әртүрлі мөлшерде болған. Өсіресе, өткен ғасырда, халықтардың мәдени дәрежесі әр сатыда тұрған кезде, аударманың «дәл шығу мөлшері аудармашының негізгі мақсаты мен мәтіннің өзіндік ерекшелігіне және аударманың қандай оқушыға арналуына байланысты болған». Соның нәтижесінде ХІХ ғасырда көптеген аудармашылар шығарманың оқушыға жақын, тартымды шығуына көбірек көңіл бөлді.

Ыбырай Алтынсарин де осы принципті ұстады. Ол өз кезіндегі қазақ оқушыларының білім дәрежесі жағынан орыс оқушыларынан көп кейін екендігін ескермей кете алмады. Осының нәтижесінде ғана ол алғашқы кезде қазақ оқушылары үшін тәрбиелік күші басым, қысқа тартымды шығармалар пайдалы деп санады және осы мәндегі әрбір аудармалық шығарманың түсінікті, қарапайым түрде шығуын қадағалады. Бұл тұрасында хрестоматияның алғы – сөзінде ол былай деп жазған еді: «Кітапқа енгізілетін әңгімелердің басым көпшілігі қазақтар рухында болуын көздедім. Сондықтан да ол үшін әңгімелерді тандап алу аз қиындық келтірген жоқ. Әрбір жеке шығарма туралы жан – жақты ойлап қорытынды жасау қажет болды».

Ыбырай Алтынсариннің білім дәрежесі жағынан өте төменгі сатыда тұрған қазақ оқушыларына лайықты шығармалар іздеуі, басқа тілдегі кейбір шығармаларды олардың дүниетануы мен біліміне сәйкестендіріп аударуы дұрыс та еді. Ұлы сыншы В.Г.Белинский жастар үшін өзге тілден аударылған шығарманың оқушы өміріне жақын шығуын, оның дүниетанушылық ерекшелігіне толық үндесуін талап еткен болатын. Мұнсыз аудармаларды ол өлі еңбек деп санаған еді. [4]

Реакциялық бағыттағы педагогтердің еңбектерін аудармай, дүниежүзілік мәдениеттің көрнекті қайраткерлері мен белгілі педагогтерден аударма жасауы Ыбырай Алтынсариннің айқын прогресшілдік бағытта болғандығын өз - өзінен – ақ дәлелдей алады.

Ыбырай Алтынсарин бұл ағартушылардың еңбектерін педагогикалық жұмысында да кеңінен пайдаланды. К.Д.Ушинскийдің жастарды тәрбиелеудегі принциптерін Ыбырай

Алтынсарин қазақ даласында тұңғыш рет қолданды. Олар ағартушының аудармаларынан да анық байқалады.

Ыбырай Алтынсарин жас өспірімдерге адамгершілік рухында тәрбие бере алатын еңбектерді ғана аударды және осы аудармалары арқылы Ыбырай Алтынсариннің қандай нақтылы тәрбие мәселелеріне көңіл бөлгендігін де біле аламыз. Оның аудармаларының негізгі тақырыптары еңбек, адамды сүйе білу, кішіпейілдік, қарапайымдылық, үлкенді сыйлау, жолдасты қадірлеу т.б. болды. Бұл мәселелер Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының озық сыйпатын танытады. [5]

Ыбырай Алтынсарин әр шығарманы аударарда, ең алдымен, оның тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлді. Аудармашының бұл талабын кез – келген әңгіменің көтеретін мәселесінен – ақ байқауға болады, Л.Н.Толстой мен И.И.Паульсонның әлсіз шығармаларын аударуда да Ыбырай Алтынсарин осы біржақты талаппен келіп, ол шығармалардың жалпы мәнін байқай алмады, өйткені олар тәрбие мәселесін көтеруі жағынан бағалы да болатын: оқушыны әділдікке, қарапайымдыққа, тапқырлыққа баулуды көздейтін. Ыбырай Алтынсарин бұл әңгімелердің осы қасиеттерін жоғары бағалап, оларды қазақ тіліне аударды.

Ыбырай Алтынсарин Л.Н.Толстойдың шығыс аңыздары мен ертегілері негізінде жазған әңгімелерін аударды. Ол бұл шығармалардың қазақ оқушылары үшін қай жағынан да айрықша қиындық туғызбайтындығын ескерген тәрізді.

Ыбырай Алтынсарин аудармаларының тақырыптарына қарап, олардың түп нұсқаларын табу қиын, өйткені ол көптеген аудармаларының тақырыбын өзгертіп, өзінше алған. Оның бұл әрекеті шығарманың тақырыбын оқушының көңілін бірден аударарлықтай дәрежеге жеткізу талабынан туған және әңгіме идеясының тақырып арқылы айқын белгіленіп тұруын қадағалаған. Мысалы, ол И.И.Паульсонның хрестоматиясынан аударған «Вежливость украшает всякое состояние» деген әңгімені «Әдеп», «Первый русский гоф – малер» әңгімесін «Талаптың пайдасы», «Сапожные гвозди» әңгімесін «Білгеннің пайдасы», «Два друга и медведь» әңгімесін «Ақымақ дос» деп алды т.б. Осы келтірілген түп нұсқалар мен аудармалардың тақырыптарына қарағанда, аудармалардағы тақырыптар әлдеқайда жеңіл және оқушысын тарта алатындай дәрежеде шыққан. [6]

Атап айтқанда, бірінші әңгіменің түп нұсқадағы тақырыбы тым ұзақ, шұбалаңқы, ал аудармада керісінше. Бірақ соның өзінде ол ұтымды, әңгіменің негізгі мәселесін дәл және тартымды жеткізіп тұр. Екінші әңгімеде түп нұсқа кейіпкердің атымен аталған, ал аударма әңгіменің идеясына байланысты аталған. Мұның себебі: аудармашының негізгі мақсаты – орыстың бірінші суретшісінің өмірін дәріптеу емес, оның зор талап арқылы үлкен нәтижеге жеткенін ғана айту, сол арқылы оқушыны талаптылыққа шақыру.

Ыбырай аудармалары дала өміріне қазақ жазба әдебиеті қалыптаспай тұрған кезде келіп, сол әдебиеттің тууына және идеялық жағынан нығая түсуіне жан – жақты әсерін тигізді. Қазақ жазба әдебиетінің алғашқы негізі болып саналатын Ыбырай Алтынсариннің өз шығармаларының осы аудармалар арқылы, басқаша айтқанда, орыс әдебиетімен тікелей танысуының нәтижесінде туғандығы белгілі. Ол орыс әдебиетімен шығармашылық байланыс жасай отырып, одан идеялық сабақ алды, аударма жасау үстінде өзінің жазушылық шеберлігін жетілдіре түсті, сөйтіп аударма өнері қазақ жазба әдебиетінің дамуына әсер етті, яғни Ыбырай Алтынсариннің аудармаларынан қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына орыс әдебиетінің тигізген зор көмегін көреміз.

Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абайдың орыс әдебиетімен жалпы шығармашылық қарым – қатынасы арқылы, көркем аудармалары арқылы қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетінің арасында көптен өмір сүріп келе жатқан дәстүрлі әдеби байланыс бар екенін көреміз. Мұның өзі ауыр күндерде қалыптасқан халықтар арасындағы тарихи достықтың бір сабағы ретінде қаралуға тиіс және өз алдына зерттеуді қажет ететін мәселе, өйткені орыс әдебиеті қазақ әдебиетіне тек Октябрь революциясынан кейін ғана ықпал етіп қойған жоқ, онан бұрын да тамаша әсерін тигізді, оның дамуына жағдай жасады. Сондықтан да бұл екі әдебиеттің арасында әлі толық зерттелмей келе жатқан бір ғасырға жуық әдеби байланыс тарихы бар деп білеміз.

Ыбырай Алтынсариннің аудармалары қазақ әдебиетінде аударма өнерінің де өзіндік тарихы, өсу жолы барлығын танытады; олар бүгінгі өскелең аудармамыздың басқышы болып саналады. Ыбырай Алтынсариннің аудармалары мен қазіргі аудармаларды салыстыра отырып, біз қазақтың тілі мен мәдениетінің, дүниетану парасатының дамығанын, сондай – ақ, аударма өнерінің де тарихи санат (категория) ретінде өсіп, жетіліп келе жатқанын анықтап білеміз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ламашев Ә. «Алтынсарин туралы естелік». Алматы, 1991ж.
2. Б.Сүлейменов. Ыбырай Алтынсарин – түрколог ғалым
3. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
4. Дербісалин Ә. «Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы». Алматы 1958ж.
5. Талжанов С. «Тұңғыш ағартушы және аудармашы». Бастауыш мектеп, №2, 266 – 267б.
6. Ә. Дербісалин Ы.Алтынсарин. Алматы, 1965 ж.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ НЕГІЗ РЕТІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ**

Жаксалыкова Кунсулу Салыковна  
теміржол пәнінің оқытушысы  
«ҚИНЭУ кәсіпкерлік колледжі» ЖМ  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұраға үндеу бүгінде бұрынғыдан да өзекті. Қазіргі уақытта білімнің тарихи негізіне жүгіну қажет, өйткені тарихи педагогикалық мұраны түсінусіз жас ұрпақты адам мұраттарымен таныстыру мүмкін емес. Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылық жолы, өмірбаянының жеке беттері, философиялық және педагогикалық көзқарастарының жеке аспектілері ерекше қызығушылық тудырады және қазіргі тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді.

Ыбырай Алтынсариннің тағдыры – одан кейін өмір сүріп, өмір сүргендердің барлығына өнегелі үлгі. Бұл-өз халқына риясыз қызмет етудің үлгісі.

Оның бүкіл өмірі мен қызметі Ы.Алтынсарин өз халқына қызмет етуге арнады. Қиын, кейде алғыссыз жолды – өз халқының ағартушылығын таңдап, Ұлы мұғалім бір хатта былай деп жазады: "...Мен өзімнің байырғы нанымдарымнан және туыстарыма Менің күшім жеткілікті болғанша пайдалы болуға ұмтылудан бас тартпаймын".

Көрнекті қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тарихына жаңашыл педагог, этнограф-ғалым, ақын, фольклорист, прозашы және орыс классиктерінің аудармашысы ретінде енді.

Ыбырай Алтынсарин тек ұлы ұстаз ғана емес. Ол қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі, кириллицаға негізделген қазақ грамматикасын жасаушы.

Бастамасы бойынша және тікелей қатысуымен Ы.Алтынсарин Қазақстанда Халықтық зайырлы мектептер желісі құрылды. Ол нақты шындық туралы сенімді білім бере алатын зайырлы білімге басымдық берді: "табиғи ақыл тек айналасындағыларды құшақтай алады, оны дамытып, тануға қабілетті етеді және ол көрмеген нәрсені тек зайырлы білім бере алады...

Мектептер – қазақтар білімінің басты серіппелері, оларға деген барлық үміт, олардағы халқымыздың болашағы". Маңызды мағынасы Ы.Алтынсарин оқушыларға адамгершілік тәрбие берді. Ол оқушыларда адамгершілікті, еңбекке адалдықты, Отанға деген

сүйіспеншілікті тәрбиелеуге тырысты. "Мен бар күшіммен тырысамын, – деп жазады ол, – олардың моральсыздығына әсер ету үшін, олар кейіннен пара алмауы үшін" [1, 221 -222].

Б.Алтынсарин зайырлы халық мектептерін құрып қана қоймай, олар үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелік принциптерін әзірледі, оқу және әдістемелік құралдар жазды. Өзінің алғашқы оқулықтарын қазақ тілінде басып шығарумен: "Қырғыз оқулығы" (1879; 2-басылым., 1906) және "қазақтарды орыс тіліне үйретуге алғашқы басшылық" (1879) ол қазақ халқының рухани өміріне үлкен үлес қосты.

Б.Алтынсарин тіл өз тарихында халықтың өмір сүру процесінде жинақталған қазына деп есептеді, сондықтан халықтың өмірі мен оның "ең ұлы тәлімгер" ретінде дамуы үшін ерекше мәнге ие, рухани және адамгершілік тәрбиенің, балалар мен жастардың дамуының сарқылмас көзі болып табылады.

Ыбырай Алтынсариннің рухани мұрасы баға жетпес тәрбие-білім беру мазмұнын білдіреді, адамның жемісті және қиын өзін-өзі тануының үлгісі болып табылады.

Ойшыл, мұғалім ретінде Б.Алтынсарин адамның парасатты болмыс ретінде қоршаған әлемге қатысты танымдық қабілеті бар екенін түсінді. Жылы сұрақтың жауабын түсіндіру " бұл бүкіл әлемді қандай күш қозғалысқа келтіреді, әлем неге соншалықты әдемі және үйлесімді?"ол презентацияның қол жетімді түрін таңдады – өлеңдер мен қысқа әңгімелер түрінде. Олардың ішіндегі ең танымалы – " Кел, балалар, үйренейік!». Онда адамның өміріндегі білім мен ғылымның пайдасы туралы айтылады, ол адамның қолында ашық жанмен қоршаған әлемді ғана емес, сонымен бірге өзінің және айналасындағылардың рухани принциптерін де білуге мүмкіндік береді.

Ол адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттері басқаларға үлгі болуы керек, басқаша айтқанда, олар адал, әділ, қоғамға қызмет етуі керек деп тұжырымдады.

Сондықтан Б.Алтынсарин өз өмірінің мәні, өз халқының өмірі туралы жиі ойлайтын. Ол мақсатсыз емес, тек өзі үшін ғана емес, қоғам үшін де пайдалы өмір сүруге тырысты. Өз өмірінің мәнін анықтай отырып, ол "білім" іздейді, "отандастарына жақсылық" жасауды мақсат етеді, бүкіл өмірін халықты ағарту ісіне арнайды, олардың адамгершілігіне де әсер етуге тырысады.

Б.Алтынсарин адамның жағымсыз қасиеттеріне мақтану, адалдық сияқты әрекеттерді де жатқызады. Ол "байлықпен" мақтанбау керектігін жиі байқайды, өйткені егер сіз өмір сүрсеңіз, "сәттілік сізді кенеттен тастап кетеді" деген ақылға қонымсыз.

Өз ойларында ол адамның денесі, жүрегі мен ақыл-ойы еңбекті қажет ететінін түсінді, ал бұл жұмыс адамға қол жетімді және оның жалғыз лайықты бақыты.

Сондықтан оның көптеген әңгімелері "еңбекқорлық сияқты" адам бойындағы тәрбиеге арналды. Оның әңгімелерінің кейіпкерлері бақытқа тек еңбек арқылы қол жеткізеді, еңбек арқылы үлкен моральдық қанағат алады [4, б.157].

Сонымен қатар, ол еңбек тәрбиесін жүзеге асыру барысында отбасы руханият пен адамгершіліктің салауатты негізін қалыптастыратынын дұрыс байқайды. Еңбекте және еңбек арқылы тәрбиелеу, оның пікірінше, өмірге моральдық көзқарасты анықтайды, өйткені өмір адамды қарапайым қадір-қасиетінен оңай айырады.

Еңбек отбасында, деп мәлімдеді Б.Алтынсарин, өмірлік белсенділік пен тәуелсіздік, жерге деген сүйіспеншілік, жолдастарына өзара көмек сезімі, үлкендердің тәжірибесіне құрмет сияқты жеке тұлғаның адамгершілік жағымды қасиеттері қалыптасты, түсіністік пен тапқырлық, практикалық ақыл мен еңбек ептілігі дамыды.

Бұл оның "Қыпшақ Сейітқұл", "Киіз үй және ағаш саятшылық", "Байдың ұлы және кедейдің ұлы" әңгімелерінде айқын көрсетілген. Әңгімелер мен өлеңдер Б.Алтынсарин алаңдататын моральдық идеяларға жат. Батыр, ақылды, табиғатынан түсінікті, тапқыр, ол әрдайым еңбек адамдарының ортасынан шығарады, өткір және дәл сөздерді табады, бай ортадан адамдардың моральдық деформацияларын көрсете және мазақ ете алады.

Бұл өте үлкен мән берді Б.Алтынсарин бала тәрбиесі оның қолында екенін атап өтті.

Жоғары бағалайды Б.Алтынсарин қазақ отбасының үздік дәстүрлері: ол баланың ата-ананың сүйіспеншілігі мен сүйіспеншілігіне құқығы, балалардың ата-аналарға қатысты

міндеттері туралы терең сеніммен айтады. Құрметпен, тіпті құрметпен Ы.Алтынсарин "Ананың махаббаты" өлеңінде қазақ отбасының ғасырлық әдет-ғұрпы сипаттайды. Ананың бейнесі онда Отанның бейнесімен байланысты.

Нәрестені кім еркелетеді,

Түнде ұйқыдан ояну.

Кім баланы абайлап атқа отырғызады[3].

Тұлғаның рухани-адамгершілік дамуында әдеби шығармалардың баға жетпес мүмкіндіктері бар Ы.Алтынсарин және ол жинаған ауызша халық шығармашылығының үлгілері.

Оның шығармалары, сондай-ақ аңыздар, эпостар, ертегілер, мақал-мәтелдер, әндер, халық әншілерінің, әңгімешілерінің айтыстары балаларда адамдарға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың жоғары сезімдерін, жанқиярлық сезімін, адамгершілік пен әділеттілікті, қарапайымдылық пен адамгершілік қатынасты тәрбиелейді.

Балаларды білімді игеруге шақырады: "Біліңіз: тек сауатсыз адам соқыр, қараңғыда жүреді", адалдық, жауапкершілік, әділдік, шындық, шынайылық сияқты жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады. Олардың айтуынша Ы.Алтынсарин, Құдайдың еркі емес, тұрақты және мақсатты тәрбие балалардағы ең жақсы адамгершілік және моральдық-этикалық қасиеттерді қалыптастырады [4].

Барлық рухани-адамгершілік ілімдер Ы.Алтынсарин адамға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімімен, гуманизм сезімімен қаныққан. Оның айтуынша, тәрбие сананы жарыққа шығаруы керек, сондықтан жақсылық айқын көрінеді, өйткені жақсылық пен құрмет ерекше орын алады. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің міндеті Ы.Алтынсарин балаларда халық алдындағы, мемлекет, қоғам, отбасы, ұжым алдындағы, өз алдындағы борыш пен жауапкершілік сезімі сияқты қасиеттерді қалыптастыруды қарастырды.

Мәселен, фольклорлық материалға негізделген "Қарабатыр", "Қара қылыш", "Қобаланды" әңгімелері патриоттық сезімдерді оятып, берік ерік-жігерді, берік мінезді тәрбиелейді.

Барлық осы қасиеттер Ы.Алтынсарин өзінің педагогикалық еңбектерінде бір-бірінен оқшауланған рухани-адамгершілік тәрбие объектілері ретінде емес, жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбиелеудің бірыңғай процесінің тараптары ретінде қарастырды.

Ы. Алтынсариннің есімімен Қазақстанда әйелдер білімінің басталуы да байланысты. Еңбекке деген құрмет, халыққа қызмет ету, өз ісіне деген сүйіспеншілік оның өмірінде, сондай-ақ әңгімелерінде ерекше көрінді. Ағарту жүйесін жақсарту туралы әрбір жаңа ой нақты сөздер мен әрекеттермен қолдау тапты. Бұл оның "Жомарт адам" әңгімесінде сипаттайтын шынайы көшбасшы ретіндегі қасиеттерін көрсетті [6].

Өзінің педагогикалық қызметінде Ы.Алтынсарина мектептердегі барлық оқу және тәрбие процесінің негізгі қозғаушы күші ретінде мұғалімнің рөліне зор мән берді. "Біздің ісімізде қырғыз мектептерінің болашағы зор, – деп жазды Ы.Алтынсарин, көп жағдайда қазір қалыптасқан бастамаға байланысты; осыны ескере отырып, мен қазір жақсы мұғалімді бәрінен де қымбат бағалаймын. Халық мектептері үшін мұғалімдер бәрін құрайды" [7, Б. 107].

Ы.Алтынсарин өз Отанының нағыз патриоты болды. Оның қазақ халқына деген сүйіспеншілігі шексіз болды. Ол өз халқының азабын жан-тәнімен сезінді және оған пайдалы болған кезде қуанды. Адамгершілікті қалыптастыру жолы да күрделі.

Ы.Алтынсарин нағыз шығармашылық қиғас және оның титаникалық күш-жігері қазақ халқын ағартуда орасан зор оң рөл атқарды. Оның тәрбие мен ағартудағы еңбегі баға жетпес сипатқа ие.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ильминский Н. Алтынсарин туралы естеліктер. - Қазан: ТжКБ-литография В.М. Ключникова, 1891. – 396 б.

2. Коменский Я. А. Ұлы дидактика (таңдалған тараулар)/ Педагогикалық мұра. - М; Педагогика, 1989. – 416 б.
3. Алтынсарин И.Собр. 3 томдық оп., Т.1. - Алматы: Ғылым, 1975. – с. 65.
4. Жұмағұлов К.Т. Ыбырай Алтынсарин және қазақ халқының мәдениетін дамыту. - АлмаАта: Қазақстан, 1984. – 204 б.
5. Ситдыков А.С. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. - Алматы: Мектеп, 1968, - 148б.
6. Адамзаттың рухани мұрасы (5-11 сыныптар). Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал.- Алматы, 2014.
7. Иырай Алтынсаринді білеміз бе? 50 сұрақ және 50 жауап. - Қостанай, 2016.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ОҚУ ҮРДСІНДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ**

Жумабаева Кулбарам Ембергеновна,  
«Кәсіби қазақ тілі» пәнінің оқытушысы  
КММ «Қостанай жоғары медициналық колледжі»

«Мен келермін, кетермін, артта жазған сөз қалар», - деп қазақтың кемеңгері, біртуар перзеттерінің бірі әрі бірегейі Шәкәрім айтқандай әр пенде жалғанда жаратылған адамдық ісімен мәңгі болып қалмақ. «Даланың күмбірлеген қонырауы» аталып кеткен Ыбырай атамның қазақ кемеңгер ойшылдарының арасында шоқтығы биік, алар орны ерекше екеніне ешкім де шүбә келтірмесі хақ. Сахараны батысынан шығысында, түстігінен терістігіне дейін көшіп-қонып жүрген сол заманғы қазақ халқы діни наным, ғасырлар бойы қалыптасып қақталған ұлттық салт-сана, дәстүр, кең даланың дара да дана түсігінен өзгірісінен мақрұм еді. Қонсы қонған көрші елдер білім-ілімнен іліп алып, алға шапқанда, қараңғы қазаққа шыңайы түрде қауіп төнген еді. Жалғыз даңғыл жол-ғылымның етегіне жармасып, халықты ағарту еді.

Батыстық үлгідегі білім, діни нанымға айтарлық түрде қарсы келетін жаңа танымды қазақ санасына сіңіру оңай болмағалы анық. Осы жолда тыңбай еңбек етіп, ат дүбірі, күй күмбірінен өзге дыбыс естілмеген кең байтақ қазақ даласына шамшырақ болып, қонырау үнін күмбірлеткен, « Кел, балалар, оқылық!», деп барша қауымға жар салған жалғыз тұлға. Ыбырайдың атқарған айтуы жауыр болды деушілер қатты қателеседі, неге десеңіз, Ыбырай атамның айтылмаған тарих қатпаларында ашылмаған талай қырлары баршылық, сол тұрғыда зерттеу жүргізіп, оны жас ұрпақпен таныстыру бүгінгі күннен еншісіндегі іс болмақ.

Ағартушылық идеяларымен жігерлендіріген ол ауыл-ауылды аралап, жергілікті халыққа білім алудың маңызы мен қажеттілігін түсіндіруге күш салды. Осындай өткізілген орасан жұмыс арқасында қазақ балаларына арналған интернаты бар мектеп ашылды. Халық ағартушысы жүргізген үгіт жұмыстары нәтижелі болды. Бұл ретте ол былай деп қуана жазды: « Аш қасқырдың қойға ұмтылғаны сияқты, мен балаларды оқытуға қызу кірістім және мені өте қанағаттандыратыны- бұл балаларды үш айдың ішінде оқуды, тіпті жазуды үйреніп алды». Қазақстанда қыз балаларға білім берудің бастауы да Ы. Алтынсариннің есімімен байланысты. [1, с. 145]

Аса көрнекті халық ағартушысының басшылығымен қыз балаларға арналған бірнеше мектеп ашылды. Ол мектептердің жанында интернаты болды. Ыбырай Алтынсарин мектепті халық ағарту ісінің маңызды буыны санады. Білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылмас Ыбырайдың өмірлік ұстанымына айналды.

Жас ұрпақты тәрбиеулеуде аса маңызды болып рухани, адамгершілік, патриоттық, азаматтық тәрбие екені бәрімізге аян. Осы маңызды тәрбие негіздері қазақ халқының ірі тұлғарын да ойландырған. Атап айтатын болсақ, Ыбырай Алтынсарин шығармаларында өз тереңділігі жатыр. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеяларының оқытылуы қазіргі заманда



да өзекті мәселенің бірі болып отыр. Болашақ медициналық қызметкерлерге Ыбырайдың адамға аяушылықпен қарау, қай кез болмасын адам өз адамгершілік қасиеттерін жоғалтып алмауы, өскелен ұрпаққа із қалдырып, өз ісімен тәрбиелеу сияқты идеялары аса маңызды.

Ыбырай қазақ жастарын оқуға үндеуімен қатар, адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болантындығын ол жақсы ұғынды. Ыбырай өзінің оқушылық, жазушылық, аударшылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды. Ыбырай жан-жақты білімді адам болған. Білімді адам ретінде ол прогреске, білімге ұмтылудың қазақ халқы үшін қаншалықты зор маңызы бар екенін айқын көре білді. Қазақ халқының болашағына, еліміздің өсіп-өркендеп, дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға да ерекше мән берді. [2; с.149]

Ы.Алтынсарин қазақ балаларын білімдерін жетілдіруіне, оларға болашақ өміріне жол сілтеп, кәсіби бағдар беруіне де аса зор көңіл бөліп отырған. Осының дәлелі ретінде қазақ халқының алғашқы дәрігері біздің жерлесіміз Мұхамеджан Қарабаевтың Троицк қаласындағы ер балаларға бастамасын әрі қарай жетілдіріп, қазақ елі арасынан шыққан М. Қарабаев Қазан қаласындағы медициналық университетіне түсіп, ойдағыдай тәмамдады.

Алтынсарин қазақ халқын оқуға шақырып, елдерімен надандықтан арылтып, әңгімелері арқылы жан-жақты тәрбиелесе, ал М. Қарабаев сол кездегі аса қауіпті ауруларды емдеп, шалғай жерлерге барып, індеттерді жоюға қатысқан. Қазіргі уақытта зер сала қарап отырсақ, Алтынсарин мен Қарабаевтың өмірдегі ұстамдылығы, адамға деген мейрімділігі, жақсылық жасауы, өз елінің патриоты болғанына күмәніміз жоқ. Осы тұрғыда Қостанай жоғары медициналық колледжінің оқытушылары кәсіби қазақ тілі сабақтарындағы Ы.Алтынсарин мен М. Қарабаевтың еңбектері мен шығармаларын үлгі ретінде қолданып, студенттерді отансүйгішлікке, мейрімділікке тәрбиелеуінің басты міндетінің бірі деп санайды.

Ы. Алтынсарин алғаш әдебиетімізге проза жанрының да негізін қалады. Балаларға арнап жазылған бұл әңгімелерін өзінің төл өлендеріне қосып сол Хрестоматиясына енгізді. Осы қысқа әңгімелерін ол жас шәкірттерді адамгершілікке, ізгілік пен бауырмалдыққа, адал еңбек пен әділдікке, әдептілік пен сыбырлыққа, зейінділік пен бідімді еркін игеруге шақырды. Ыбырай прозасының басты ерекшелігі неде дегенде, мынаны айтуға тиіспіз: қазақ халқының мәдени-әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, жаңа буын жастардың өсіп жетілуіне қажетті үлес қосу еді. Жазушының «Аурудан аяған күштірек», «Асыл шөп», «Малды» атты әңгімелері қайырымдылық пен бауырмалдық, сабырлық пен шыдамдылық секілді ізгі қасиеттерді тәрбиелеуге арналған.

Сондай-ақ жазушының балаларды әдеп пен әділдікке, қанағатшылдық пен жомарттыққа, сақилық пен тазалыққа, ізеттілік пен бауырмалдыққа шақыратын әңгімелері де бір төбе. Ыбырайдың ендігі бір топ әңгімелерінде «Әке мен бала», «Баланың айласы», «Надандық» әңгімелерінде жазушы ойлы да ұтқыр ойларын оқырмандарға жеткізе отырып, мейрімділік пен келсе де айтыс не екенін түсіндіретін «Жан-жануарлардың дауласқаны», «Байұлы», «Сәтемір хан», «Жәнібек батыр», «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары» тәрізді топтамаларында тапқырлық, шешендікке баулуды мақсат етеді. Ыбырай тазалық туралы, шалғай ауылдан келген қазақ балаларының интернатта жүріп-тұруы, күн тәртібін сақтау туралы, балаларды уақытылы егу жасалуы туралы өз ойларын отраға салып, жүзеге асырған. Айталық, ол «Салақтық» әңгімесінде салақтық, тазалық сақтамау салдарынан кейіпкер жанын тапсырды. Осы әңгімеде жазушы «Құдай тағала таза жүрмеген былғаныш кісіні сүймейді, тым болмаса жуынуды әдет етсең шикан, қотыр деген бәлелерге душар болмас едің», - деп кейіпкеріне ақыл-кеңес береді.

Қазіргі уақытта жиі көтеріліп жүрген өзекті мәселелердің бірі-салауатты өмір салтын сақталуын, сол кезде де Ыбырай атамыз қозғап, өз ой-пікірлерін ұрпаққа жеткізіп отырған. Сол заманда-ақ Ыбырай Отанына жасаған игі істерімен халқының болашағын ойлауы, дені сау ұлттың сақталуына көп көңіл бөліп, меңзеп отырғаны жас ұрпақты ойландыруға тиісті деп

ойлаймын. Ұлы ағартушы адамға деген сеніммен қарап, оның күш-жігеріне сенген. Оның ойынша білім мен тәрбие-бір тұтас ұғым. Адам шеніне, байлығына, кедейлігіне қарамай білім бәріне бірдей болуы керек деген ұстанымдылығымен белгілі. Ол өз ғұмырының соңғы кезінде былай деп жазды: «Мен түбегейлі терең сеніммен туған халқыма шамамның келгенінше пайдамды тигізсем дегент ниетіммен ешқашан бас тартпаймын». Ы.Алтынсариннің ұшаң-теңіз еңбегі қазақ халқының білім дамуына, білім көкжиегінің кеңеюіне, рухани және мәдени гүлденуіне игі ықпал етті.

Атқарған еңбегі мәуелі ағаштың жемісіндей мол болған тұлға Ыбырайды құрмет, өмірлік ұстаз тұту әр заман ұрпақтарының заңды парызы мен міндеті. «Жұпар қалтадан жұпар кетсе де, иісі қалар» демекші, бұл фәниден өзі озса да, сөзі, атқарған ісі тарих беттерінде мәңгілік қалғанда, Алтынсарин ұмытылмақ емес, былайым, солай болмақ.

«Тәрбие-тал бесіктен», «Ел болам десен бесігіңді түзе» бұл даналық сөздер бекерге айтылмаса керек. Ыбырайдың еңбектері тек білім, ғылым жайында емес, тәрбиелік мәні зор, адамгершілік, ізгілік, еңбек, ар-намыс, патриот болып қалыптасуға үлкен септігін тигізеді. Сондықтан, кеше, бүгін, ертең болсын оның қалдырған мұрасы өшпек емес. Оның қалдырған қазақ мектебі, оның қалдырған қазақ хрестоматиясы, оның шығармалары, кітаптары өшкен жоқ. Керісінше, заманмен бірге жасап, бірге жаңарып, бірге жасарды. И. Алтынсарин адамның мақтанш пен адалдық сияқты жағымсыз қасиеттерін білдіреді. "Қыпшақ Сейтқұл" әңгімесінде ол зорлық-зомбылық пен тонау арқылы алынған жақсылық болашаққа бармайды деген ойды баса айтады.

Ы. Алтынсариннің әңгімелерінің кейіпкерлері-байлықтың иелері, тек адамдарға жақсылық жасау арқылы ғана адамгершілік жағынан асқақ, ізгілікті болады.

Ыбырай Алтынсарин жомарттықты адамның ең құнды қасиеттерінің бірі ретінде ұсынады. Ол "жылу" қазақтарының ежелгі әдет-ғұрпын жомарттыққа жатқызады, онда адамдар өздерінің зардап шеккен тайпаларына шын жүректен және қамтамасыз көмек көрсетеді.

Ибырай Алтынсарин қазақ жастарын орыс халқының озық мәдениетін үйренуге және игеруге шақырды. Ол "қазақтардың жас ұрпағы орыс тілі мен сауаттылығына мәдениет пен білімнің жалғыз тілі ретінде қарайды, оларға тәуелді болады және орыс тілінде азды-көпті рухта дамиды" деп болжады.

Ы.Алтынсарин қазақ халқының келешегін мектеппен байланыстыра отырып, қазақтар оқитын мектептің моделі қандай болуы керектігін айқындайды және мектептердің белгілі бір мақсат бойынша жұмыс істеуін қолға алады. Ағартушының бұл тұжырымдары халық ағарту мәселелері жайындағы ой-пікірлері мен тапсырған есептерінде айқын жазылған. Ыбырай Алтынсарин мектептің басты мақсаты – баланың дұрыс тәрбие мен білім алып шығуы болуы керек деген принципті ұстанды. Бұл ағартушының губернаторларға, оқу инспекторларына жазған хаттары мен тапсырған есептерінен айқын аңғарылады. Сол кезеңдегі орыс билігінің қазақ жерінен мектеп ашудағы басты мақсаты – қазақ балаларына білім беруден гөрі қазақ қоғамын орыстандыру және орыс жазуын енгізу арқылы отарлау саясаты болғаны мәлім. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметіне терең зерттеу жүргізген Ә.Сыдықов Ыбырай Ильминскийдің системасы бойынша қазақтарға құрылған мектептерден мүлде басқа типтегі мектептер құрмақшы болғанын атап көрсетеді. Осы мақсатпен Ы.Алтынсарин қазақ балалары оқитын мектептегі білім беру жүйесінің жобасын жасап шығады. Себебі халықтардың балалары оқитын мектептерде оқушылардың орыс тілі мен әдебиетін жетік меңгеріп шығуына ғана назар аударылып, жан-жақты терең білім алуына мән берілмейді. Ал ағартушы қазақ балалары оқитын мектептерде де таза орыс мектептері сияқты барлық пәндердің өтуін, қазақ баласының да толыққанды білім алып шығуын жан-тәнімен қалайды. Сонымен қатар, Ы.Алтынсарин қазақ балаларына арналған мектептердегі:

1. Оқу жұмысының жалпы жайын
2. Мектептердегі оқу жайын
3. Оқу құралдарының жайын

#### 4. Оқу және тәрбие жұмыстарын

5. Мектептердің шаруашылық жағын үнемі өзі бақылап, қазақ баларының сапалы білім алуын, дұрыс, жайлы жерде тұруын қадағалап отырған.

Салыстырту, өз тәжірибесіне сүйене отырып қорытынды жасату тәрізді әдістері «Жаратылыстану», «Дүниетану» пәндері тапсырмаларында жүйелі беріледі. Бұл Ыбырай Алтынсариннің бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтып кеткен методикалық әдіс-тәсілдері бүгінгі жаңартылған білім мазмұнындағы оқулықтарда әлі күнге дейін сақталып келе жатқанының айғағы. Ы.Алтынсариннің ғылым мен техниканың жетістігін балаларға ұғындырған, ізденуге, еңбек етуге, заман талабына бейімделуге шақырған өлеңдері, баланы еңбек пен адалдыққа тәрбиелейтін, ұлы жаңалықтар мен өнер табыстарын суреттейтін әңгімелері күні бүгінге дейін оқу-тәрбие жұмыстарының өзегі болып келе жатыр.

Балалардың мектеп бітіріп шыққанда белгілі бір мамандыққа қарай бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында Ы.Алтынсарин сабаққа қажетті қосымша құралдар, атап айтқанда, Гестерманның техникалық коллекциясын (зығыр, мақта, жүн, жібек, былғары, қағаз, әйнек сияқты заттарды өндіру және пайдалану үлгілері, бал арасын ұстау жайы т.б.), ұзындық, ауырлық өлшеу коллекциясын, таразылар, барометрлер, микроскоптар, компастар, электр-магнит, істейтін телеграф пен сиқырлы фонарьларды арнайы қаржы жұмсап мектептерге алдырып отырған. Бұлардың не үшін қажеттілігін Ы.Алтынсарин Торғай облысындағы халық мектептерінің 1883 жылғы жайы туралы тапсырған есебінде былайша түсіндіреді: «Менің бұларды керек деп тапқан себебім, біріншіден, мысалы, электр сияқты заттарды жалаң кітаптан түсіндіру оқушыларға олар жайында толық түсінік бермейді, ал екіншіден, қазақтар мүмкін болғанынша ғылым мен өнердің үлгілерін де көрсін деген ой еді».

Бұдан Ы.Алтынсариннің мектептің материалдық техникалық базамен қамтамасыз ету мәселесіне аса көңіл бөле отырып, теориялық материалды практикалық әрекет арқылы игеруіне жағдай жасауды көздегенін көреміз. Қазіргі таңда сол заманда ой елегінен өткізген Ыбырай атамиздың ойын қазір де педагогикалық салада озық қолданылуда. Бұдан Ы.Алтынсариннің «Мектеп зат пен құбылыс жөнінде, айналадағы өмір мен табиғат туралы дәл де анық ұғым беруге тиіс. Ол үшін оқулықтармен ғана шектелмей, әр тақырып ерекшелігіне қарай аспаптар, коллекциялар арқылы т.б. көрнекі құралдар арқылы түсіндірілгені жөн», - деген ұстанымының күні бүгінге дейін өз маңызын жоймағанын көреміз.

Сонымен, Ы. Алтынсариннің ағартушылық –педагогикалық идеяларын жүйелеуде мынадай белгілерін түйіндеуге болады:

Ағартушылық – педагогикалық идеялары:

- мектеп жүйесін құрастыру;
- гуманистік көзқарасы;
- қазақ баларын сауаттандыру;
- ана тілінде оқыту;
- білімді саналықпен игеру;
- дидактиканың ғылымилық принципіне сүйену;
- халықтық педагогикаға сүйену;
- орыстандыру саясатына қарсы күресу;
- дінді оқуға өзгеше көзқарас.

Ы. Алтынсариннің білім беру үрдісіндегі ағартушылық идеялары:

- ана тілін үйрету;
- орыс тілін үйрету;
- математика;
- жаратылыстану;
- тарих және жағрапия;
- еңбек сабақтары

Қорыта келе қараңғыда қарманған халқын жарыққа жетелеген, қазақтың санасын жайлаған дерттің емін тап басып, көре білген Ыбырай ұстаз қазақ қоғамына жаңалықтың дәнін себуші қарлығаш. «Адамның ең маңызды күш-жігері-адамгершілікке ұмтылу. Біздің ішкі тұрақтылығымыз және біздің өміріміз оған байланысты. Біздің іс-әрекеттеріміздегі мораль ғана өміріміздің сұлулығы мен қадір-қасиетін береді. Оны тірі күшке айналдыру және оның маңыздылығын анық түсінуге көмектесу –білім берудің басты міндеті», - деп атап өтті әлемге әйгілі ғалым, Нобель сыйлығының лауреаты А.Эйнштейн.

Атамыз сияқты патриот, елін, жерін, Отанын қорғайтын, білімді, дарынды жастарымыз көп болса екен дегіміз келеді. Біздің медициналық колледжінің студенттеріне білімнің кәусарын, медицинаның жаңа жетістіктерін, бәсекеге қабілетті тұлға болуға тәрбиелеудеміз.

Қорыта келе: Ұлы ұстаз өмірі, қызметі кейінгі ұрпаққа үлгі болады.

Мәңгі есте сақталады деген ойдамыз. Ыбырай ісі жалғаса береді. Шығармаларының тәрбиелік мәні, өмірге деген құштары, әңгімелері арқылы болашақ ұрпақты адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеу, сол ізгілікке деген ойлары ешқашан ескірмейді. Ы.Алтынсарин балаларға арналған әңгімелерінде тәрбие, тәлім берерлік мақсаттар қойып, олардың бойына ізгілік ұрығын себуге тырысады. Ыбырай сезімтал психолог, әрі тәжірибелі педагог болғандықтан балалардың жас ерекшеліктерін орынды ескере отырып, олар әлі танып білмеген, бірақ қызыға қарайтын жана дүние есігін ашып, айтар ойын түрлі көріністер арқылы әсерлі етіп көрсете білді.

М. Хакімжанова ұстаз атасына арнаған ойын былай түйіндейді:

Жаның сала ұмтылды.

Болашақтың таңына.

Қиялдап қана қойған жоқ.

Май тамызып, от берді.

Ой-сананың шамына.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Ы.Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. I том. Алма-ата, 1975.-145 б.
2. Ы.Алтынсарин және қазақ халқы мәдениетінің дамуы. Алма-ата, 1984.-149 б.
3. 3.Әңгімелер. Алма-ата, 1980ж.
4. 4.Алтынсарин Ы. Таңд. шығарм. жинақы. – Алматы, 1955. – 118 б.
5. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. / Құр. Қалиев С. – А., 1994. – 122-129 б.
6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. – А., 1995.-128-135 б.

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН - АҒАРТУШЫ, АҚЫН, ЖАЗУШЫ

Кенаралова Шинар Баязитовна,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы,  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қызмет көрсету саласының колледжі» КМҚК

Ыбырай Алтынсариннің қазақ балаларының оқуға деген көз қарасын оятып, ұлттық сана сезімдерінің ашылуына зор үлесін қосты. Алтынсарин қалдырған өсиеті өзекті болып табылады.

*Ыбырай Алтынсарин* – ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де өзі өмір сүрген заманы мен өмірінде қазақ балаларына “*Кел, балалар, оқылық*” деп жар салудан тынбаған. Оның осы қанатты сөздері әлі де өз күшін жойған емес. Сондықтан, *Ыбырай атамыздың ісін жалғастыратын, арманын орындайтын біздер үшін осы жолдан өту үлкен құрмет және зор міндет.*

«Ыбырай .Алтынсарин – аса көрнекті ағартушы, ақын, жазушы» тақырыбын таңдаған себебім, аталардан қалған еңбектері ешқашан өлмейді, ескермейді, яғни ол өміршең тақырып, сондықтан да ақын аталарымыздан қалған сөз маржандарын оқып білуді өзіме міндет санаймын. Ыбырай Алтынсаринның шығармаларының, соның ішінде әңгімелерінің және өлеңдерінде айтылған мәселелердің әлі күнде өзекті екендігін дәлелдегім келеді. Ақын «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсатты аша түседі. Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеуі. Ыбырай шығармалары арқылы өз кезеңінде адам сенгісіз армандай болып жырланған ұғымдар бұл күндері шындыққа айналды, ол адамды құстай ұшырды – ұшақ. Отынсыз тамақ пісірді – газ отыны, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызды – телефон, тастан сарай салғызды – көп қабатты үйлер, теңізде жүзді балықтай – деп, кемелерді атағандай. Былайынша айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуды насихаттап, жастарға дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынды. Ыбырай шығармаларындағы түйінді ойлар, бұл күндері оқу, білім, еңбек салаларында еркін қолдануға арналған қанатты сөздерге айналған. Олардың бірнешеуіне тоқталып өтсек: «Атымтай Жомарт» әңгімесінде «Еңбекпен табылған дәм тәтті» деп бір ауыз сөзбен жеткізуі шығарманың түйінін шешкендей. «Әке мен бала» оқиғаның шешімі: Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың. Азға қанағат қылмасаң – көптен құр қаласың. «Бақша ағаштары» әңгімесінде баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады .

Ыбырай әңгімелерінің оқиғалары - қазіргі таңдағы сабақ барысында қолданылып жүрген жағдаяттар. Ыбырай шығармаларындағы түйінді ойларын талдау арқылы оқушының өзіндік сыни көзқарасын дамытуға, ой пікірін ашық айтуға, қоғам орта туралы пікірін дәлелдей білуге пайдасы зор деп ойлаймын. Ол оқушыны ойлауға, ойлануға, таптырмас материал болатыны анық. Ыбырайдың айтқан нақыл сөздерінің кейбіреуі халқымыздың мақал-мәтелдерімен де ұқсас тұстары баршылық екен. Мысалы, оның «еңбекпен табылған тамақ тәтті әрі сіңімді болады» деген нақыл сөзі – «еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалмен ұқсас. «Әр нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде» — «Жылтырлағанның бәрі алтын емес» деген мәтелге сәйкес. Демек, Ы.Алтынсарин шығармаларының түйінді ойларын, нақыл сөз ретінде қолдануды жолға қою керек.

Қазір әлеуметтік желідегі парақшаларына қабырғаларымызға Ыбырай секілді данышпандарымыздың айтқан нақыл сөздерін немесе кішкентай ғана әңгімелерінде айтылған терең ойларының мазмұнын алып кетсек болар еді. Бір жағынан өзіміздің қазақ тілінде жазылған, екінші жағынан өзіміздің Отандық тұлғамыздың айтқан ойлары. Ал үшіншіден, елі үшін ерең еңбек еткен, келесі ұрпақтың күні қараң болып қалмасын деп, білім көзін ашып берген данышпанымызды ұмытпай, оны кеңінен насихаттау.

Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», — деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған «*Бақша ағаштары*» әңгімесінде: «Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» — деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», — деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой», - деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», — деді. Бала тәрбиесіне жастайынан көңіл бөлу керектігін жас

шыбықтарға теңей отырып, астарлы оймен нақты жеткізеді. Бұл тұжырым осы күннің өзінде өзіндік құндылығын жоғалтпаған.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктістерін зер салып талдау керек. «Талаптың пайдасы»- деген әңгімесінде өзінің осы пікірін, негізгі идеясын жеткізіп бере алды. Әңгіменің мазмұны мынадай: «Даңқты І Петр шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, сурет салып жатқан бір баланы көреді де, оның не жасап жатқанын сұрайды. Бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын», — дейді. Петр суретті көрсе, мәз еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенін аңғарып, сурет салуға үйрететін орынға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады». Жазушының бұл арадағы көздегені — Петрдің ақылдылығын көрсету ғана емес, жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қол жеткендігін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу. «Мейірімді бала»-әңгімесінде 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс жасап, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», — дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі. Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да, анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көріністі былай суреттейді: «Сейт орам-ораммен жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан шешесі талып қалыпты. Мұны көрген соң Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың?» — деп сұрайды. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып, сынықшыға сыбырлап: «Ауырмақ түгілі, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жыламасын деп жатырмын», — деді. Сейіт шын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас, алақанына салып аялап, тәлім-тәрбие беріп отырған ұлы анасы — Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына ыңқ етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбырайдың бұл әңгімесінің идеясы — осы. Бұл әңгімені осылай түсінсек қана Сейіттің мейірімді мінезін дұрыс түсіне аламыз. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. Ыбырай шығармаларындағы мәселелер — күні – бүгінге дейін өзекті.

Ыбырай Алтынсариннің мемориалдық кешені жаңартылды. Қостанай қаласынан жеті шақырым жерде, Тобыл өзенінің бір иінінде болашаққа мұра еткен даналықтың рухындай биіктеп, Ыбырай кесенесінің ақ күмбезі көрінеді. Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметова Ә. «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы» Алматы, 1992ж.
2. Дербісәлин Ә. Ж. «Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» Алматы 1958ж.
3. 3.Қазақ әдебиеті, энциклопедиялық анықтама, Алматы 2005 жылы
4. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: Алматы: Ғылым, 1979.-110-129 бет.
5. Ы.Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы.-Т.1-121 –671.
6. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – Алматы: № 11, 2004. 109 – 112 б.
7. Ә.Сыдықов «Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі» Алматы, 1969ж.
8. Мұхамедрахым Жармұхамедов «Ыбрай Алтынсарин тағлымы» Алматы, 1991ж.
9. Қ. Жарықбаев., С.Қалиев «Қазақ тәлім – тәрбиесі» Алматы, 1995
10. Ә. Ламешов. Ы.Алтынсарин Алматы, 1991 ж.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

Клшинбаева Куралай Шайхыновна  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі» КММ

Біз келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құрамыз десек, дәл бүгін бесікте жатқан бөбектерді, балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылыққа, имандылыққа тәрбиелеуді қазіргі уақыттың міндеті, талабы деп қарауымыз керек. Осы талап пен міндеттерді орындалудағы ең бір пәрменді құрал – оқу, тәлім – тәрбие жұмыстарында халықтық құндылықтардың алтын мұрасын пайдалану. Қазіргі таңда білімнің басты мақсаты – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыреттілігі жоғары, жаңаша ойлайтын шығармашылықты мамандар даярлау және жасампаз іс әрекетті қалыптастыру. Олай болса, тарих көшінде өзіндік орны бар айрықша зиялы қауым өкілдерінің ұрпақ тәрбиесі туралы мәселелер ауқымындағы ой пікірлерін зерделеу, сипаттау, таразылау, жинақтау, оларды қоғамдық іс – тәжірибе шеңберіне енгізу.

Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тағдырына ерекше мән берген ұлы ағартушы-педагог. Ы.Алтынсарин педагогикасының мұраларының негізгі идеяларының бірі- адамның өзара қарым-қатынасы, жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиған бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанғандардың бірі Ыбырай.

Оның дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына әсіресе, қазақтың мәдениетін, өнерін терең білетін, ақыл- парасаты жоғары, сөзге шешен, елге сыйлы атасы Балғожаның ықпалы ерекше болды. Ыбырай бала жастан халықтық педагогикадан алған тәлім-тәрбиесін, нәлігі -өнегесін көңіліне түйгендерін оқу ағарту істері арқылы қазақ балаларының бойына сіңдіре білді. Ы. Алтынсариннің ұлттық эстетикалық тәрбие проблемаларын қозғайтын арнайы еңбектерін жазып қалдырмағаны белгілі, бірақ Ы.Алтынсариннің ұлттық- эстетикалық тәрбиеге қатысты оның педагогикалық қызметінен көрініс тапты. Ы. Алтынсарин шығармалары халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарын сипаттайтын этнографиялық мәнде келеді. Ы.Алтынсарин жастарды оқу-білім, өнерге ніндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады.

Бір аллаға сыйынып Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық! – деген өлеңінде білім алуға нндесе, екінші жағынан , өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мін бермейтін кертартпа көзқарасқа соққы береді. Өмірде сарқылмас мол байлық – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін

ерінбей-жалықпай еңбектенудің керектігін тнсіндіреді. Өнерді нйрен, нйрен де жирен деп санаған халқымыз ұл қыздарының оң қолынан өнер тамған шебер болуына да мән берген. Ы.Алтынсарин өзінің төл туындыларында тәрбиелік, нақыл – насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырды. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер – білімге баулуды көздейді. Ол ел жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы жнзеге асады деп санады. Ы. Алтынсарин қызметінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысы ерекше орын алады. Мектептегі оқыту мен тәрбие процесін жнргізуші мұғалім деп таниды. Ы.Алтынсарин надандықтың зиянын, ғалымның қоғамдық маңызын тнсіндіреді.

Шығармаларында оның өнерге деген ықылас – ілтипаты анық байқалады. Өзінің өлеңдері мен әңгімелері арқылы жастарды табиғаттың әсемдігін, адам сезімін қабылдап, тнсіне білуге тәрбиелейді, оның өлеңдері мен ғибрат әңгімелері жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда кнні бнтінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Ол аймақта мектептер мен кәсіптік училищелер ашу арқылы жалпы және кәсіптік білім беру ісінің негізін қалады.

Сиса көйлек нстінде,

Тоқуменен табылған.

Сауысқанның тамағы,

Шоқуменен табылған,- деп педагогтік тәсіліменен балаға еңбек атаулыдан хабар аңғартады. Мектеп- қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық нмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана деп жазған болатын.

Ы.Алтынсарин- қазақтың салт-дәстнрін зерттеумен айналысқан ғалым этнограф. Еңбек тақырыбы-Ыбырай әңгімелерінің арқауы. Ол техниканы меңгерген адам зор игілікке ие болады, жаратылыстың тілін біледі, оны өзінің айтқанына көндіреді, халықтың жалпы мәдениетін көтерумен қатар негізінен олардың тұрмысын жақсартады дейді. XX ғасырдың басында бір кезде Шоқан, Ыбырай, Абай көтерген ағартушылық қозғалыстың туын А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатовтар жалғастырды.

Сонымен Ыбырай өзінің бнкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеп, олардың озық мәдениетті елдерден нлгі ала отырып, білімді де саналы азамат болып жетілуіне айтарлықтай нлкен нлес қосты. Ыбырайдың бұл тарихи қызметі кезінде өзінің замандас достары Н.И.Ильминскийдің, А.А. Мазохиннің, Ф.Д.Соколовтың, А.В.Васильевтің, А.Е.Алекторовтың, Ғ.Балғымбаевтың естеліктерінде жылы ілтипатпен аталып жоғары бағаланды. Алайда ұлы ағартушының сан қырлы педагогикалық, ғылыми зерттеулері, сондай – ақ өлеңдері мен прозасы, аудармалары біздің заманымызда ғана терең зерттеліп, өзінің тиісті, әрі байсалды бағасын алды. Қоғамдық ой-сананың дамуына өзіндік нлес қосқан ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин есімі де тұрады.

Ұлы ғалым – педагог Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және «Таза бұлақ» деген оқу– әдістемелік еңбектері қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында аса зор оқиға болып бағаланады. Және болашақ ұрпақтың ақыл ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі болып есептеледі. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударды.

Кім сендерді, балалар тербететін,

Еркелетіп, ойнатып, сергітетін ?

Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң,

Қамқор анаң көз жасын көлдететін,- деген, ақын бұл өлең шумақтарынан отбасындағы ата-ана тәрбиесі мен баланы снйіп, еркелететіндігін және ата-ана баланың алғашқы табиғи тәрбиешісі, балажандық қасиеті мен ерекше мейірімдігін көреміз.

Ы. Алтынсарин еңбек процесінің бала тәрбиесіндегі ерекше маңызын көре біледі. Сондықтан оның көптеген әңгімелерінің идеясы Абай айтқандай «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың төңірегінде топтасқан.



Мәселен. «Бай баласы мен жарлы баласы». Асан мен Үсен әңгімесі шындық реалистік әңгіме.

Осы әңгімесінде Алтынсарин бәлкіл ағартушылық еңбегінің негізгі сырын, әлеуметтік тенденциясын айқын ашып береді. Үсен арқылы еңбекші бұқараның жас ұрпағының еңбек сүйгіштігін, әр нәрсенің ретін таба білетіндігін көрсетеді. Ал Асан бейнесінде мұндай қасиет байқалмайды. Үсен бейнесінен тек еңбексүйгіштіктен басқа дәрменсіз Асанға көмегі оның адамгершілік жағынан бейнесін сомдай тнседі. Мұнда қазақ өміріндегі Асанға лайық ұқсас мінездерін айқын көрсетіп береді. «Ол жастайынан сұрағанын әперетін, дегенін істейтін кісі болғандықтан жатып ішер болуға әрекеттенеді». ... «Ол еш нәрсе істеуге әдеттенген жоқ, демек, өзінің не істей алатынын, несі жоқ екенін жақсылап айыра алмайды».

Ол жастарды ізгілікке, бауырмалдыққа, мейірімділікке, және достық қасиеттерге баулуды көздегені жайлы өзінің өлеңдері мен әңгімелерінде айтып мұра еткен. Ұлы педагогтың «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім-мектептің жнрегi», - деп айтқан сөзінің орыны орасан зор және әрбір ұстаздың мәртебесін көтеріп қазіргі білім беруде педагогтарды шабыттандырады.

Ы.Алтынсарин осы іспеттес әңгімелерінде еңбек процесінің адамның сана-сезімін, психологиясын қалыптастыруда ерекше орын алатынын жақсы тнсінген. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дегендей жасөспірімдердің басында кездесетін түрлі жаман мінездерді отбасындағы тәрбиемен терең астастырады. Адамның жеке басының мінез-құлқын қалыптастыру, оның бойынан жойылып бара жатқан адамгершілік қасиеттерді сіңіру, иманжнзді етіп тәрбиелеу ата-ананың тікелей әсерімен отбасынан басталып, мектепте жнзгеге асатынын ескерген жөн. Ыбырай келешегінен нміт кнткен, өз халқын жан тәнімен снйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш жігерін аянбай жұмсаған нағыз патриот азаматтар еді. Өз заманының ақыл ойшылдары ірі қоғам қайраткерлері, олардың дарқан бейнелері мен іс әрекетінен қазақ халқының мәдени экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін, жаппай сауатты, мәдениетті, оқыған ел болуын көксеген біртуар асыл азаматы.

Қазақ педагогикасының дамып, өркендеуіне белсене ат салысып мынандай нлес қосты: қазақ балаларына алғаш мектеп ашты, Ырғыз қазақ қыздарына арналған мектеп- интернат ашты, «Қазақ хрестоматиясын», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазды. Қоғамның заңды тіршілік етуі тек қана халықтың ағартушылық деңгейі қоғамдық және дара санының дамуы арқылы мнмкін болатын ын тарихи іс тәжірибе көрсетіп отыр.

Әлемдік деңгейдегі балық құқықтық мемлекеттерде азаматтық қоғам ғасырлар бойы жинақталған құндылықтар негізінде қалыптасқаны белгілі. Сондықтан да, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Тарихты танып зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырыңды, бнтінгі тұрпатыңды танысың, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жнрер жолыңның сілемін табасың» деген сөздерінде тарихтың шексіз тағылымы да ақиқаттың құдіретті мейлінше айқындала тнседі.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшысы қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бнтінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шыңдығы дәлелдеп отыр. XXI ғасырда білім сапасы жалпыға ортақ, рухани – этикалық басымдылық негізінің мән құраушылық және шығармашыл, жаңашыл сипатына ие, сонымен қатар ғылыми негізде шынайы құрылған, сан қырлы, адамзат пен мемлекеттің мәдени ескерткіштеріне сай негізделген, этномәдени, әлеуметтік – кәсіптік және профессионалды топтардың жан – жақты қажеттіліктерін, сондай – ақ жеке тұлғалардың рухани сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған болуы қажет. Осы бағытта Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, оны егемен елдің білім беру жнйесінде оқыту мен

тәрбиенің озық нобайы ретінде жандандырып, инновациялық сипатта әр бере отырып, тиімді қолдану оқыту міндеттерінің талабы болған абзал.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы 1991 ж
2. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. 2008ж, № 4,5
3. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, «Жазушы», 1989 I том
4. Ы. Алтынсарин «Өнер білім бар жұрттар» Алматы, 1989ж
5. Ы.Алтынсарин, Таңдамалы шығармалары.320 бет
6. Ы.Алтынсарин, тағылымы. Құрастырған М.Жармұхамедов

### **РОЛЬ ТВОРЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ В ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОМ ВОСПИТАНИИ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ**

Мамитанова Лаззат Калижановна,  
Жолдыбаева Сауле Батырхаировна,  
преподаватели общеобразовательных дисциплин  
ЧУ «Колледж предпринимательства КИНЭУ»

Жизнь и деятельность Ыбрая Алтынсарина - выдающегося просветителя, общественного деятеля, педагога-новатора, ученого, писателя - яркий образец служения Родине, истинного патриотизма. Его вклад в развитие науки, литературы, педагогики-это часть национальной культуры, одна из ведущих сил формирования национального самосознания.

В наше время особое внимание уделяют формированию у молодежи духовно-нравственных основ и патриотизма и поэтому с каждым разом особое значение приобретают произведения, факты из личной жизни великого писателя.

При проведении воспитательных мероприятий в колледже особое внимание нужно уделить жизни и деятельности великого просветителя, его личности, стихотворениям.

Так, у нас в колледже, в период проведения декады «Общеобразовательных дисциплин» стало традицией проводить экскурсии в мавзолей Ы.Алтынсарина, в музей Ы.Алтынсарина.

Преподаватели предметно-цикловой дисциплины готовят литературный монтаж «По стопам Ы.Алтынсарина», где участвуют студенты первых и вторых курсов. В ходе экскурсии студенты поделились интересными фактами из жизни выдающегося просветителя, рассказали его стихи.

Мудрые слова педагога не утратили своей актуальности и в наши дни. Великий просветитель безгранично верил, что только образование способно пробудить в людях все самое лучшее, способствовать духовному развитию каждого человека. Алтынсарин – поэт стремиться убедить молодежь, что знания-истинная жизненная ценность.

Ученье даст вам счастье  
Оно озарит, как свет,  
Каждое ваше желание,  
Яркий оставит след.



Рисунок 1 – Главный вход



Рисунок 2 Памятная стелла




Рисунок 3 У мавзолея

К 180-летию великого педагога организовали экскурсию в Костанайский областной мемориальный музей. Цель экскурсии познакомить с домом – музеем выдающегося казахского просветителя, педагога, писателя, этнографа, общественного деятеля Ыбрая Алтынсарина, воспитать чувство патриотизма у подрастающего поколения и воспеть жизнь просветителя.



Рисунок 4 Кадры из музея Ы.Алтынсарина

Но и сегодня произведения Ы.Алтынсарина не утратили своего воспитательного значения. И сегодня их необходимо включать в школьную программу, проводить внеклассные мероприятия, кураторские часы. И если с раннего возраста он начнет осознавать заложенные в произведениях поэта уроки нравственности, научиться сопереживать и сострадать. То им будет легче в непростых жизненных ситуациях делать правильный выбор.

### **Список литературы:**

1. Джумагулов К.Т. Ибрай Алтынсарин и развитие культуры казахского народа. - Алма-Ата. Казахстан.1984.-204с
2. Алтынсарин Ибрагим. Сборник сочинений в 3-х т. Том III- Алма-ата «Наука»,1975-360с.
3. Алтынсарин Ибрагим. Сборник сочинений в 3-х т. Том I- Алма-ата «Наука»,1975-360с.

## **ҰЛТ ШАМШЫРАҒЫ - ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН**

Мырзагалиева Айнур .Балгабаевна,  
қоғамдық пәндер оқытушысы  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі КМҚК  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

«Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім..»  
Ыбырай Алтынсарин

Кез-келген мемлекеттің даму күші білім мен ғылымның деңгейіне келіп тіреледі. Білім мен ғылымдамудың қозғаушы күші, өркениетке апарар сара жол. Білім мен тәрбие қатар жүрген елдің болашағы жарқын екендігі де даусыз. Данышпан әл-Фараби айтқандай: тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы. Әрбір ұлт өзінің төл құндылықтары, төл мәдениеті арқылы дамудың дара жолына түсе алады. Әлемде әрбір ұлт, әрбір халық дамудың даңғыл жолына түскенде ғана, адамзаттың басына төнетін қауіп-қатерлердің де азаятындығы белгілі. Сондықтан да, ұлттық құндылықтарды дамыту, ұлттық білім беру мәселелеріне ақыл көзімен қарау ісі де замана тадабы болып отыр. Себебі, жаһандану құрдымына жұтылмаудың төте жолы -төл мәдениетті сақтап, келер ұрпаққа табыстау. Төл мәдениет ұлттық білім беру ісі арқылы өміршең болмақ. Ұлттық білім беру ісі тарихи тұлғаларымыздың өмірлік мақсаты болды десек-те артық айтпаған болар едік.

Қазақ тарихы саналы ғұмырларын халқының даму жолына арнаған тұлғалардан кенде емес. Сондай тұлғалардың бірі- Ыбырай Алтынсарин. Қазақ халқының ғалым, педагог-ағартушыларының ірі өкілдерінің бірі Ыбырай Алтынсаринның тарихи бейнесі туралы М.Әуезов, С. Мұқанов және өзге де тұлғалар ғылыми - зерттеу мақалаларын, құнды монографияларын арнады. Алайда, рухани кеңістікте Ыбырай Алтынсарин тұлғасына қатысты қарама-қайшылықты пікірлердің де орын алғандығы ешкімге жасырын емес. Осыған орай, «Кел, балалар оқылық» даналығымен сауат ашқан тұтас ұрпақ ғалым Ыбырайды жан-жақты тани алды ма?-деген заңды сауал туындайды.

Қазақ мүддесі үшін ұлттық білім берудің үлгісін жасап кеткен ғалымның баға жетпес еңбегі болашақта да талай құнды зерттеулердің нысаны болары сөзсіз. Ыбырай, Шоқан заман ағымына сай орысша білім алып халқына қызмет еткен тұлғалар. XIX ғасырдағы қазақ даласының саяси жағдайы азаттыққа ұмтылған жанкешті күресті, ал халықтың

экономикалық және әлеуметтік ахуалы патша отаршыл саясатының пәрменін айқындайтын еді. Ал, Ыбырай Алтынсарин сынды орысша оқыған ұлы тұлғалар орыс тілі арқылы еуропалық өркениетті қазақ даласына таратуға ұмтылды. Замана ағымына сай көшіп-қонған салттың өмірге икемі жоқтығын пайымдап, оқу-ағарту ісі арқылы қазақ баласының қатарынан қалмауына қам жасады. Бір қарағанда Ресей патшалық билігіне қызмет жасаған секілді көрінгенімен, шын мәнісінде ұлттық білімнің өркендеуі үшін, қазақ баласының дәстүрінен, мұсылманшылық тұтқасынан ажырамауы үшін қызмет етті. Сондықтан да, Ыбырай Алтынсаринді қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері деп атаймыз. Ғалымның педагогикалық мұрасын, әдіснамасын талдау оны басқа этно-педагогикалық жүйелермен салыстыруды қажет етеді. Ыбырайдың қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында өзіндік ізін қалдырды. Ол көп оқып, Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласты. Орынборда оқып жүрген кезінде шығыстанушы ғалым В.В. Григорьевпен жақын араласып, білімге құштар жас бос уақытының бәрін кітапханада өткізді. Ыбырай Григорьевтің кітапханасынан орыс жазушыларының шығармаларын, орыс және дүние жүзі ағартушы-педагогтерінің еңбектерін, ұлы адамдардың өмірі жайындағы кітаптарды, мерзімдік басылымдарды оқыған. Өз бетімен көп ізденіп, білім қорын молайта келе, Ыбырай тілмаш болуды емес, туған халқына пайдалы қызмет істеуді мақсат етеді. Ағартушылықпен айналасады. 1860 жылы Жайықтың шығысында қазақ балаларына арналған төрт бастауыш мектеп ашылғанда, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болып келеді. Алайда, мектеп бірден ашыла қоймағандықтан, Ыбырай ел ішінде мектепке бала оқытудың пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады. Торғай мектебі 1864 жылы ашылады. Ыбырай Алтынсарин осы бір тарихи оқиға туралы шығыстанушы, профессор Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында: «Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орныма келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Қазақ даласын үш жылдай аралаған Сіздің қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық дейтініңізге мен сенемін. Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз» [1, 15б.], -деп жазады. Ыбырай мектебі орыс мектептері үлгісінде құрылғанымен, сабақ қазақ тілінде жүргізіліп, балаларға орыс тілін үйретуді, пән негіздерінен білім беруді мақсат етті. Ыбырай ашқан мектепте еліне қызмет ететін адамгершілігі мол ұрпақ тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінді. 1879 жылы Ыбырай Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалып, ағартушылық қызметпен кеңінен айналысты. 1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) еуропалық үлгідегі мектептер ашады. 1883 жылы Торғай қаласында тұңғыш техникалық мектеп қолөнер мектебі ашылады. 1887 жылы Ырғызда қыздар мектебін ұйымдастыруы қазақ оқу-ағарту ісі тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі болады. 1881 жылы Омбы қаласында тұңғыш мұғалімдер даярлайтын мектебі ашылғандығы тарихтан белгілі. [1, 40б.]

Оқулық мазмұнының ұлттық мүддеге сай болуы мемлекетшіл санамен қаруланған тұлғаларды қалыптастырды. Ыбырай Алтынсарин 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуды қолға алып, оны 1879 жылы Орынборда бастырады.

Елдіктің іргетасы үшін- кітап жазып, бала оқытып, шәкірт тәрбиеледі. Ыбырай мектебінен өткен тұлғалар қазақ даласында білім мен ғылымның шамшырағына айналып, сан мыңдаған шәкірт тәрбиеледі. Ыбырай Алтынсарин қиын қыстау заманда білім бұлағының көзін ашқан тарихи тұлға. [2, 5б.]

Тұңғыш ұстаздың шәкірттерге ғылымның әр саласынан тыңғылықты білім беретін пәндік оқуды енгізуді ойластырғанын көреміз. Ыбырай қазақ халқының жаңа әдебиетіне, яғни, еуропалық стильдегі әдебиетіне негіз салды, қазақ халқы әдебиетінің тарихында жаңа сарын туғызды. Бұл сарын жігерлен, тіршілікке ұмтыл, өмірге төзімді бол, талапты іске кіріс, «атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деп жырлаған еді, бұл сарын заман ағымына қарай халықты өнер- білімге, мәдениетке шақыру, жаңалыққа бой ұрғызу, алдыңғы қатарлы елдердің мәдениет белесіне теңестіру, Батыс, орыс елдерінің мәдениетіне жақындату,



жетілдіру мақсатын көздеген еді. Бұл сарын біздің ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетіміздің негізгі сарыны болды.

Қорыта келе айтарымыз, Ыбырай Алтынсаринның еңбегі мен оның мұрасы бүгінгі ұрпаққа, әсіресе педагогикалық мамандықта оқитын болашақ ұстаздарға өнеге болатыны күмән келтірмейді. Сондықтан оны білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие үрдістеріне әр түрлі формада енгізу құнды.

Заманауи талаптар мен құндылықтарға сәйкес жаңарудың ерекше маңызды бағыты – қазақтың көрнекті ойшылдарының, академиялық оқытушыларының, ағартушыларының және белгілі қоғам қайраткерлерінің үлесін зерттеу. Өткен жылдар ішінде республикада тарихи өткеннің міндеттерін ғылыми, теориялық және педагогикалық тұрғыдан ұғындыру бойынша көптеген жұмыстар атқарылды.

Ыбырай Алтынсаринның есімі халқымыздың ұлттық мақтанышы болып саналатын аса көрнекті қайраткерлердің қатарында. Әйгілі ағартушы, тамаша педагог, белгілі жазушы Ыбырай Алтынсарин өзінің бүкіл шығармашылық өмірін ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу еді.

Ыбырай шығармаларының қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де бірдей арналған ортақ еңбек екендігін дәлелдейді. Олар кімге болса да түсінікті. [3]

Ыбырай Алтынсариннің еліне, жеріне деген патриоттық сезімі, халқының алдындағы жауапкершілігі, оны алға тартып, білім нәрімен сусындату үшін қазақ балаларын ешқандай мүмкіншілік жоқ кезде оқытып, білім беру мекемелерін ашуы болашақ жас ұстаздар үшін орасан зор өнеге.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дарынды педагог //Қазақстан мектебі- 2010 -№1-20-8866.
2. Б.С.Көбеев «Таңдамалы шығармалары». Алматы, 1989-250б.
3. Қ.Қ. Құнантаев Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы (1917-1990 ж.ж.). Алматы:Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1998. -137 б.

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

Нургазиева Бакытира Акансериевна  
арнайы пәндер оқытушысы,  
директордың оқу өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды.

Ыбырай жасаған оқулық ең алдымен, орыстың қала берді Еуропа оқымыстыларының педагогикалық көзқарастары мен оқыту, тәрбиелеу әдіс - тәсілдеріне негізделіп жасалды, бірақ ұстаз оларды талғам-талдаусыз, сол күйінше ала салған жоқ керісінше, оған енетін материалдарды қазақ балаларының түсінік -танымына сәйкес етіп алды, өзі де осы талапқа орай әңгіме, өлеңдер жазып қарастырған хрестоматиясына қосты. Сөйтіп, ұлы ағартушы — ұстаз халқымызды білім бұлағынан сусындатып, өзге мәдениетті елдердің қатарына қосуға

бойындағы бар күш-қуатын, білімін сарқа жұмсады. Бұл бағытта тыңнан жол салып, соған бүкіл саналы өмірін арнады.

Ыбырай ауыл шаруашылық, қолөнер мектептерін ұйымдастырды. Ол қазақ жерінде алғаш қыздар мектебін ашқан.

Талай дана – данышпан, дарабоз тарихи тұлғаларды дүниеге келтірген дархан Қостанай топырағында ұлтымыздың алғаш білім қоңырауын соққан ұстаз Ыбырай Алтынсарин да туған.

Ыбырай (шын аты Ибраһим) Алтынсарин 1841 жылы 20 қазанда Қостанай қаласындағы Затобол ауданында дүниеге келген. Ыбырай үш жасқа келгенде әкесі Алтынсары қайтыс болады. Оны Кенесары шапқыншылығында өлтіріп кетеді. Ыбырайды әкесінің досы Жетібай Өтемісұлы құтқарып қалады. Әкесі қайтыс болғаннан кейін тәлім-тәрбиені атасы Балғожа биден алады. 1846 жылы Балғожа би Орынбордағы Шекара комиссиясы жанынан ашылатын мектепке Ыбырайды жаздырып қояды. 1850 жылы 22-тамызда сол мектепке Ыбырай алғашқы 30 баланың бірі болып қабылданады. Ол уақытын жан-жақты білім алуға ерекше ынтамен кіріседі.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша үкіметі қазақ даласын бағындырудың, билеп-төстеудің тағы бір жаңа әдісін қолдана бастады: қазақ балаларына арнап мектептер ашуға кірісті. Сонымен бұл мектеп 1850 жылы 22 тамыз күні Орынбор қаласында ашылды. Оған қазақтың 30 баласы алынды, солардың бірі 9 жасар Ыбырай болды.

Ыбырайдың нағашылары – елін, жерін жатжерлік басқыншылардан қорғауға белсене қатысқан, әскери «Тархан» атағын қазақта тұңғыш алған асқан батыр, мәмілегер Жәнібек Қошқарұлының ұрпақтары.

1860 жылы Орынбор өлкесінің басқару орыны Орынбор бекінісінен «Торғай қаласы» қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат алған Ыбырай Алтынсарин Торғай қаласына барады. Ондағы мақсаты мектеп ашу еді. Бірақ жергілікті органдардың жәрдемі жеткіліксіз болып, мектеп ашу ісі ұзаққа созылады.

Ыбырай Алтынсариннің армандаған мектебі 1864 жылы 8 қаңтарда бекіністің барша адамдарымен 200-ден астам сыйлы қазақтардың қатысуымен салтанатты түрде ашылады.

Қыркүйек айларында Торғайға оралып, Орынбор, Қазан, Петербург қалаларынан қажет деген оқулық методикалық т.б. кітаптарды мол әкеліп, жұмыстарына қызу кіріседі.

1879 жылы қыркүйек айының 1-ші жұлдызында Ыбырай Алтынсарин Торғай облысындағы мектептердің инспекторы болып тағайындалады.

1881 жылы қараша айында Бөрте болысында бір кластық орыс-қазақ училищесі ашылады. 1882 жылы Ыбырай Алтынсарин барлық мектептеріне ән-күй сабақтарын енгізеді. Жергілікті, ауқатты ел азаматтарынан ақша жинап, кітапхана ашады. 1883 жылы 15 қарашада Торғай қолөнер мектебін ашты.

1887 жылы 15 қарашада Ыбырай Алтынсарин Ырғыз қыздар училищесін ашады. 1888 жылы 28 қазанда қазақ қыздарына арналған 12 орындық мектеп интернат ашылды. Тамыздың 21-ші жұлдызында Қостанайда 1-ші кластық ер балалар үшін орыс мектебі ашылды.

Ыбырай Алтынсарин демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді.



Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланды. Сондықтан көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге амалсыздан татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен араб, парсы сөздеріне лық толған; сондықтан қазақтарға түсініксіз.

Жалпы бастауыш оқу құралдары, хрестоматиялар сияқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, күрделі оқу құралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық, сондықтан бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, осы кітапты орыс әрпімен бастырды.

Жоғарыда айтылған қолайсыздықтарды оқу ведомствосының көптеген білімді қайраткерлері бұрын да көрсетіп келген болатын, сондықтан сол білімді адамдардың ақылын алып, осы хрестоматияны құрастыруға кіріседі.

Бұл кітапты құрастырғанда біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздеді, екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болу жағын көздеді, сондықтан бұл кітапқа енгізген әңгімелерді тергенде көп қиыншылықтарға кездесті, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды.

Бұл хрестоматияны екі кітап етіп шығаруды ойлады. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінді:

1. Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларын, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды, мысалдар мен халық әдебиеті, балалардың туғандарына жазған хаттары.

2. Әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3. Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4. Қазақтың мақал-мәтелдері.

Екінші кітапта қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа, табиғат тарихы мен жалпы тарих жөнінен, география, өндірістехникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілері жөнінен мақалалар қосты. Ы.Алтынсарин көптеген өлеңдерді жазған. Өз шығармаларында Отанын, халқын сүйуге, оқып білім алуға шақырды.

Ыбырай қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, махаббат-достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүйушілікке шақырды. Адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуды насихаттап, жастарға дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынды. Сондықтан өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды.

Біздің Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжіде Ы.Алтынсаринге арналған топ сағаттары, түрлі әдеби кештер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастырылуда.

Сонымен қатар, колледж білім алушылары Республикалық, облыстық ғылыми-практикалық конференцияларға қатынасып жүлделі орындарға ие болуда.

Ыбырай Алтынсарин — нағыз халықшыл жазушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

### Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – Алматы, 2004 ж.
2. Оспанұлы С. Алтынсариннің айналасындағы адамдар. Қостанай: «Шапақ», 2006
3. Сарбаева А.М. «Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. Оқу – әдістемелік құрал.
4. Көкшетау: «Келешек 2030», 2011 ж
5. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: Алматы: Ғылым
6. Ы.Алтынсарин. Елтұтқа.-Астана: Күлтегін, 2001.
7. Ы.Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы.

## ЫБРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҰСТАЗҒА САЛҒАН САРА ЖОЛ

Нургазина Гулим Сейлбековна

қоғамдық пәндер оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі,

Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі

Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Мен сөзімді ұлы ойшыл, дана Әл – Фарабидің сөзімен бастасам деймін. Осыдан сан ғасырлар бұрын Әл-Фараби айтқан екен: «Адам дүниеге келгенде таза мектеп тақтасындай болады. Тақта бетіне әр адам өз қолжазбасын жазып қалдырғандай кішкене нәрестенің де санасына өсе келе әр нәрсе жазылады. Міне, сондықтан ұстаздық мінез – құлық нормалары мынадай болуы тиіс: ол тым қатал да болмауы тиіс, тым ырыққа жығыла бермеуі керек. Өйткені тым қатал шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді. Оның берген білім, ғылымына шәкірт селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет, өйткені бұлар жұрт айтқандай тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді» деген. Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадына сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да, аңғарымпаз ақыл иесі. Мейлінше шешен, өнерге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ, ар – намысын ардақтайтын, жақындарын да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан, ал мен үшін жақсы ұстаз бәрінен де артық, өйткені мұғалім мектептің жүрегі.

Бүгінгі өркениетке өркендеу кезеңінде жастарды имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеудің аса қажеттігі пайда болған кезде Ыбырайдың ізгілік жөніндегі ойларын шәкірттердің жүрегіне ұялатудың және келешек ұрпақты Ыбырай дәстүрі негізінде тәрбиелеу қажеттігі туды.

Ақын «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсатты аша түседі. Балғожа бала оқытқандағы арманы «ата-ананы асырау» болса, Алтынсарин оқушылардың білімді адам болғандағы мақсат-міндеттері өз халқының бір керегіне асу, оның прогрестік жолмен ілгерілеуіне жетекшілік жасау, мәдениет жағынан салыстырғанда, басқалардан бірнеше ғасырлық кейін қалған өз елін, «Тастан сарай салдырып, айшылық алыс жолдардан, көзінді ашып-жұмғанша хабар алдыратын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Радио, телеграф, телефон, самолет, электр, т.б. техника тетіктері қазақ тілінде көп тарламаса да, ақын сол сөздерді ұғындыруға тыңнан жол салып, үлкен шеберлік танытады. Оқып білім алудағы мақсат халықтың қажетіне жарау, өз еліңді өркениетті елдер қатарына қосу деп түсіндіреді.

### Ыбырай Алтынсариннің оқулықтары

Ыбырай Алтынсарин демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты. Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнаса, екіншіден, өнегелі ұстаз тәлімгер ретінде, оларға күнделікті ғылыми-әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді. Үшіншіден, шығармаларында

қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып жазуға жұмсады. Ол кез келген шығармаларында шәкірттерді адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнерлі азамат болуға, жат мінезден бойын аулақ ұстауға шақырды. Қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп түсінген Алтынсарин өз ойын іске асыруда түрлі тосқауыл кедергілерге кездесті, бірақ оларды табандылықпен жеңе отырып, өз мақсатын іске асыра білді.

### 1) «Қазақ хрестоматиясының» дүниеге келуі

Қазақ халқының сауатсыздығынан, қазақ тілінде басылған бір де кітаптың жоқтығынан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр. Сондықтан көзге көрінер ешқандай пайдасы болмаса да, шәкірттерге амалсыздан татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан, татардың кітап тілі, бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен араб, парсы сөздеріне лық толған; сондықтан ол сауатсыз қазақтарға түсініксіз. Бұл тілде басылып шыққан кітаптардың бәрі де тек дін туралы жазылған кітаптар, сондықтан олар осы жағынан алып қарағанда да мақсаттарды көздейтін орыс-қазақ мектептерінде пайдалану үшін, мысалы, орыс тіліне аудартып жаттықтыру үшін қолайсыз. Осылармен қабат бір ескертетін нәрсе — қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында, мен білсем, осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал болған жоқ. Жалпы бастауыш оқу құралдары, хрестоматиялар сияқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, күрделі оқу құралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық, сондықтан бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық.

Жоғарыда айтылған қолайсыздықтарды оқу ведомствосының көптеген білімді қайраткерлері бұрын да көрсетіп келген болатын, сондықтан мен сол білімді адамдардың ақылын алып, екінші жағынан, өзім де осылай етуді қажет деп тауып, осы хрестоматияны құрастыруға кірістім. Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім, екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болу жағын көздедім, сондықтан бұл кітапқа енгізген әңгімелерді тергенде көп қиыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды.

Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруды ойладым. Бұл басылып отырған бірінші кітаптағы мақалалар мынадай төрт тарауға бөлінді:

1) Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларын, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды, мысалдар мен халық әдебиеті, балалардың туғандарына жазған хаттары.

2) Әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер.

3) Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді.

4) Қазақтың мақал-мәтелдері.

Екінші кітапта қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа, табиғат тарихы мен жалпы тарих жөнінен, география, өндірістехникасы жөнінен және кеңсе ісін жүргізу үлгілері жөнінен мақалалар қоспақшымыз.

Тұңғыш рет шыққалы отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның кейбір кемшіліктері де болуы мүмкін, бірақ сонда да болса бұл кітап ізсіз қалмас, тұңғыш оқу кітабы ретінде көздеген мақсатына жетер деген үмітпен өзімді жұбатып отырмын. Оның бер

жағында осы күні халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына, надан жатқан; бірақ әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымыздың шамасының келгенінше қызмет ету біздің әрқайсымыздың да борышымыз екеніне, бәлкім, басқа да менен білімдірек елдестеріміздің де санасы жетіп қалар.

**2) «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы»** — орыс графикасына негізделіп жасалған ең алғашқы оқулық. 1879 жылы Орынбор қаласында шыққан. Бұл орыс тілі грамматикасы қысқаша курсы қамтитын оқу құралы. Оқулықта жеті бөлім бар: 1) Нәрселердің аттары (зат есім). Имя существительное; 2) Зат-қасиетінің аттары (сын есім); 3) Есеп аттары (сан есім). Имя числительное; 4) Местоимение деген сөздің бөлімі (есімдік); 5) Ақыры өзгерілмейтін сөздер (үстеу, демеу). Наречие и союз; 6) Предлог деген сөздің бөлімі (жалғау); 7) Глагол деген сөздің бөлігі (етістік). Қазақшадан орысшаға кешіруге арналған сөздер. Оқулықтың алғы сөзінде оқу құралын қалай оқыту жөнінде әдістемелік нұсқау берілген (оқыту әдісі белімдерден кейін де көрсетіліп отырады). Әрбір бөлім сөздіктен тұрады. Әрқайсысынан кейін орыс грамматикасының негізгі, басты ережелері ұсынып отырады (мысалы, септік жалғаулары, көпше, жекеше түр, род, реңк мәнді жұрнақтар, зат есімнен жасалатын сын есімдер, шырай түрлері, етістіктің шақтары, райлары т. б.). Ережелер қабылдауға оңай нұсқауда келтірілген. Сөздердің тізбесін, грамматикалық ережелерді беруде арнайы әдістемелік мақсат көзделінген: оқушы әдебиеттік оқуды меңгермес бұрын, жекелеген сөздердің тобымен, бастапқы, негізгі ереже түрлерімен таныс болады, жүйелі дайындық курсынан өтеді. Оқулық бірде-бір орыс сөзін білмейтін қазақ баласына тіл үйрену неден қалай басталуы керек деген мәселені қояды. Бұл- сол кезеңдегі орыс грамматистері мен әдістемешілері де қолға ала қоймаған күрделі жұмыс. Тіл үйрену үстінде бала екі бірдей дағдыны қатар игереді.

Оқулықта орыс тілі мен қазақ тілі грамматикасын салыстыра оқыту қажеттігі басым айтылған. Бұл оқу құралы сол кезең үшін де және қазіргі талап тұрғысынан да терең негізгі лингвистикалық-әдістемелік еңбек болып табылады. Мұнда шет тілін жаңадан бастап үйренуге арналған оқу құралының сипаты қандай болуы керек деген мәселе шешімін тапқан. Сонымен бірге екі тілдің грамматикасы үйлестіре оқыту мәселесі де алғаш рет Алтынсарин заманында қолға алынған. Шет тілінде дұрыс жазуға үйрету, тіл ұстарту мәселелері көтеріледі. Алтынсариннің оқу құралы тіл үйренудің лингвистикалық негізгі тілдің лексикалық жүйесіне негізделуі керек деген қортындыға әкелді.

## **2) Ыбырай - жазушы**

Ы. Алтынсарин жазба әдебиетке тән проза жанрының да негізін қалады. Ол - тұңғыш рет балаларға арнап әңгіме жазған жазушы. Ыбырай әңгімелерінің басты ерекшелігі-жақсы мен жаманды салыстыра отырып әңгімелеу арқылы балалардың санасына ой салу, тәрбиелеу. Еңбекті сүйу және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш" әңгімесінде Ыбырай ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Ы.Алтынсариннің «Екі жолдас», «Бір уыс мақта», «Қисық ағаш», «Таза бұлақ», «Шеше мен бала», «Ақымақ дос», «Тазша бала», «Қыпшақ Сейтқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Талаптың пайдасы», «Бақша ағаштары», «Асыл шөп», «Байұлы», «Мейірімді бала», «Дүние қалай етсең табылады», «Жиренше шешен», «Бай мен жарлы баласы», «Әке мен бала», «Мақта қыз бен мысық» және т.б. әңгімелері бар.

## **3) Ыбырай - ғалым, этнограф**

Ы.Алтынсарин этнография саласындағы еңбектері халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын қарастырады. Оның бірі өлген адамды жерлеу және оған ас беру, екіншісі құда түсу, қыз ұзату салттары туралы айтылады.

Лингвистика, тілтану саласында қазақ тілінің тазалығына зор мән берді. Қазақтың әдеби тілі, оның қалыптасуы мен дамуы, ана тілінің тазалығы Ы.Алтынсариннің негізгі бағыты мен қызметі болып табылады.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеп, қазақтың жұмбақтары, дастандары, мақал-мәтелдері жөнінде ғылыми мақалалар жазды. «Қобыланды батыр», «Қара батыр», «Жәнібек батыр» эпостарынан, қазақ халқының тарихынан үзінділері баспа бетіне жариялады.

Ол орыс географиялық қоғамы Орынбордағы бөлімінің толық мүшесі болды.

Практикалық бөлім:

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінде Ыбырай Алтынсариннің даталы күндеріне орай колледжішілік тәрбие сағаттары, конференциялар, пікірталастар, «Ұлы ағартушы, ұстаз – Ыбырай Алтынсарин» тақырыбында шығармашылық жұмыстар сайысы ұйымдастырылды. Ұлы ағартушымызды дәріптеу мақсатында өткен іс – шаралар өз нәтижесіне жетті деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, білімге деген құштарлық, халқына қалтқысыз қызмет ету Ыбырай Алтынсариннің негізгі ұстанымы болды. Қазақ даласында тұңғыш рет орыс үлгісіндегі пәндік білім беретін мектептер ашып, оған орыс алфавиті негізінде оқулықтар жазды, өзі сабақ беріп, жаңа талапқа сай келетін мұғалімдер дайындауға күш салды. Ыбырай Алтынсариннің жұмысы жастарды үш тілді игеруге, сауатты және жоғары білікті маман болуға шақырады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. – Алматы: № 11, 2004.
2. Оспанұлы С.Алтынсариннің айналасындағы адамдар. Қостанай: «Шапақ» 2006 ж.
3. Сарбаева А.М. «Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткерлері. ІХ-ХІХ ғасырлар. Ғұлама тағылымы»: Оқу – әдістемелік құрал. Көкшетау: «Келешек 2030», 2011ж.
4. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: Алматы: Ғылым
5. Ы.Алтынсарин. Елтұтқа.-Астана: Күлтегін, 2001.
6. Ы.Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы.-Т.1

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН–БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АТАСЫ**

Ыбырай Сағыныш Қонысбайқызы,  
қазақ тілі мен әдебиет пәні оқытушы  
«Арқалық медициналық колледжі» КМҚК  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Қай заманда болмасын алдында тұратын ұлы мұраттың ең бастысы – өзініңісін, өмірін жалғастыратын сауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал саналы ұрпақ қоғамда өзінің білімі мен қатар адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен ардақталатыны бәрімізге аян. Міне, осындай адами қасиеттерді бала бойына қалыптастыруды негізге алып, сол жас жеткіншектерге қаламтербеген ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығында білімділік пен адамгершілік, еңбекқорлық пен қажыр-қайраттылық бір тұтас өріліп отырады.[1] Ұлы орыс халқының ХІХ ғасырда жасалған классикалық мол әдебиеттерімен танысқан Ыбырай Алтынсарин балаларды тәрбиелеуде, оқытуда, олардың ой-сансына қозғау салып жетілдіруде өзінің педагогикалық идеясын іске асыру үшін, алдымен балалар әдебиетін жасауға бет бұрды. Балалар әдебиеті тақырыбына жазылған орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударды, оларды жас ұрпақтарымызға үлгі етіп ұсынды. Бұл қазақ халқы үшін, әсіресе, оның жас ұрпақ балалары үшін аса игілікті іс, жаңа бастама еді. Ыбырай Алтынсарин И.Крыловтың «Егіннің бастары», «Қарға мен түлкі», «Қайрымды түлкі», Лев Толстойдан «Полкан деген ит», «Силинші», И.И.Дмитриевтен «Екі шыбын», орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан «Тәкаппаршылық», «Дүние қалай етсең табылады», «Талаптың пайдасы», «Алтын шеттеуік», «Аурудан-аяған күштірек», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Мейрімді

бала» сияқты көптеген шығармалар аударды. Бұл шығармалардың барлығы да әрі қысқа, әрі мазмұнды, әрі көркем, баланың жас ерекшелігі мен білім көлеміне сай, түсінуге жеңіл, тәрбиелік жағынан шебер құрылған шығармалар. [2]

Баланы жан-жақты түсінігі бар, айтқанды тез ұғатын, қабілеті күшті азамат етіп шығару үшін, алдымен оқыту керек. Ол сонда ғана тәртіпке түсінетін, оған мойынұсынатын саналы азамат болып қалыптасады. Оқудың пайдасы, оқу арқылы баланы көп нәрсеге жетілетіні жайында Ыбырай шығармаларында аз айтылмаған. Оқыған, мәдениетті азаматтың өмір сүруі де, еңбектенуі де анағұрлым жеңіл және көңілді болатынын ескертеді. «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңінде өнер-білім, техниканың пайдасын айта келіп, балаларды, жас өспірімдерді мәдениетті ұлы орыс халқының қатарына қосылуға, соған жетуге, солардан үлгі-өнеге алуға шақырады. Ғылым табыстарын мадақтайды. Ал «Ананың сүюі» деген өлеңі бала жанын тебіренерліктей мұнан да күшті, мұнанда әсерлірек жазылған. Әдебиет адам тану құралы дейміз ғой, Ыбырай Алтынсарин ана құдыретін, ана образын жас өспірімдерге әдебиет арқылы танытып отыр. Алтынсариннің «Жаз», «Өзен» деген өлеңдері де өлке тану, айналадағы табиғат құбылысына құрметпен зер салуға бағытталған тәрбиелік орны бар, баланы әралуан іске баулитын әсерлі шығарма. [3]

Жазушы әңгімелері еңбек сүюшілік, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын – елін сүюшілік, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез – құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетті.

«Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», - дейді.

Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып» бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан – ақ бойкүйездікке, жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген.

Жазушы «Атымтай жомарт» әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап әңгіме етіп ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен айқын көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен.» - дейді.

Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар», - деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссен, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап – жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады.

Ыбырай жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал», - деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Оның осы тақырыпқа жазған бір әңгімесінде:

«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп – тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» - деп сұрады баласы. «Ата – ананың тілін алсаң ана ағаштай сен де түзу болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып бағусыз өсерсің. Мынау ағаш бағусыз өз қалпымен өскен», - деді атасы. «Олай болса бағу – қағуда көп мағына бар екен ғой», - деді баласы. «Бағу – қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас

ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең сен де мына қисық біткен ағаштай қисық өсерсің», - деді.

Бұл әңгіменің оқушылар үшін де, оқытушылар үшін де үлкен тәрбиелік мәні бар. «Баланы жастан», - дегендей, оған жас күннен түзу тәрбие беру, оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң қисығын түзеу қиынға түседі. Кейде сол қисаюмен барып мерт болады. Ыбырайдың бұл әңгімесі қазіргі мектеп балаларын тәрбиелеу үшін де үлгі бола алады.

Махаббат, мейірімділік туралы, әсіресе, «Мейірімді бала», «Шеше мен бала», «Аурудан – аяған күштірек» деген үш әңгімесін алуға болады. Махаббат, мейірімділік ата мен ананың үй ішіне деген махаббатынан басталады. Адамгершілікті туғып көтерген ұлы адамдар да алдымен өз атасын, өз туғандарын сүйеді, олардың кейбіреулері өсе келе, тек «атасының баласы болмай, адам баласы» бола біледі. Тек өзіме ғана болсын деген мешандық көзқарасты аттап өтіп, адам деген ардақты атқа ие болушылардың шын бақыты үшін де қол созады.

«Мейірімді бала» әңгімесінде, 13 жасар қыз патшаның үкімі бойынша қолы кесілуге бұйырылған әкесі үшін, патшаға арыз етіп, өз қолын кесуге ұсынады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс жасап, бала – шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», - дейді. Мұнда жас қыздың тек қана атасы емес, анасы мен бауырларына деген де махаббаты суреттеледі.

Ананы қандай түрде бағалап, қалай сүюдің айқын үлгісін жазушы «Аурудан – аяған күштірек» деген әңгімесінде айқын көрсеткен. Бұл әңгімеде аяғы сынған Сейіт деген бала жанына аяғының ауруы қанша батса да анасын ренжітпеу үшін қабақ шытпағандығы айтылады. Автор бұл көріністі былай суреттейді:

«Сейіт орам – ораммен жүріп бара жатқанда, бір арбалы келіп аңдаусыз соғып кетіп аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баласын көріп, шошынғаннан шешесі талып қалыпты. Мұны көрген соң Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып таңып жатқан да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты. Сонда сынықшы кісі: «Аяғың ауырмай ма, қабағыңды шытпайсың?» деп сұрапты. Сейіт шешесі шығып кеткен соң, демін алып сынықшыға сыбырлап: «Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп жатыр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып жыламасын деп жатырмын», - деді.

Сейіт шын мәнінде мейірімді бала болып суреттеледі. Мұндай жастарда жалпы адамды сүйетін жақсы мінездің біртіндеп өсетіндігі сөзсіз. Бала кезінен әлпештеп өсірген анасының қадірін білген жас алақанына салып аялап, тәлім – тәрбие беріп отырған ұлы анасы - Отанын сүйетін, ол үшін де өз жанының ауырғанына ыңқ етпейтін нағыз отаншыл болып шығады. Ыбырайдың бұл әңгімесінің идеясы осы. Бұл әңгімені осылай түсінсек қана Сейіттің мейірімді мінезін дұрыс түсіне аламыз.

Балаларға арналған шығармалар ең алдымен уақиғалы, қысқа, қызықты, тартымды болуы қажет. Мейлінше түсінікті, балалардың ұғымына жеңіл, тілі жатық және әдеп - өркен, оқу, өнер адамгершілікке жетектейтін тәлім – тәрбие берерлік болуы шарт. Балаларға ешбір зорланбай, қызыға отырып оқумен қатар, көздеген нысана, ойлаған мақсат іске асуы керек. Яғни, автор әңгімесіне қандай мақсат қойса, сол балалардың ой – санасында мәңгілік қалатын болсын. Сонда ғана әңгіме өз міндетін атқармақ. Ыбырай әңгімелері осы шарттардың барлығына дәл келеді.

«Бай мен жарлы баласында» ел көшіп кетіп, ойламаған жерден жұртта ұмытылып қалған екі баланың бастарынан кешірген бір тәуліктегі оқиғаны суреттеуге арналса да, тереңірек қараған адамға автордың ой түйінінде көптеген сыр жатқандығын аңғаруға болады.

Шығармасының бас кейіпкері етіп бай баласы мен кедей баласын алуының өзінде үлкен сыр жатыр.[4]

Ыбырай Алтынсарин – бүкіл Қазақ даласын оқу-білімге, білімдіүйренуге шақырып, соған өзі ұйытқы болып, Қазақ даласында бірнеше мектептер ашқан, дүниедегі байлық та, мал да, бақыт та тек оқу екенін болашақ ұрпаққа осындай өсиет еткен ұлы тұлға.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. / Құраст.: Жармұхамедов М. – Алматы, 1991.

2. Ы.Алтынсарин.Өмірі мен шығармалары/ Құраст.: Ардақ Мұқышева.– Алматы, «Рауан»баспасы,2013.-384б
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1985.
4. Алтынсарин Ыбырай «Қазақ хрестоматиясы» Алматы, 2003.

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӘҢГІМЕЛЕРІ - ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

### *Қосылбек Құндыз Асқарбекқызы Қостанай облысы білім басқармасының Арқалық қаласы білім бөлімінің «Раушан» бөбекжай бақшасының тәрбиешісі*

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының ұлы перзенті, оқу-ағарту ісін жүзеге асырған зиялы көшбасшы, халқымыздың ағартушысы, жазушы, этнограф, тарихта аты өшпес дара тұлға. Өз заманындағы ұлт мәселесін көтеріп қана қоймай, оны өз шығармаларына арқау еткен, шоқтығы биік дарын иесі. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихы мен ұлттық мектебінің қалыптасуында үлкен із қалдырған. Оның шығармалары жас өскелең ұрпақты мейірімділік, адалдық, еңбекқорлық, білім алу сияқты ізгі істерге шақырды.

Қазақ жастары үшін арнайы оқытушылар мектебін ашу ісіне де Ыбырай Алтынсарин зор көңіл бөліп, көп мән берді. Талмай іздену, тиісті орындарға жалықпай өтініш жасаудың, сондай-ақ оқытушылар мектебінің елді мекендердегі ағарту ісі үшін айрықша қажет екендігін шебер дәлелдеудің нәтижесінде ол 1881 жылы Орск қаласынан қазақтың тұңғыш оқытушылар мектебін ашты.

Бұл мектепке артқан үмітін және оның қоғамдық өмірі үшін маңызын Ыбырай өз сөзімен былайша сипаттайды: «Оқытушылар мектебі біздің оқушыларымыздың барып түсетін мектебі еді, бұлар сонда белгілі бір білім алып қазақ халқының тұрмысына, шынында да, пайдалы болған болар еді. Қазақ халқының ақыл-ойы мен экономикасының дами беруіне көмектесе алатын адамдар болар еді». Қазақ қоғамы жағдайында бірден үлкен оқу орнын жасаудың бүкіл қиындығын жақсы түсінген Ыбырай осы жалғыз оқытушылар мектебі мен уездік, болыстық мектептер арқылы қазақ арасындағы оқу-ағарту ісін алғашқы кезде дұрыс жолға қоюға болады, келешекте не істеудің керектігін уақыттың өзі көрсетеді деп санады.

Ерлі-зайыпты Нұрғали Құлжанов пен Нәзипа Құлжанова Ыбырай жолын қуып, халық ағарту саласының дамуына үлкен үлес қосты.

«Қазақ» газетінің 1915 жылғы 9 мамырында шыққан санында Нәзипа Құлжанова «Бір керек жұмыс» атты мақала жазады. Осы мақалада мынадай жолдар кездеседі: «1915 жылы 13 ақпанда болған қазақша ойынның рұқсаты тым қиындықпен алынды. Бұл әдебиет кешінде тек екі Ыбырайдың (Ыбырай Алтынсарин) сөздері ғана базардан өтіп, басқа жақсы сөздер таңбасыз малдай бұл базарға кіре алмады». Бұл жолдардан сауық кешті өткізу Нәзипа Сегізбайқызына оңайлықпен келмегенін және қазақтың қос Ыбырайы сол кездің өзінде-ақ замандастарынан оқ бойы озып шыққанын байқай аламыз.

Нәзипа Құлжанованың осы бір сауық кештері жайлы жазған тағы бір жазбасына көңіл аударсақ: «Мұндай ойындар көбейсе, ақшасы – бір, екінші – жақсы сөздер жарысқа түсіп, әдебиетіміз ілгері басуға зор себеп болар еді. Сондықтан осындай жақсылық жолдарға ойын істейміз деп кезенген жерлерде жол бөгеу болмайтын қылып, тамам ескі, жаңа сөздерімізді – өлеңі бар, қара сөзі бар – жиып-теріп кітап (сборник) қылып драматическая цензурадан өткізіп алсақ, бір санаулы жұмыс біткен болар еді».

Енді өзі абайтанумен тұңғыш болып айналысқан, өзі аудармамен шұғылданған Нәзипа Құлжанованың негізгі қызметі не еді деген сұраққа келетін болсақ, бұл кісі бәрінен бұрын ұстаз болатын. Иә, ерлі-зайыпты Құлжановтар сол кездің ең білікті деген ұстаздары еді. Ыбырай- ең алдымен ағартушы. Сондықтан да ол нені сөз етсе де, қандай тақырыпты қозғаса



да сол ағартушылық көзқарасынан таймайды. Балаларға тәләм-тәрбие беру жағынан көбірек көңіл бөліп, жаман қылықтардан жирендіреді.

Ыбырайдың шығарма жазудағы негізгі мақсатының өзі балаларға пайдалы ақыл-кеңес беріп, ізгілікке, ізеттілікке, адамгершілікке баулу. Сол себепті оның сатиралық өлеңдерінде де мысқыл, әжуа, сай-сүйекті сырқыратар ащы сөз, кекесін кездесе бермейді. Ыбырайдың И.А.Крыловтан аударған мысалдары да сондай еркін.

Ыбырай кімнен қандай шығарма аударса да, бірінші оның тәлімдік-тәрбиелік маңызына назар аударып, ел көңілінен шығып, көзін ашатын, өзінің ағартушылық идеясына сәйкес туындыларды ғана тандаған. Яғни аударманы өз халқының ұғымына лайықтап, тәрбие құралы ретінде пайдаланған. Ұлы ағартушының осы дәстүрін оның ізбасарлары мен шәкірттері Асылқожа Құрманбаев, Ахмет Байтұрсынов, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуовтер жалғастырып, бала тәрбиесі құралына айналдырды.

Ұлы ағартушымыз Ы. Алтынсарин қазақ жерінде кәсіби білім беретін оқу орындарының көптеп ашылуын армандап еді. Сол асқақ арманның жүзеге асқан алғашқы жемістерінің бірі Меңдіқара педучилищесі болды.

Ол білім аңсаған жастарды бауырына тартып, үлкен өмірге қанаттандырып, сөйтіп талай түлектердің қазіргі жетістік –дәрежелеріне кәусар бұлақ көзіндей бастау алған, құт дарыған Қостанай өңіріндегі бірден-бір, әрі бірегей білім ошағы болған. Бұл сол өткен дәуірдегі Ыбырай ата армандаған мақсат-тілегінің шындыққа айналған көрінісі деп топшылаймын. 1860 жылы облыстық басқарма Ыбырай Алтынсаринге Орынбор бекінісінде (Торғай қаласында) қазақ балаларын оқытатын бастауыш мектеп ашуды жүктейді.

19 жасар Ыбырай Торғай келіп, мектеп ашу үшін үш жылдай қаражат жинайды. Қаражат жинау ісі әлбетте оңайға соқпайды. Оған атымтай жомарттық көрсеткен нағашысы Шеген би бастаған игі жақсы адамдар болды. Құрылыс материалын Аманқарағайдан тасыды. 1864 жыл 8-қаңтарда Торғай мектебі салтанатты түрде ашылып, ұлы ұстаздың, күллі Торғай жұртының армандары орындалғандай болды. Алғашқы ашылған мектепке 14 бала тартылды. Сөйтіп, Ыбырай бабамыз қиын –қыстау кезеңінде, сонау ХІХ ғасырда туған елін «өнер-білім бар жұрттар» қатарына қосылуға үндеп, осы жолда өмірінің ақырына дейін аянбастан тер төкті. Білім беру саласындағы қай мәселе болсын, Ыбырайдың назарынан тыс қалмады. Қиын жағдайда адам сенгісіз ауқымды жұмыс түрлерін уақытпен санаспай-ақ беріле атқарды. Бір өзі бір мекеме атқаруы тиіс, машақаты мол жұмыстарды тындырып жүрді.

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебіміз, Ыбырайға дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз заманының келелі мәселелерін қамтиды

Ы.Алтынсарин 1879 жыл алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген екі төл оқу құралын «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» жазып бастырып шығарды.

Хрестоматияда Ыбырай, біріншіден, қазақ халқының халықтық идеядағы Қара Батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі, т.б аңыз-әңгімелерін енгізсе, екіншіден, өзінің «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Әке мен бала», «Аурудан –аяған күштірек», «Жеміс ағаштары», «Асыл шөп» т.б ғибратқа, өсиетке құрылған дидактикалық әңгімелері мен өлең дерін, үшіншіден, «Мейірімді бала», «Жаман жолдас», «Бір уыс мақта», «Алтын шекілдеуік» т.б орыс, батыс классиктерінің тәлімдік мәні зор әңгімелерін аударып енгізді.

Ол қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісін ең басты мәселе деп қарады. «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып тәрбиелеу ісінен артық ешнәрсе жоқ», -деп ой түйді. Адамның мінез-құлқымен жеке басының қалаптасуы тәрбиеге байланысты деп қараған

Ыбырай Алтынсарин өзінің осы пікірін «Бақша ағаштары» әңгімесінде өте көп орынды келтірген. Ыбырай «Ұлықпан әкім» әңгімесі арқылы ғылымның адам өміріне пайдасын насихаттауды мақсат етсе, Жиренше шешен, Тазша бала әңгімелерін ұсына отырып, оқушыларды тапқырлыққа тәрбиелеуді көздеген. Ыбырай өзінің «Таза бұлақ» әңгімесінде адам көңілінің таза болуын дәріптесе, «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде «Еңбекпен ер көгереді», мұратына жетеді, ал «Қарақшының басы жолда қалады», «Ұрлық түбі қорлық»-деген ойды қорытады. «Әке мен бала» әңгімесінде еңбекті дәріптеп, «Бай баласы мен жарлы баласында» жалқаулықты айыптап, аңғарымпаздықты, өнеге, еңбекке бейімділікті марапаттайды.

Ыбырай аударып, хрестоматияға енгізген орыс жазушылары Пауэльсонның, Ушинскийдің, Толстойдың әңгімелерінде қайырымдылық, еңбексүйгіш сияқты зор адамгершілік қасиеттер дәріптелеп, оған қарама-қарсы жауыздық, дүниеқорлық, т.б жексұрын мінез-құлықтарды әшкерлеу өзекті орын алады. Ыбырай осы арқылы жастардың пайдалы азамат болуын көздейді.

Алтынсаринның өз халқын оқуға, өнерге үндеуі, надандыққа, зұлымдыққа қарсы шығуы, сол кездегі әлеумет өміріндегі теңсіздіктің бетін ашып, өмір шындығын көрсетуі, жастарды жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуі оның творчествосының халықтық жағы десек, қазақтың қазіргі ержеткен проза жанрының және балалар әдебиетінің ең алғашқы негізін салушысы болды. Ыбырай Алтынсарин - жазба әдебиетіміздің төрінен берік орын алатын педагог-жазушы.

Нәзипа ханым екі тілде бірдей жүйріктігімен де көзге түсті. Оның орыс тіліне жетіктіінің арқасында орыс және Еуропа әдебиетінің кейбірі қазақ тіліне аударылды. Сонымен қатар, Абай, Ыбырай, Ғабиттердің шығармаларын тұңғыш рет орыс тіліне аударған да Нәзипа ханым еді.

Колледж қабырғасында оқып жүрген білім алушылар да педагогикалық тәжірибе барысында Алтынсариннің қалдырғын өнегесін жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін өз сабақтарын да, сыныптан тыс іс-шараларында, тәрбие сағаттарында тиімді қолданып келеді. Баланы еңбекке тәрбиелеуде, еңбекке үйретуге үлгі-өнегелі Ыбырай шығармалары бір күш қуат беретіндей. Бұдан түйетін ойымыз балалар шығармалар арқылы өз бойларына жақсы әдеттерді сіңіре біледі, еңбектің пайдасын жете түсінетіндігін білдіреді.

Халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ы.Алтынсариннің ғылыми және әдеби еңбектері – бүгінгі жастарға берер ғибраты мол, асыл мұра. Ыбырайдың шығармалары көлемі жағынан кішігірім болғанымен үлкен тәрбиелік мәні бар, әрбір әңгімесі – тәрбиенің қайнар көзі.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: Алматы;
2. Ы.Алтынсарин. Елтұтқа.-Астана: Күлтегін, 2001.
3. Ы.Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы
4. Нәзипа Құлжанова. Г.А. Карібжанова. Семей 2012 ж
5. Н.Құлжанова -ағартушы, қайраткер Г.А. Карібжанова. Алматы «Арна» баспасы 2004 ж.
6. Қазақ тәлім тәрбиесі С.Қалиев. Қ.Жарықбаев Алматы «Жалын» 1986 ж.

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ РУХАНИ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ**

*Н. Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің оқытушылары  
Хасенова З.Р., Ахметова А.Т.*

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң-мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына презенттік махаббатын арнаған, туған халқының халқының игілігі үшін бар күш жігерін

жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген [1.236].

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі-Б.Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды, ағартушы ғана емес халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу-маржан жырларын жақсы біліп еңбегіне арқау еткен. Ыбырай мұрасы адамзат баласының рухани азығы. Ендіше, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат -мүдделеріннің кәдесіне ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға.

Ал оның заманы тарихтың аумалы-төкпелі кезеңі болған еді. Өйткені Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан кейін-ақ енді қазақ жерінде Ресей патшалығының сұғы қадалып, жаулауы басталған-ды. Қазақ халқы небір зорлық- зомбылық, зобалаңды басынан өткізіп жатты.

Намысқа шапқан қазақ батырларыбастаған азаттық жолындағы күрестер біріне-бірі жалғасқан еді.

Исатай-Махамбет, Кенсары-Наурызбай, Сырым батыр, Едіге, Есет пен Бекет Жанғожа, Сұраншы-Саурық тәрізді батырлардың есімі қазақ тарихында алтын әріппен жазулы...

Ауыр заманда білім алып, ат жалын таратып мінгесін-ақ Ыбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын тек білім деп есептеді.бұл ретте ол болған жоқ. Байтақ Қазақстанның әр өңірінен ұлт басына төнген қауіпті терең сезініп, ұлттық құлдыраудан құтылудың жолдарын көрсеткендер болды.

Солардың ішінде ұлы Абайдың орны ерекше. Абай мен Ыбырайдың ақындық, ағартушылық еңбектері бірін-бірі толықтырып, үндесіп жатты. Олардың бұл үндестігін терең зерттеп дәлелдеген ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов болды.

Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқала тіршіліктің өзекті мәселелерін көтеруге бет бұрды. Ол қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар негіздеді. Шиленіскен тартыстар, соны бейнелер, бұрын болмаған жанрлар арқылы әдебиетті мазмұн жағынан ғана емес, түр жағынан да дамытты [2.206].

Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері қысқа да әсерлі әңгімелері қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алды. Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы «Қазақ хрестоматиясы» (1879) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңмен ашылады. Ақын бұл өлеңдерді өз кезінде «Сөз басы» деген атпен алған. Қазір бұл өлеңдер «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген атаумен мәлім. Ол халық ағарту ісіне арнаған әдеби туындыларын да оқу- білімді насихаттаудың ұтымды әдісінің қажеттілігін көрсетті. Оқу білімнен кенже тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығармалардың айрықша ұтымды екенін, әсерін терең сезінді, сенді. Қазақ жастарын білім алуға, мәдинеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға сіңіруге шақырады. «Кл,балалар оқылық» өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебнр пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды.

1) Істің болар қайыры

Бастасаңыз алдалап.

Оқымаған жүреді

Қараңғыны қармалап.

2) Надандықтың белгісі-

Еш ақылға жарамас...

Жөн білмеген адамға

Қыдыр ата дарымас...

«Бұл өлеңнің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі – оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында», - деп атап көрсетеді ғалым Ә.Дербісалин «Ы.Алтынсариннің әдеби мұралары» деген еңбегінде. Мысалы, мал байлығын салыстыру, білімсіз, еңбексіз байлықтың баянсыздығы т.б.

Ал «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде сол тұстағы ғылым мен техниканың ең басты жаңалықтары толық қамтылып, өнер мен білімге қолы жеткен халықтың экономикалық жағынан озықтығын әр салада көрсетеді. («Сарай салғызды», «Балықтай жүзу», «Өнер-жігіт көркі», «Сіздерге бердім батамды» т.б.)

Ыбырайдың «Жаз», «Өзен» өлеңдері көркемдік келісім жағынан (халық өмірімен байланыс, өлкетану т.б.) оқушының жан дүниесінде жайдары сазім туғызып, көңілді әсер қалдырады. Табиғат көріністерін суреттеу жағынан да Ыбырай мен Абайдың арасындағы үндестік бар. Бұлда бір қазақ балалары үшін рухани азық.

Ыбырайдың табиғат тақырыбындағы өлеңдерінен ақындық шеберлігі де көніп тұр. Зерттеушілер бұл өлеңдерінің халық арасына кеңінен таралғанын атап көрсетеді. Сондай-ақ ағартушы ғалым бала тәрбиесіндегі ананың еңбегіне ерекше мән беріп, ана махаббатын терең сезіммен жырлап, сол арқылы баланың ата-ана алдындағы перзенттік парызын есіне салып, ғибратты сөздер, пайымды ойларды мұра етіп қалдырды. Бұл өлеңдерді біз бастауыш сыныптардан-ақ жатқа айтып жүрміз. («Бұл кім?», «Ананың сүюі», «Балғожаның хаты»...)

Ыбырай Алтынсариннің мұрасының бірі-проза жанры болды. Оның «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан хакім», т.б. бір сыпыра шығармалары қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған. Бұл еңбектерінде өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді [3.856].

«Бай баласы мен жарлы баласы» - Ыбырай шығармаларының биік шыңы. Ол, біріншіден, озық ойларының жемісі әңгіме оқушысын еңбек етуге өмір сырын ұғына түсуге бағытайды. Үсеннің іс-әрекетін жазушы сүйсіне жазады. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттері еңбекке қатысына қарай бағалайды. Бұл әңгімектен сол уақыттағы өмір көріністерін, көшпелі тұрмыстың беймаза тірлігін көреміз. Қазақ энциклопедиясы жазушының бұл әңгімесіне орыстың сол кездегі озық ойлы адамдарының көңіл аударғанын Н.Иванов журналисттің орыс тіліне аударып, «Родник» журналының 1890 жылғы 6 – санында жарияланғанын атап көрсетеді.

Ыбырай Алтынсариннің айтулы шығармаларының бірі - «Қыпшақ Сейітқұл» . Сейітқұлдың іс әрекетінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысуы, бұл кәсіптің тиімді тәсілдерін қолдануы (шығыр салу, арық қазу т.б.) сөйтіп оның айналасындағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екенін сипаттайды. Әңгіменің тәрбиелік жағы – осындай жаңашылдық бағытында. Сол арқылы қоғамдық құбылыстарман жұртшылықты кеңінен таныстыру мақсаты көзделген. Әрі бұл әңгіме тарихи болған оқиғаның негізінде жазылса керек. Оны автордың өзі атап көрсетеді.

Ы. Алтынсариннің ұрпағына қалдырған мұрасы – ұлан-ғайыр. Небәрі жарты ғасырға жуық өмір кешкен ұстаздың өнегелі еңбегі жан – жақты зерттеліп, туған халқының керегіне жарауда.

Оның күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының әнұраны «Біз болмасақ, Сіз барсыз, үміт еткен достарым», - деп өзі бастаған оқу – ағарту жұмыстарының алуан қырлы асқарлы істерін, бүкіл ұлт болашағын келер ұрпағына үлкен үмітпен жүктеп, келешектен қуаныш күткен ұлы ұстаздың тындырғаны көп болса да, түнек құрсауындағы қалың елінің білім нәрінен жаппай сусындатып, ғылым мен өнер үйренуінен армандауымен кеткен.

Көркем әдебиеттің күрделі жанры – әңгіме екені белгілі. Өйткені үлкен жанрдағы шығармаларға қойылатын талаптар әңгіме, новелла тәрізді (1-2 эпизоттан тұратын көркем қысқа әңгіме) шағын шығармаларға қойылады.

Бұл тұрғыдан алғанда Ыбырайдың әңгімелері түр мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, негізгі мәселені жинақы, тартымды, әсерлі жеткізеді. Өзінің озық идеяларын жеткізуде

жазушы халық тілінің байлығын шебер пайдалана біледі. Оның шығармаларының бұндай қасиеттері олардың жастарға да, үлкендерге де ортақ екендігін көрсетеді.

Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев: «Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрлысының шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар», - деп жазды.

Бұл аталған ерекшеліктер жазушының барлық әңгімелеріне ортақ. Мектеп оқулықтарына енгізілген әңгімелерін идеялық нысанасы жағынан жүйелер болсақ, еңбекті сүю, қадірлеу, жақсы мінез-құлыққа бағыттау, халқын сүю махабат-мейірім (ана-бала) перзенттің парыз т.б. өмірдің өзекті мәселелері қамтылғанын көреміз[4.596].

Халықымыздың рухани өмірі аспанында, халықтар достығының қайнар бастауында мәңгілік жарқырап тұрған үш жарық жұлдыз бар. Олар: Шоқан, Ыбырай, Абай! Ыбырай қазақ даласының сол кездегі қараңғылықтағы, езілудегі халін, экономикалық саяси жағынан қатты күйзелудегі халін ұға білген және қалың бұқараның осындай ауыр жағдайдағы күн көрісін, тіршілігін өз шамасында жеңілдету үшін бойындағы қуатын, ойындағы ақылын аянбай жұмсаған адам. Ол өзінің ағартушылық, ақындық – жазушылық қызмет – еңбегін осы жолға жұмсаған қайраткер ғалым. Қазақтың ұлы демократтарының бірі.

Қорыта келгенде Ыбырай Алтынсарин – реалист жазушы, ағартушы, педагог. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескер, тұңғыш кемеңгер.

Ыбырай салған сара жол – бұл күндері қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын табуда.

Ы.Алтынсаринның шығармаларын зерттеу арқылы ол шығармалардың жеке тұлғаны қалыптастыруда алатын қаншалықты маңызды екенін көрсету.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ә.Сыздықов Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969 ж.
2. М.Ақынжанов Қазақ ағартушыларының қоғамдық – саяси көзқарастарының қалыптасуы. А, 1955 ж.
3. Ә.Ламашов Ы.Алтынсариннің ізімен 1987 ж.
4. С.Өскенбаев Ы.Алтынсарин-балалар порзасының негізін салушы, 1966 ж.
5. С.Шайманов Ыбырай – жастар туралы, «Торғай таңы» 1971 ж.
6. Ахметова Ә. «Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы». Алматы, 1992 ж.

## **«НАСЛЕДИЕ ЫБЫРАЯ – ДУХОВНАЯ ЦЕННОСТЬ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА»**

Овчаров Михаил Владимирович, мастер производственного обучения

КГКП «Казахстанский агротехнический колледж» Управления образования акимата

Костанайской области

Человечество всегда стремилось к пониманию своего прошлого, к сохранению и передаче ценных знаний и опыта от одного поколения к другому. В этом стремлении особенно важную роль играет понятие "наследие". Оно не только представляет собой традиции, но и духовные ценности, которые формируют нашу культуру и идентичность. Одним из таких наследий, которое оказывает значительное влияние на человечество, является наследие Ибрая Алтынсарина.

Ибрай Алтынсарин – это имя, которое звучит как эхо в горах Центральной Азии, отражая богатую культурную и духовную историю этого региона. Наследие Ибрая Алтынсарина является неотъемлемой частью этой истории и представляет собой духовную ценность, которая оказывает влияние не только на жителей Казахстана, но и на всё человечество.

Ибрай Алтынсарин занимает почетное место в ряду исторических деятелей, составляющих национальную гордость казахского народа. Вся свою сознательную жизнь этот выдающийся просветитель посвятил делу борьбы за народное образование. Его деятельность, протекавшая в условиях крайней экономической и культурной отсталости казахского общества, стала замечательной страницей в истории культуры казахского народа. Первые свои шаги Ибрай Алтынсарин сделал на нашей кустанайской земле, которая дала вдохновение многим известным казахским литераторам и акынам, просветителям. Но именно Алтынсарин был тем первым и щедрым истоком просветительства, несущим казахскому народу образование, передовые педагогические идеи и культуры. [1]

Ибрай Алтынсарин был пламенным борцом за прогрессивное развитие казахского народа. Он заложил основы общего и профессионального образования в крае, открыв начальные школы, ремесленные и женские училища.

Ибрай Алтынсарин был настоящим патриотом своего народа, любил его всем сердцем и душой. Талантливый юноша, считавший целью своей жизни не погоню за карьерой и чинами, а просвещение народа, с 1860 года с увлечением занимается педагогической деятельностью, становится народным учителем. [2]

Обладая поэтическим даром, совершенным умом и бескорыстной душой он всегда останется в истории педагогической мысли Казахстана. Выбрав нелегкую стезю, порой неблагоприятную стезю - просвещение всего казахского народа, Великий учитель в одном из своих писем напишет: «...Я не отступлюсь от коренных своих убеждений и стремления быть полезным своим родичам, насколько хватит моих сил». Эти слова до конца дней стали его жизненным кредо. Его убежденность и подвижничество принесли большие плоды уже в начале XX века. [3]

Выдающаяся историческая заслуга Алтынсарина заключается в том, что по его инициативе при самом непосредственном его участии была создана в Казахстане сеть народных светских школ.

В педагогической деятельности Ибрая Алтынсарина важное место занимают вопросы воспитания и обучения детей. Он придавал огромное значение роли учителя как главного двигателя всего учебного и воспитательного процесса в школах. Он считал, что учителя должны любить своих учеников и быть любимы своими учениками и их родителями. И тогда можно будет достигнуть целей, стоящих перед воспитанием и образованием. По Алтынсарину школа должна давать реальные знания, помогать в умственном развитии и нравственном совершенствовании ребенка. Он считал, что естественные предметы должны составлять основу содержания школьного курса, считая, что знание их лучше всего способствует формированию у учащихся передового мировоззрения [4]. Физическое и трудовое воспитание он также рассматривал как важную составную часть общегуманистического воспитания.

Для достижения всеобщего образования немаловажное значение он придавал подготовке учительских кадров из числа коренного населения для организуемых им учебных заведений. Как и передовые русские просветители и педагоги, он придавал исключительно важное значение роли учителя в школе. Полагая, что результаты всей разносторонней деятельности школы зависят в первую очередь от учителя, от его знаний, педагогического мастерства и организаторских способностей, Алтынсарин всячески поощрял творческие

искания и отстаивал необходимость предоставления учителю известной свободы в его педагогической работе.

В образовании казахской молодежи, в воспитании ее в духе высокой человечности, а также в распространении в степи русской демократической культуры открытые им школы имели неоценимое значение. Оказавшие положительное влияние на всю общественную жизнь казахского народа, они в свое время были подлинными очагами культуры и заняли почетное место в истории культуры казахского народа. Таким образом, в условиях своего времени И. Алтынсарин совершенно на пустом месте закладывал систему казахских школ по примеру передовых русских, чем способствовал ее включению в мировой образовательный процесс.

Также мы не можем не отметить публицистическую деятельность Ибрая Алтынсарина. Публицистическое наследие представляет огромную художественную, историческую и познавательную ценность. Основную часть его составляет богатая переписка казахского просветителя с русскими друзьями, учителями и различного ранга представителями народного образования. Она проливает свет не только на личную жизнь автора, но и на действительность казахского общества того времени. В ней автор, выходя далеко за рамки частных и личных вопросов, постоянно затрагивает насущные социальные проблемы, в решении которых так остро нуждался казахский народ. Глубокое и масштабное понимание вопросов истории и современной ему жизни родного народа, верное прогнозирование его светлого будущего в содружестве с русским народом, а также принципиально новый, интернациональный подход к вопросу, когда он коснулся культурно-экономических отношений русского и казахского народов – вот что отличает статьи Алтынсарина. Их пронизывает вполне осознанное чувство патриотизма и народности. [5]

Если внимательно отнестись к документам, касающимся деятельности И. Алтынсарина можно открыть много интересного и полезного. Педагог-просветитель потратил немало сил и энергии на открытие ремесленных и сельскохозяйственных училищ, придавал исключительное значение подготовке из среды коренного населения специалистов, необходимых для экономического развития Казахстана [6]. Местные власти Торгайской области с большим пониманием отнеслись к предложениям Алтынсарина. Ему удалось убедить, начальство, что организация ремесленных классов в казахской школе не только необходимо, но и полезно. Он рассматривал возможность изучения различных ремесел по степени их полезности и необходимости для учащихся школ. На первое место было поставлено портняжное дело, которое может доставить заработок и быть полезным для семьи. Сапожное и шорное дело тоже необходимо, ибо ни один казах не обходится без сапог, сбруи и седла для лошади. Гончарное дело необходимо приветствовать, т.к. заменить деревянную посуду глиняной казахи не могли из-за ее дороговизны. Кузнечное дело также весьма полезно в жизни казахов, оно необходимо для изготовления седельного прибора, ножей и других предметов быта. Знающий это ремесло, найдет себе работу и в городе и в степи, где возрастающее с каждым годом земледелию требуются в большом количестве косы, серпы и телеги. В своих планах И. Алтынсарин отмечает, что учащиеся должны заниматься ремеслами два-три раза в неделю.

Таким образом, можно говорить о том, что Ибрай Алтынсарин положил начало профессиональному образованию в казахской степи. Начав дело с открытия ремесленного училища имени Я.П. Яковлева в Тургае, организовал первую женскую ремесленную школу, ремесленные классы при двухклассных училищах. Алтынсарин добивался организации в Костанае сельскохозяйственного училища. Поступления казахских детей в Красноуфимское промышленно-техническое училище. Особое внимание уделял организации учительских школ. Первая кузница для подготовки педагогических кадров была открыта в 1881 году в г. Орске. Немало сделал Алтынсарин и для того, чтобы помочь казахской молодежи продолжить образование. По его инициативе небольшой группе казахской молодежи, из

числа успешно окончивших волостные и уездные школы, были выделены стипендии и предоставлена возможность продолжать учебу в Троицкой и Оренбургской гимназиях, даже в Казанском университете, а также в Красноуфимском реальном училище и Кустанайской сельскохозяйственной школе. Далеко не всем планам Алтынсарина суждено было осуществиться.

В 1883 году им было создано Тургайское Яковлевское ремесленное училище со столярно-токарным, слесарно-кузнечным и портняжным отделениями. В дальнейшем на территории Казахстана появились первые средние и профессиональные учебные заведения, где выпускники имели возможность получать первоначальное профессиональное образование; а во-вторых, более талантливые учащиеся могли поступать в высшие учебные заведения.

Плоды неустанных трудов И. Алтынсарина чувствуются в созданной им системе. По имеющимся подсчетам, к началу 1917 года в Казахстане насчитывалось 32 ремесленных отделения при школах, где обучалось около тысячи детей. Примерно в 270 школах существовали классы трудового обучения.

Таким образом, можно считать, что именно ремесленные отделения явились основой становления профессионального образования в Казахстане. Профессиональная школа в Казахстане была представлена тремя направлениями: сельскохозяйственными, ремесленными и педагогическими училищами.

Одной из ключевых черт наследия Ибрая Алтынсарина является его поэтическое творчество. Его стихи проникнуты глубокими философскими мыслями, которые до сих пор вдохновляют и задумывают читателей. В его поэзии звучат универсальные истины о жизни, любви, вере и человеческих ценностях, которые остаются актуальными на протяжении веков.

Кроме того, Ибрай Алтынсарин был известен своими философскими взглядами, которые оказали значительное влияние на формирование менталитета казахского народа. Его идеи о мудрости, справедливости, искренности и гостеприимстве стали неотъемлемой частью культуры Центральной Азии и продолжают вдохновлять людей по всему миру.

Более того, наследие Ибрая Алтынсарина пронизано духом толерантности и взаимопонимания. Его творчество и мысли способствуют укреплению духовных связей между различными культурами и народами, поощряя уважение к различиям и стремление к миру.

Сегодня, в эпоху быстрого технологического развития и глобализации, наследие Ибрая Алтынсарина приобретает особую значимость. Оно напоминает нам о важности сохранения духовных ценностей, которые связывают нас с нашим прошлым и определяют нашу идентичность. Оно также призывает нас к сближению и взаимопониманию между различными культурами и народами, ведь в этом заключается ключ к гармонии и миру на нашей планете.

Таким образом, наследие Ибрая Алтынсарина является духовной ценностью человечества, которая олицетворяет в себе мудрость, красоту и богатство казахской культуры. Оно учит нас уважению к традициям и ценностям других народов, а также к стремлению к миру и взаимопониманию. Поэтому сохранение и передача этого наследия следует стать приоритетом для каждого из нас, ведь в этом заключается не только наше прошлое, но и будущее нашей планеты.

Ибрай Алтынсарин – талантливый сын своего народа, гордость нации. Он внес большой вклад в развитие культуры казахского народа, его труды и все его творчество вошло в золотой фонд нашей истории, оставив последующим поколениям неисчерпаемое богатое наследие. Таким великим он остался в памяти казахского народа. Мне бы хотелось, чтобы его произведения, переводы были доступны каждому читателю, редкие архивные материалы опубликованы, ну а молодое поколение с благодарностью изучало творчество



талантливого поэта и переводчика. Значение Алтынсарина в истории народного образования в Казахстане очень велико. Деятельность Алтынсарина представляет для нас огромный интерес с точки зрения развития общественной мысли и его места в истории народного образования и казахской литературы. Мы отдаем дань уважения Алтынсарину за его выдающуюся деятельность в качестве первого народного учителя, первого организатора народных школ в Казахстане и первого – теоретика, вышедшего из среды казахского народа.[7]

#### Список использованной литературы

1. Рыщанова У.М. Калинова С.Н. Кустанай Областной историко-краеведческий музей, 1991 г.
2. Иллюстрированная история Казахстана, том третий, Алматы 2005 г(с.38).
3. [https://www.inform.kz/ru/nasledie-velikogo-uchitelya-ibraya-altynsarina-aktual-no-i-segodnya-zasluzhennyi-deyatel-kul-tury-rk-g-kasymzhanova\\_a2420663](https://www.inform.kz/ru/nasledie-velikogo-uchitelya-ibraya-altynsarina-aktual-no-i-segodnya-zasluzhennyi-deyatel-kul-tury-rk-g-kasymzhanova_a2420663)
4. Антология педагогической мысли Казахстана, Алматы, 2012 г.
5. История казахской литературы, том второй, 1979 г (с.113)
6. «Қостанай облысы» -историко – публицистический сборник материалов, Костанай, 2018 г.
7. Кусаинова К.А. Статья «Созвучие идей великого педагога с современностью» Костанай, 2017 г.

## **IV-СЕЦИЯ:ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰРПАҚ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ**

### **ӨСКЕЛЕН ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

Әбдірахман Алтынай Ерханқызы,  
химия пәні оқытушысы,  
«Арқалық медициналық колледжі» МКҚК

Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу әрқашан қазіргі білім беру саласының маңызды міндеттерінің бірі болды, өйткені балалық және жастық шақ Отанға деген қасиетті сүйіспеншілік сезімін ояту үшін ең құнарлы кезең. Патриоттық тәрбие дегеніміз-оқушылардың туған өлкеге, елге, оның табиғатына, ұлттық және өзіндік мәдениетіне деген сүйіспеншілігін біртіндеп қалыптастыру. Қазіргі білім беру орындарында патриоттық тәрбие бойынша жұмыс бірдей маңызды және өзекті. Ол ұлттық мәдениеттің бастауларымен танысуға, өз елі үшін, өз халқы үшін сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімін қалыптастыруға, оның жетістіктеріне, батырлық өткеніне құрметпен қарауға, туған өлкеге, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға бағытталған.

Білімалушылардың патриоттық тәрбиелеу бойынша жоспарлы жұмыс оң нәтиже беретіні сөзсіз. Колледждегі сыныптан тыс іс-шаралар патриоттық тәрбиеде үлкен әлеуетті мүмкіндіктерге ие.

Қазақстан мемлекеті мен қоғамын дамыту жас ұрпақты тәрбиелеу саласында жаңа міндеттер қояды. Осы міндеттерді ескере отырып, мектептен кейінгі жалпы білім ордасында білімалушыларға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы артады. Тәрбиенің бұл бағыты лайықты азаматтарды қалыптастыру, білікті және мықты Отан қорғаушыларды даярлау ісіне елеулі, ал кейбір жағдайларда шешуші үлес қосуы тиіс.

Сондықтан патриоттық тәрбиені жаңғырту қажеттілігі бүгінгі таңда тәрбие жұмысының басым міндеттерінің бірі болып табылады, патриоттық тәрбие отандық дәстүрлерді, ұлттық-өңірлік ерекшеліктерді, қазіргі педагогикалық тәжірибенің жетістіктерін ескере отырып, тәрбие мәртебесі туралы сапалы жаңа идея негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Біздің әрқайсымыз үшін қарапайым, түсінікті және ең құнды шындықтар: отбасыларымыздың амандығы, қонақжайлылық пен еңбекқорлық, тұрақтылық, қауіпсіздік пен бірлік, ертеңгі күнге деген сенімділік. Біз мәңгілік елдің мызғымас жеті негізін нығайтуға, сақтауға және ұрпақтан ұрпаққа беруге шақырамыз:

«Мәңгілік Ел» идеясының негізінде шоғырландыратын құндылықтар-азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; стипендия мен білімге табынушылық; зайырлы ел - толеранттылық елі.

Қазақстанның егеменді дамуының 33 жылында барлық қазақстандықтарды біріктіретін және еліміздің болашағының негізін құрайтын басты құндылықтар жасалды. Бұл құндылықтар-уақыт сынынан өткен Қазақстандық жолдың тәжірибесі.

Біріншіден, бұл Қазақстан мен Астананың тәуелсіздігі.

Екіншіден, біздің қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.

Үшіншіден, бұл зайырлы қоғам және жоғары руханият.

Төртіншіден, индустрияландыру мен инновация негізінде экономикалық өсу.

Бесіншіден, бұл Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Алтыншыдан, тарихтың, мәдениеттің және тілдің ортақтығы.

Жетіншіден, бұл ұлттық қауіпсіздік және еліміздің жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық қатысуы [1].

Бұл жағдайда азаматтық тұрақты және табысты мемлекеттің ең сенімді негізі болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында білім беру жүйесі жаңғыртылуда. Отандық білім беруді жетілдіру қажеттілігі бірқатар басым мемлекеттік міндеттерден

туындады: әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіру үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды қалыптастыру, әлемдік нарықтық экономика мен ашық азаматтық қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің деңгейі мен сапасын арттыру, өскелең ұрпақта этномәдени және азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бойынша тиімді тетіктерді, инновациялық технологиялар мен әдістемелерді енгізу, мемлекет тарихын, мемлекеттік тілді, Қазақстан халықтарының ұлттық мәдени құндылықтарын білуге негізделген, тәрбиеленушілерде патриоттық құндылықтарды қалыптастыру бойынша шет елдердің тәжірибесін пайдалану, қазақстандық патриотизм идеяларында ұлттық тәрбие жүйесін байыту.

Ұлттық тәрбиенің заманауи әдіснамалық негізі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы болып табылады.

Азаматтық, патриотизм. Азамат болу нені білдіреді? Сұрақ қарапайым да, бос та емес, әсіресе жақын арада колледж бітіріп, ересек адам болатындар үшін. Ересек адам-ересек азамат, барлық құқықтарды пайдаланатын және мемлекет заңдарында белгіленген өз міндеттерін орындауы керек адам.

Біздің білімалушылар азамат бола ала ма? Бұл олардың қазір айналада болып жатқан оқиғаларға, өз әрекеттеріне қалай қарайтынына, адамға оның дұрыс емес әрекеттері туралы не ойлайтынын айта алатынына байланысты.

Қазіргі білімалушы не ойласа да, не істесе де, оның ойлары үнемі болашақ мамандыққа бет бұрады. Онда жас жігіт өзін азамат, патриот ретінде толық түсінуі керек. Бұл өзін-өзі анықтауда мемлекеттің жас мамандарына көмектесу үлкен рөл атқарады.

Қазіргі өскіннің, еліміздің болашақ сенімді азаматының ең өзекті және іргелі сипаты- бұл адамның еңбек қызметіне деген оң көзқарасынан тұратын еңбекқорлық. Еңбекқорлық өмірде өте маңызды - бұл қажет, өйткені адамның өзін қажет сезінуі, жақсы нәрсе жасағанын, жақсы нәрсе жасағанын, осы өмірде із қалдырғанын білу табиғи нәрсе. Еңбекқорлықты тәрбиелеу керек - оны қайта тәрбиелеудің қажеті жоқ, ол өзімізде, бұл біздің мәніміз. Еңбекқорлықты ерте жастан бастап сақтау керек және балаға жұмыс істеуге және бізге көмектесуге мүмкіндік беру керек, содан кейін оны қызықтыратын және шынымен ұнататын салада еңбекқорлық таныту керек.

Біздің бүгінгі қоғамның адамгершілігі бізге адамдар арасындағы шынайы адами қарым-қатынасты талап етеді: теңдік, жолдастық, өзара сыйластық және көршілерге қамқорлық. Дәл осы талаптар Қазақстанның педагогикалық қоғамы талқылайтын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізі болып табылатын мінез-құлық ережелеріне негізделеді.

Әр түрлі халықтардың әдет-ғұрыптары әртүрлі. Айырмашылықтар тарихи және жергілікті жағдайларға, халықтың табиғатына және басқа факторларға байланысты. Сондықтан біз бір халықтың әдет-ғұрпын екіншісіне таңдамауымыз керек.

Тәрбиені дамыту мәселелері, сөзсіз, Қазақстанның ертеңгі күні, біздің қоғамымыздың жас ұрпақты тәрбиелеуде, шығармашылық дамытуда, азаматтық қалыптасуда тамыры бар елдің ұлттық қауіпсіздігі туралы құндылық бағдарлары туралы сөз болғанда ерекше назар аударуға лайық.

Бүгінгі таңда біздің елімізде қоғам мен тұтастай мемлекеттің заманауи қажеттіліктеріне бағытталған тұтас тәрбие жүйесі құрылды. Сондықтан соңғы жылдары Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінде тәрбиені дамыту ең басым бағыттардың біріне айналды. Білімді, адамгершілік, іскер, таңдау жағдайында өз бетінше шешім қабылдауға дайын, ынтымақтастық пен мәдениетаралық қабілетті адамды тәрбиелеуге мемлекеттің әлеуметтік тапсырысы [2].

Мәңгілік Ел - бұл біздің Қазақстан халқының ұрпақтары алдындағы жауапкершілігіміз, әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіруге арналған лайықты және Ұлы Қазақстанды дамыту стратегиямыз. Біздің Мәңгілік Ел құруымыздың бастауы тәрбиенің жаңа құндылық моделі болып табылады, өйткені білім беруде, басқа салалардағы сияқты, бүкіл халықпен бірге ел тағдырын құруға тура келетін осындай балалар мен жастарды тәрбиелеу мен оқытуда үлгі болу қажет.

Қазақстандық патриотизм - бұл елді басқаруға, жалпыұлттық міндеттерді шешуге сүй және сындарлы қатысу қабілеті. Бұл бағыт гуманизмге, қазақ халқының тіліне, тарихы мен әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілік пен құрметке негізделген азаматтық ұстаным мен патриоттық сананы, құқықтық және саяси мәдениетті, дамыған ұлттық сана-сезімді, ұлтаралық қатынастар мәдениетін, әлеуметтік және діни толеранттылықты қалыптастыруға, оның үздік дәстүрлерін сақтауға және дамытуға, басқа халықтардың мәдениеттерін зерделеуге, қабылдауға және игеруге бағытталған Қазақстан. Қазіргі жағдайда тәрбиеленушілердің құқықтық санасын қалыптастыру, балалар мен жастар ортасында заңсыз көріністерге қарсы тұруға дайын болу ерекше маңызға ие.

Азаматтық - бұл қоғам мен мемлекет дамуының әртүрлі деңгейлерінде әрекет етуші субъект және саяси-құқықтық белсенділік объектісі болуға мүмкіндік беретін әлеуметтендірілген тұлғаның интеграцияланған қасиеті.

Рухани - адамгершілік тәрбие адамның этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қалыптастыру үшін жағдай жасауды, қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келуді, адамның адамгершілік, әлеуметтік құнды мінез-құлыққа, оны әлеуметтендіруге мотивациясын қалыптастыруды көздейді. Өз міндеттерін түсінетін және қабылдайтын, өмірді және өзін, адамгершілік мінез-құлық нормалары тұрғысынан өз іс-әрекеттерін дұрыс бағалай алатын, өзін, қабілеттерін, рухани-адамгершілік өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктерін білетін тұтас тұлғаны тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие - Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайларында сұранысқа ие жеке тұлғаның, азаматтың және патриоттың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың мақсатты процесі. Ұлттық тәрбие феноменіне үш компоненттің өзара әрекеттесуі арқылы қол жеткізіледі - балалардың ұлттық қадір-қасиетін, ұлттық мақтаншы мен ұлттық ар-ожданын қалыптастыру. Достық, толеранттылық және өзара түсіністік рухында тәрбиелеу, ғылыми және мәдени жетістіктерді тәрбиелік мақсатта пайдалану.

Зияткерлік тәрбие-бұл әрбір білім алушыға оның зияткерлік мүмкіндіктерін дамыту мақсатында жеке педагогикалық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың бір түрі. Тұлғаның зияткерлік әлеуетін дамыту мақсаты бәсекеге қабілетті ұлтты моральдық және зияткерлік тұрғыдан қалыптастыруға бағытталған. Оқушылардың белсенді ақыл-ой әрекетін дамытуды, олардың санасын сенімді, қарапайым біліммен байытуды, ақыл-ой қабілеттерін, қызығушылығын дамытуды көздейді [2].

Еңбек тәрбиесі еңбек ету дағдылары мен дағдыларын, жоспарлау қабілеттерін, материалдарды үнемді жұмсауды, жеке гигиена мен қауіпсіздік ережелерін сақтауды, болашақ мамандықты таңдауға саналы көзқарасты қалыптастыруды қамтиды. Балаларда, жасөспірімдерде және жастарда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары мен дағдыларын, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне адал, жауапты және шығармашылық қатынасты, ұжымда, командада жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады; адамның қажетті ресурстарды жұмылдыра отырып, өз іс-әрекеттерінің мәні мен салдарын дұрыс бағалай отырып, олардың шынайы әсерін барынша арттыра отырып, өз бетінше, белсенді және жауапкершілікпен әрекет ету қабілеттерін, яғни жаңа өндіріс пен қоғам құру.

Дене тәрбиесі дене қабілеттерін дамытуға, дененің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге, моториканы қалыптастыруға, ерікті қасиеттерді тәрбиелеуге бағытталған. Адамның тұлға ретіндегі психологиялық даму деңгейі адамның қажеттіліктерінің санымен, әртүрлілігімен және үйлесімділігімен анықталады. Адамның қажеттіліктері неғұрлым көп болса, оның психологиялық даму деңгейі соғұрлым жоғары болады. Салауатты өмір салты денсаулыққа деген көзқараспен адамның ең жоғары құндылығы ретінде анықталады, оны адамның өмірлік мақсаттары мен міндеттерін орындауының оңтайлы алғышарты ретінде қарастырады.

Экологиялық тәрбие-табиғатқа ұқыпты жауапкершілікпен қарауды дамытуды қамтамасыз ететін экологиялық білім, Дағдылар, дағдылар, көзқарастар мен сенімдер

жүйесін қалыптастырудың мақсатты, ұйымдастырылған процесі. Бұл адамның табиғатқа және оған деген қарым-қатынас этикасына этикалық көзқарастарын қалыптастыру және қалыптастыруды, табиғи ресурстардың жай-күйі үшін жеке жауапкершілік сезімін және адамдардың олармен ақылға қонымды қарым-қатынасын тәрбиелеуді қамтиды.

Көпмәдениетті тәрбие жаһандану жағдайында әлемнің этникалық бейнесінің алуан түрлілігін қолдауға арналған. Бұл этникалық мәдениеттерді сақтау мен дамытудың, олардың құндылықтарын тәрбие мен оқыту практикасына енгізудің және білім берудің өзекті мәселелерін шешудің құралы болып табылады [3].

Так, в образовательных модулях специальности «Дизайн интерьера» студенты получают профессиональные навыки и знания по академическому рисунку, живописи, композиции, декоративно-прикладному искусству и др.

Живопись и рисунок играет важную роль в организации внутреннего пространства помещения и выполняет функции не только украшения, но и изменяет зрительное восприятие, обогащает интерьерное пространство и формирует неповторимый стиль, создает уникальную, индивидуальную атмосферу в интерьере.

Профессиональные дизайнеры часто обращаются к предмету ручной работы, такие вещи делают интерьер индивидуальным. Таким элементом декора является декоративная графика и живопись. Интерьерные картины способны обогатить пространство и поставить необходимый акцент в оформлении интерьера.

Связи с чем студенты выполняют задания по графическому изображению различными материалами.

При выполнении задания декоративного оформления, студенты первоначально работают над эскизами, основываясь правилами композиции и приемами стилизации. Поскольку стилизация делает объект искусства понятным то сейчас широко используется также и в дизайне интерьеров.

На первый взгляд стилизованные картины, могут выглядеть весьма примитивными. Но на самом деле вся суть стилизации в том, что через простые линии, формы, цвет передается суть композиции, стержень замысла.

Стилизация – это процесс придания творческому произведению черт другого стиля. В изобразительном искусстве при помощи данного приема предметы либо фигуры обретают упрощенные формы. Её также используют в музыке и литературе. Стилизация делает объект искусства понятным.

Более того, стилизация тесно переплетается с современным, передовым искусством – Авангардизм, главным признаком которого является изменение средств и форм изображения, при помощи других приемов.

Авангардисты в живописи исследуют новые формы, цвета, композиции и материалы, а также играют с восприятием и смыслом произведения искусства. Цитата Пабло Пикассо: «Я рисую предмет так, как представляю его, а не так как вижу», в полной мере говорит о сути стилизации.

В связи с чем, когнитивный труд студента в процессе стилизации, становится частью самообразования.

Самообразование студентов - это неотъемлемая часть учебного процесса. С помощью которого, обучающиеся могут дополнительно приобрести знания, умения, навыки и применить полученные знания в обучении, в процессе которого они расширяют круг своих знаний, кругозора из дополнительных источников, научных исследований, статей, публикации и др.

Важным воспитательным аспектом в данном образовательном контексте является самостоятельное изучение студентами народных традиций и обычаев, в результате которых молодые люди получают важные знания культурно-нравственных ценностей.

Ведь, работая над эскизом студент демонстрирует не только свои практические навыки и знания, но и закладывает в работу сюжет, образы, отражающие в себе сущность культурных традиций и обычаев. Тем самым, способствуя в формировании молодого человека, высоконравственную личность.

Так, например, выбрав тему древнейшей традиции «Бата беру» обряд благопожелания - «давать благословение». Он связан с верой в то, что благодаря доброму и искреннему пожеланию честного и праведного человека можно достичь поставленных целей и желаний.

В своей работе необходимо найти символический язык, опираясь в глубину традиции.

К примеру студент берет за основу круг (Рисунок 1.), «*дәңгелек*» –символизирующий солнце. Круг символизирует идею вечности. Не случайно в основу жилища казахского народа взят именно круг - Шанырақ.



Рисунок 1. «Бата беру»




Рисунок 2. «Тоғыз құмалақ»

В центре композиции изображен главный элемент - слегка раскрытые ладони. В дополнение сюжета, студент дополняет стилизованными фигурами животных – звериный стиль, заимствованных с наскальных изображений. Тем самым, повествуя о том, что Бата беру, уходит своими корнями в незапамятные времена. Он связан с верой в то, что благодаря доброму и искреннему пожеланию честного и праведного человека можно достичь поставленных целей и желаний. Получить благословение у самого уважаемого и почтенного аксакала считали за честь.

На второй работе (Рисунок 2.) студент изобразил композицию посвященная древней национальной настольной игре «Тоғыз құмалақ», развивающая логику и смекалку, математическое мышление и выдержку (*В 2020 году ЮНЕСКО включило эту игру в репрезентативный [список нематериального наследия](#)*).

Цветовая гамма выбрана таким образом (пастельные), где отсутствуют яркие контрастирующие цвета, чтобы зрителя погрузить в атмосферу прошлого. Цвета, приближенные к природным, отражающие быт кочевого народа (изделия из кожи и кашмы, дерево и др.). Орнаменты намерено упрощены с прямоугольные формы, напоминающие о рунических письменностях кочевников в период Тенгрианства. В центре композиции две девушки в национальной одежде, олицетворяющие грацию мысли и красоту игры.

Важно отметить, что исходные материалы, студенты черпают из орнаментов, которые в символической форме отражает внутренний мир человека и то, что его окружает. Это узоры из ритмически упорядоченных элементов, которые гармоничны по рисунку, композиции, цвету.

Прообразом для казахского орнамента, служили предметы и явления окружающего мира, соединенные с магическими обрядовыми знаками.

Самые распространенные типы казахских орнаментов:

Зооморфные - стилизованные изображения животных, имеющих большое значение в жизни народа — лошадей, баранов, верблюдов, птиц. Это узоры «рога», «ступня», «птичье крыло», «горб верблюда», «гусиная шейка».

Растительные - стилизованные изображения цветов, тюльпанов, листьев, трилистников, веток, деревьев. Чаще всего такими вышитыми узорами украшали одежду.

Геометрические - состоящие из простых геометрических фигур — треугольников, квадратов, зигзагов. К ним относят клинообразные, бордюрные, узоры «крючок», «амулет». Такие элементы самые древние, ими украшали тканые ковры, их до сих пор используют в амулетах, тумарах.

Космогонические знаки (круги, спирали, кресты) - которые символизировали солнце, звезды, землю. Края ковров часто украшали элементом бесконечности [2].

Работы, выполненные в рамках темы «Стилизация в декорировании интерьера в этническом стиле» отражают в себе национальные орнаменты, т.к. символика до сих пор актуальна, потому что в ней культурная самобытность казахского народа. Образы

композиции переработаны, видоизменены, достигнутые художественным обобщением, отбрасыванием подробностей, упрощением линий контура. Объекты, герои становятся более выразительными, понятными и узнаваемыми для зрителя. Используется ассоциативное мышление, приёмы стилизации, создаются новые образы, передается характер и атмосфера. При всем этом, не теряется национальный колорит.

Удачно подобрав технику, материалы и цветовую гамму, легко улучшить атмосферу интерьера. Стильно и необычно выглядят картины, выполненные от руки, которые обладают способностью привлечь внимание своим благородным блеском, необычайным переливам, фантастическим орнаментом.

Данную парадигму необходимо популяризировать в воспитании молодежи, синтезируя ее с учебным процессом. Поскольку описанная концепция может применяться в разных направлениях (специальностях), поскольку этническое творчество находит свое отражение в народном танце, музыке, национальных украшениях, предметах быта, одежде и т.д.

Таким образом, студенты на занятиях не только изучают и применяют свои профессиональные знания и навыки, но и активно вовлекаются в воспитательный процесс, опираясь на Казахские национальные культурные традиции и обычай.

Для дальнейшего успешного развития страны большое значение имеет воспитание на основе духовных ценностей патриотов своей родины, которые в будущем смогут достойно решать стоящие перед ними задачи. В связи с этим концептуальные основы должны быть ориентированы на повышение воспитательного потенциала образовательного процесса, интеграцию обучения и воспитания, обновление методологии и содержания воспитания.

В заключении, как писал Чингиз Айтматов: «Использование положительных идей народной педагогики в учебно-воспитательном процессе – в настоящее время неотложная задача современного учителя. И в воспитании молодёжи мы должны сочетать прогрессивные идеи с бесценным опытом, накопленным народом» [3].

### Список литературы

1. п.п. 1), 2) и 3) статьи 11 Закона Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III;
2. <https://www.nur.kz/family/school/1551418-kazakhskiy-ornament-ego-znachenie/>;
3. С.Г.Аслялиева. Значение традиций казахского народа в воспитании молодежи [Текст] Журнал: [Вестник Атырауского университета имени Х.Досмухамедова](#). – 2016.

## ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – БОЛАШАҚ ТІРЕГІ

Каппасова Шамшырак Еркиновна  
жаратылыстану ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші  
Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі,  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

«Адамның жақсы болуы тегінде емес,  
тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде.  
Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады:  
ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан.  
Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе,  
содан көп жұғады  
(Абай Құнанбаев)

«Тәрбие басы – тал бесік» деп халқымыз бекер айтпаған. Адамға бәрінен бұрын білім емес, тәрбие керек. Әл-Фараби атамыз айтқандай: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы әрі апаты». Тәрбие мәселесінің тамыры тереңде жатыр. Білімді ұрпақ – мемлекеттің болашағы. Бүгінгі күннің басты талабы жас ұрпақты дені сау, санасы ояу, ақыл-ой қабілеті жоғары, мәдениетті, парасаттылық қасиетін бойына сіңірген іскер, т.б. тәрбиелеу болып саналады. «Адамды жан-жақты тәрбиелеп, тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу, тәрбиелеу керек!» – деп атақты педагог К.Д.Ушинский айтқандай, тәрбие мен білім егіз. Тәуелсіз елдің тірегі – білімді ұрпақ десек, соңғы кездері білім мен ғылымды дамыту мәселесі күн тәртібінде тұр. Сабақ пен білім өркениеттің өзегі саналғанына ешкім қарсылық білдірмейді. Рухани-адамгершілік тәрбиенің негізгі міндеті – студенттердің өмірінің қарқынды түрін, мәтіндер мен істердің тұтастығын қамтамасыз ету, жалпы қабылданған моральдық нормалардан ауытқулардың алдын алу. Топ жетекшісі мен ата-аналардың өзара әрекетінің ерекшеліктері – орыс педагогы айтқандай: К.Д.Ушинский «Мұғалім тек өз пәнінен сабақ беріп қоймауы керек, сонымен бірге мұғалім, тәрбиеші, адал, әділетті және шыншыл адам болуы керек!». Олай болса, оқытушы сабақта қойған үш мақсаттың үшеуіне де қол жеткізіп, білім мен тәрбиені ұштастыруымыз керек. Колледжде оқу жылының басында негізгі пәндер бойынша әр білім алушының білім деңгейі анықталады. Топ жетекшісі ата-ана, білім алушы, пән оқытушыларын байланыстырушы ғана емес, қарым-қатынастарын басқарушы, бақылаушы, кеңесші.

Бала өскен сайын, оның тәрбиесі де күрделеніп, оған қойылатын талаптар да күшейе түседі. Ақыл-ойының дамуы, ұнамды мінез-құлқын қалыптастыру ең негізгі міндетке айналды. Оның негізі отбасында мектепке дейінгі жаста қаланады.

Бала жақсы адам болып өсуі үшін ол күн сайын отбасы мүшелері арасындағы ең жарасымды, ең әділетті қарым-қатынастардың куәсі болуы керек. Отбасының негізгі міндеті – баланы еңбек етуге, жарқын сезімдер мен нұрлы мұраттарға тәрбиелеу және адамдар арасында өмір сүре білуге үйрету. Бұл қасиеттердің бәрі отбасы-ошақ қасында қалыптасып нығаяды. Мұнда әсіресе отбасындағы ересек адамдар өздерінің жеке бастарының өнегесі арқылы жас балалардың бойында сезімдерді қалыптастырады.

Қазіргі балаларды бұрынғылармен салыстыруға болмайды. Ертеректе балалармен жұмыс жасау бүгінгіге қарағанда әлдеқайда жеңіл болған. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсетіп, айтқаныңды екі етпейтін. Қазіргі балаларымыз бір үйдің еркесі, бір үйдің жалғызы дегендей. Оларды тек «алдап» көндірмесең ештеңе істете алмайсың. Тағы да бір қынжылтатын мәселе – қазіргі балалар уақытын пайдалы істерге жұмсамай, компьютердің алдында өткізеді. Ол баланы еңбек етуден алыстатып, ойлау қабілетін төмендететіні сөзсіз.

Білім алушыларды колледжде берген соң ата-ана оқытушымен тығыз қарым-қатынаста болып, оны дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс. Еліміздің өркендеуі, дамуы, болашағы қазіргі жас ұрпағымыздың тәрбиелі, жан-жақты білімді болуына көп байланысты. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен.

Кез келген халықтың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – өз ісін, өмірін жалғастыратын дені сау, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Аға ұрпақтың қоғам алдындағы үлкен жауапкершілігі – қоғамның болашақ иелерін жан-жақты ересек, дана, мәдени-ғылыми салада озық етіп тәрбиелеу. Ал жастарды жан-жақты қабілетті шебер етіп тәрбиелеуде ұлттық әдет-ғұрыптардың тәрбиелік, тәрбиелік мәні зор. Қазақ халқы ұлы рухани байлықтың мұрагері саналады. Ежелгі ата-бабаларымыздың күміс көмейі, сырнайдың үні, жазған әсем әндері, ғашықтық жырлары, мақал-мәтелдері, тәтті тілді мәтіндері, шешендік өлендері өз ұрпағын сегіз қырлы, бір сырлы, өнерлі, көркем өнегелі санамен, жоғары намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық.

Егеменді еліміздің туын желбіреткен егеменді еліміздің келешек ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына өршіл, мейірімділік, кішіпейілділік, инабаттылық,

елжандылық сияқты ізгі қасиеттерді сіңіруде ата-бабамыздың салтын ұстанып, елін, жерін, Отан сүюшілік секілді ең асыл қасиеттерді бойымызға сіңірсек жақсы болар еді.

Енді жастар арасында мемлекеттік тәрбиені, заманауи адамгершілік әдет-ғұрыптарды, жомарт адамгершілік қасиеттерді дамытып, оларды ұтымды іске асыру маңызды міндеттердің бірі екенін жоққа шығару мүмкін емес. Соның салдары ретінде мемлекеттік мәдениеттің, әдебиеттің, тілдің, этникалық педагогиканың жағдайы мен болашағы жас ұрпақтың білім алуына тікелей байланысты. Бала тәрбиесінің алтын бесігі – отбасы. Бұл шағын әлеуметтік топ – бала үшін өмір мектебі..

Ата-ана баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Балалардың болашағы олардың өмірден татар несібесі мен еншісінің үлес салмағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты болады.

Осының нәтижесінде ата-аналар өз балаларын еңбекқор, өз мемлекетінің жанашыр азаматы етіп тәрбиелеуге міндетті. Үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы кезеңі балабақшадан басталып, белгілі бір бағдарламалық негізге баса назар аудара отырып, ол мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарды жоспарлауға және отбасына педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталды. Ата-ананың жоғары педагогикалық білімі олардың өз балаларының тәрбиесі үшін қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады.

Тәрбиенің жетекші мақсаты тәрбие тұжырымдамасында тұжырымдалған: «Әр адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керектігін, мемлекеттің болашағы тек соған байланысты екенін есте ұстауы керек. Ұлттық әдет-ғұрыптар мен әдет-ғұрыптар оған осындай қорытынды жасауға көмектеседі, олар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке енуге және өз халқының мәдени игілігін басқа халықтар үшін жақын және түсінікті етуге мүмкіндік алады. Соның нәтижесінде кез келген ұрпақ өз заманының, өткеннің тағдыры мен талабын бейтарап сәттер ретінде танытып, сол ұрпақты өмірге дайындап, бойына жинақталған дағды негізінде тәрбиелеп, ұландарының рухани мұрасын меңгеруі тиіс.

Қорыта айтқанда, қазір жастарды адамгершілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу үшін ұлттық салт-санамызды, әдет-ғұрпымызды, дінімізді, ата-бабамыздан қалған үгіт-насихаттық мұраларымызды жастардың санасына сіңіре білу – басты міндетіміз болуы қажет. Өскелең ұрпақты өз Отанын сүйуге, қорғауға, оны аялай білуге баулу, білім алушылардың бойында отансүйгіштік пен адамгершілік сананы қалыптастыру – әрбір отбасының, егемен еліміздің иесінің парызы. Мемлекеттің келешек ұрпағы, мінсіз жердің иесі, жастарды тәрбиелеу – біздің және сіздердің басты міндеттеріңіз. Ата-бабамыздың тәжірибелік мәтіндері тәрбиенің қайнар көзі десек, осы үгіт-насихаттың тасымалдаушысы болып саналамыз. Бұл қоғам алдындағы үлкен міндет ретінде жауапкершілікпен қараған жөн.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. М.Жұмабаев «Педагогика» Алматы 1993 ж.
2. «Бала тәрбиесі» журналы №7 2003 ж.
3. «Мектептегі психология» №8 2011ж.
4. Қ. Қабылова Халықтық педагогиканың бала тәрбиесіндегі рөлі 2005 ж
5. Қазақстан мектебі журналы №3 2014 ж.

## **ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ**

Кумарбекова Дамира Даниярқызы,  
арнайы пәндер оқытушысы  
«ҚИнЭУ кәсіпкерлік колледжі» ЖМ

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу –



оқытушылардың алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Ұрпақ тәрбиесі — ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін рухани және ұлттық құндылықтар ұлттық сананы қалыптастырушы негізгі факторлардың бірі. Сондықтан да, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы, ұлттың тұнып тұрған асыл мұрасын, рухани байлығын болашақта еліміздің тұтқасы болар балаларды отаншылдыққа баулу, халқына адал, отансүйгіш тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған міндет болып табылады. Әлемдік қауымдастықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуіміз – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Балаңды өз тәрбиемен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде студенттердың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесінші – атамекені. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Ұзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым»-дейді. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Қазақ халқы ежелден-ақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Тәрбие құралдарын таба білген. Батырлық та, даналық та осы тәрбиеден бастау алады. Өйткені, тәрбиенің өзі нағыз ұлттық құндылық! Қазақтың тарихы мен мәдениетінде, салт-дәстүрлерінде, ауыз әдебиетінде әлі де болса беті ашылмай жатқан тәрбие құралдары көп. Соларды ашып, зерделеп, қазіргі этнопедагогика, этнопсихология ғылымдарымен ұштастырып, бүгінгі ұрпақтың игілігіне жаратуымыз қажет. Мысалы, қазақтың нақыл сөздері мен мақал-мәтелдері — тұнып тұрған тәрбие құралдары. Халқымыз Көп сөз көмір, аз сөз алтын деп бекерге айтпаған. Азда болса, мәнді, мағыналы сөзбен ұрпағын тәрбиелеп, психологиялық ерекшелігін сақтап, бірлігін қорғап, нығайтып, дамытып отырған. Сондықтан, ең дамыған 30 елдің қатарына ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып еңсек, болашағымыз баянды бола түседі. Осы орайда Біртұтас тәрбие бағдарламасының маңызы мен берері мол деп сенемін. Себебі ұлттық тәрбие қазіргі таңда елімізде орын алып отырған көптеген оңтайсыз мәселелерді жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы деп ойлаймын. Жалпы адам баласы әрқилы. Сол әрқилылық жеке адам болмысын қалыптастырады. Соған орай біреу — өнерге жақын, екінші біреу — спортқа жақын, үшінші — саясатқа, төртінші — білімге, бесінші —

билікке, ... Осылай жалғатыра беруге болады. Осылардың ішінен жастардың спортқа деген қызушылығы зор.

Жалпы жастардың жат әдеттен бойларын аулақ ұстап, салауатты өмір салтын ұстануға үндеу студенттерге міндеті. Спорт және дене шынықтыру — біздің мемлекеттік жастар саясатының маңызды бағыты. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде Мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр. Мен ойлаймын дене шынықтыру сабағына **Асық ойының бағдарламаға негізу керек.**

**Асық ойыны** – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ұлттық ойын түрлерінің бірі. Ойынның басты объектісі де, құралы да – асық. Аталған ойын, әсіресе, балалар арасында кең тараған. Оларды ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулитын тәрбиенің көзі. Тіліміздегі «қой асығы деменіз, қолайыңа жақса сақа қой» немесе «асығы алшысынан түсті», «бүге-шігесіне дейін анықтау» т.б. тіркестер тегін айтылмаса керек. Сондай-ақ қазақтар жақсы көрген жасты: «алтын асықтай» немесе «киіктің асығындай шымыр» деп атайтын үрдіс бар. Асық ойыны – әр өлкеде әртүрлі ерекшеліктерін сақтай отырып дамыған ұлттық ойындардың ішінде аса танымалы және қазақ халқының дәстүрлі ойындарының ең қызықты түрі. Сондықтан ғасырлар бойы халықтың зердесінде сақталып келген бұл ойын ұрпақ тәрбиелеудің құралы екені анық.

Одан кейін асық ату ұтыс ойынға жатады. Сол себепті, балалардың тез қимылдауын қалайды. Мергендігін арттырады, дәлдікке, есепке үйретеді. Қазақ баласының есепке жүйріктігі, міне осындай ойындарды ойнаудан қалыптасқан. Асықты ешкім қолдан жасап жатпайды. Табиғи нәрсе. Оның жақсы салмақты түрлерінен сақа жасайды. Бұл ойынды дамыту арқылы біріншіден, халқымыздың ежелгі дәстүрін жаңғырта аламыз, екіншіден генетикалық толық ойлау үрдісін қалыптастыруға сеп.

Ұлттық ойындар – педагогиканың дәстүрлі құралы. Ғасырлар бойы оларда ұлттық болмысымыз, халықтың еңбегі, ар-намыс, ер жүректілік, батырлық, ерік-жігер мен жеңіске деген ұмтылысы айқын көрініс тапқан. Ұлттық ойындардың өскелең ұрпақ арасында кең танылып келе жатқаны қуантады. Соның бір дәлелі ретінде, бүгін екі миллионға жуық оқушы еліміздің мәдени мұрасын сақтаудағы бірлігін тағы да көрсетті. Біз жас ұрпақты нағыз патриот ретінде тәрбиелеуіміз керек, – деп атап өтті министр.

Бұл ойын мазмұны жағынан ұтыс ойыны тобына жатады. Қазіргі ауыл және қала балаларының ойнап жүргені «асық ату» ойыны балалардың тез қимылдауын қалайды. Мергендігін арттырады, дәлдікке, есепке үйретеді.

Асықтың: алшы, тәйке, бүк, шік, омпа, шоңқа деген түрлері болады. Оның ішінде алшыны өте жоғары бағалаған. Өмірде жолы болған дәулетті адамдарды «Асығы алшысынан түсіп тұр» деп айтады. Асық ойыны балаларды ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа баулиды.

«Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әр алуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек!» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде айтқан екен. Мемлекет басшысы осындай жолдауларымен бастамашы топтарды қолдап жатқанда, біз тартынып қалмақ емеспіз. Ұлттық мәдени игілігімізді жаңғырту жолында аянбай тер төгуге әзірміз.

Қазіргі таңда, әсіресе компьютер мен интернетте күні бойы отыратын жастарды көз ауруынан құтқаратын, таза ауаға шығарып, қимыл-қозғалыс жасауға, денсаулықтарын шыңдауға көп пайдасын келтіретінін қазіргі медицина ғылымдары дәлелдейді. Менім жеке ойым өзіміздің ұлттық салт-дәстүрімізді, ұлттық құндылықтарымызды, ұлттық ойындарымызды, өскелең ұрпағымыз ұмытпаса екен, сол үшін ұлттық ойындарымызды оқыту бағдарламасына қосқан жөн деп.



#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ш.Елеуқенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
2. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
3. Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫ ӘРДАЙЫМ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕЙТІН, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАЙТЫН ПӘН

Мухамеджанова Мадина Альтаевна,  
«Кәсіби қазақ тілі» пәнінің оқытушысы  
КММ «Қостанай жоғары медициналық колледжі»

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуқенов.

Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті,

ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде студенттердің бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру.

Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім- болмысында. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;
- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін;
- оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтары әрдайым рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын пәндер болып табылады. «Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу» ұғымының астарында толыққанды тұлғаның қалыптасуы, оны қоғамға үйлесімді бейімдеу жатады.

Тұлғаны ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарға бағыттап оқытуда келесі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

- ойын-саяхат;
- сахналық қойылым;
- жағдаяттық әңгімелер;
- киелі жерлерге виртуалды экскурсиялар;

- мерекелік ойын-сауықтар;
- танымдық викториналар;
- сюжеттік-рөлдік ойындар, драматизация ойындары;
- моральдық-этикалық жағдайларды ойнату;
- тақырыптық әңгімелер, диалог негізінде пайымдаулар.

«Ауыз әдебиеті» тақырыбын өткен кезде ойын-саяхат, сахналық қойылым, жағдаяттық әңгімелер, киелі жерлерге виртуалды экскурсиялар, сюжеттік-рөлдік ойындар, драматизация, тақырыптық әңгімелер, диалог негізінде пайымдаулар әдіс-тәсілдерін қолданған тиімді. «Қазақтың классикалық музыкасы, ұлттық аспаптары», «Төрт түлік», «Төрт түліктің пайдасы», «Ұлттық тағамдар» тақырыптарын өту барысында мерекелік ойын-сауықтар, танымдық викториналар ұйымдастыру ұтымды.

Біздің алдымызда бабаларының игі дәстүрін сақтайтын, күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр. Отаншылдық сезім – ұлт рухы деңгейінің айнасы, өлшемі. «Баланды өз тәрбиенмен емес, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған рухани байлығымен өскелең ұрпақты сусындату – басты парызымыз. Тұлғаны ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік құндылықтарға бағыттап оқытуда әдіс-тәсілдерді келесі ұлттық ойындарға негіздеп қолдануға болады:

- «Арқан тартыс»;
- «Хан талапай»;
- «Құрақ құрау»;
- «Қыз қуу»;
- «Жаңарған дәстүр» ойындары.

«Хан талапай» ойыны асықпен ойналатын ойын. Асық нөмірленген. Нөмірге байланысты үлестірме алынады. Асық жерге шашылады. Студенттер талапайлап асық алып, нөмірлері бойынша сөйлем құрап, сұрақ қояды.

«Құрақ құрау» ойыны. Студенттер ұлттық ою-өрнектердің бейнелеу нақыштарының нені бейнелейтіні жайлы түсінік алады. Жапсырма қазақтардың бір бетіне ою-өрнек бейнеленеді, екінші бетіне сұрақтар жазылады. Сұрақтарға дұрыс жауап беру барысында құрақтар құрылып, толық бейне жиналады.

«Қыз қуу» ойыны. Әр топтан кезектесе бір қыз бен бір ұл ортаға шығады. Қыз бала 2 қадам алдыда тұрады. Сабақтың тақырыбы бойынша екеуіне кезек сөздерден сөз тіркесін құрау тапсырмасы беріледі. Әр сөз тіркесін құраған соң оқушы бір қадам алға адымдайды. Егер ұл бала белгіленген межеге дейін қуып жетсе, жеңіске жетеді. Жете алмаса, жеңіліс табады. Бұл әдіс «Ұлым- аспандағы жұлдызым», «Қызым – жағадағы құндызым» тақырыптарын өту барысында өте тиімді болып табылады.

Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, өзіндік ерекшелігі. Тұлғаны ұлттық құндылықтар негізінде адамгершілікке бағыттап оқытудағы негізгі мақсат – адалдық пен әділетсіздікті, жамандық пен жақсылықты, шындық пен жалғанды ажыратуға көмектесу, өмірге бейімдеу, елінің болашағын ойлайтын азамат тәрбиелеу.

Мәселен, мен өз жұмысымда сабақтың келесі түрлерін қолданамын:

1. Қайталау және жалпылау / «Адам денесінің бөліктері»/.
2. Түсіндірме-көрнекілік сабақ /«Ұлттық тағамдар»/.
3. Жаңа білімді бекіту сабағы. дағдылар. дағдылары /«Біздің Отанымыз»/.

Қазақ тілі сабағында қолданатын әдіс-тәсілдерім:

«Наурыз», «Ұлттық аспаптар» және т.б. тақырыптар бойынша кроссвордтар.

Мысалы, 1 наурыз «Алғыс айту күні» Бұл күні үлкендер мен балалар бір-біріне алғыс айтады, тіпті танымайтын адамдарға да алғыс айтады.

Бұл дәстүрді сабақтың ұйымдастыру кезеңінде өткізуге болады. Студенттер бір-біріне алғыс сөздерін айтып, жағымды энергиямен зарядталып, сабақ жақсы нотадан басталады.

Келесі «Шашу» рәсімі.

Қазақтар шаттыққа толы мерекелерде шаша тастайды. Әркім өз үйінде бірдей қуаныш болғанын қалайды. Үлкендер тәттілерді жинап, балалары мен немерелеріне апарды. Қазақтар мұның жақсы нышан, қуанышты оқиғаның оң энергиясы шаша арқылы таралатынына сенеді. Топты топшаға бөлу кезінде «Шашу» ырымын сабақта қолданамын. («Шашу» ғұрпы орындалады. Студенттер кәмпиттерді жинап, орауыштардың түстеріне қарай топқа бөлінеді. студенттердің көңіл-күйлері көтеріліп, рахаттана жұмыстарын жалғастырады).

Тарихқа көз жүгіртсек, киіз үйімізді мақтанышпен айтуға болады. Қазақтардың негізгі кәсібі көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы болғаны баршаға мәлім, бұл көшпелілердің қазақ киіз үйінің түрін алдын ала анықтап берді. Сөздік жұмысын орындау кезінде киіз үйдің бөліктерінің аттары беріледі. Студенттер киіз үйдің бөліктерінің аттарын жазып алулары керек. Сөйлем құрау. Қатысушылар тапсырмаларды орындай отырып, киіз үйді құрастырады. Бірінші тапсырма: кереге орнату. (Кереге туралы мағлұмат беріледі) Киіз үйдің сырғымалы торлы негізі болуы керек (қанат деп аталады). Бұл негіз қанаттардан немесе бөлімдерден тұрады. Керегенің қанаты көп болған сайын киіз үйдің көлемі де үлкен болады. Студенттер киіз үйдің көлеміне қарай (кергелердің санына) қарай «Қоңыр үй», «Боз үй», «Ақ үй», «Ақ орда» т.б атаулары болатынын біледі. Оқушылар тапсырмаларды орындап, кереге орнатады. Сұрақтарға дұрыс жауап берген топ көп ұпай алады.

Рефлексия кезеңінде студенттер қай үйде өздерін шебер ретінде сезінгенін атап өтеді. Бұл әдіс психотерапевтік, денсаулық сақтау функциясын орындайды: өз сезімдері мен ойларын айта отырып, студент сабақта не болып жатқанын тағы бір рет жазады, бұл материалды қайталауға және бекітуге негіз жасайды. Ең бастысы, студенттерді өз пікірін, өзіндік ұстанымын білдіруге шақырамыз.

Жас ұрпақты тәрбиелеудегі басты мақсат – ұлттық игіліктер мен адами құндылықтардың сабақтастығын сақтау. Ал өскелең ұрпақтың бойында жанашырлық, сенімділік, талапшылдық сияқты ұлттық қасиеттерді дамыту сияқты тапсырмаларды орындау арқылы ғана жетеміз. Ал, ұлттық сана-сезімі жоғары, өз елінің салт-дәстүрін, тарихын, мәдениетін білетін, сүйетін тұлға тәрбиелеу үшін мұндай жұмыстар әр сабақта жүргізілуі керек деп есептеймін.

Ұлттық құндылықтар негізінде жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіріп ұлттық болмысын жоғалтпаған, тарихын, мәдениетін меңгерген ұрпақ ой-өрісі кең жоғары интеллект иесі болары сөзсіз.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. М.Ибрагимов, А.Елубаева, С.Смақов, Д.Қалық. QADAM (Бастауыш білім беру деңгейі). Астана-кітап, 2021.
2. М.Ибрагимов, А.Елубаева, С.Смақов, Д.Қалық. QADAM (Негізгі орта білім беру деңгейі). Астана-кітап, 2021.
3. М.Ибрагимов, А.Елубаева, С.Смақов, Д.Қалық. QADAM (Жалпы білім беру деңгейі). Астана-кітап, 2021.
4. Е.С.Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы: «Рауан» баспасы, 1991.
5. Ш.Елеуқенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰРПАҚ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Мұхамеджан Нұрым Сырымұлы,  
биология пәнінің оқытушысы  
«Арқалық медициналық колледжі» КМҚК  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

Қазіргі уақытта мемлекеттік саясаттың өзекті бағыттарының бірі ұлттық білім беру жүйесін жаңғырту болып табылады. Халықтық педагогика, оның шығармашылығы бүкіл адамзаттың демократиялық мәдениетінің ғасырлар бойы дамуының маңызды жақтарының бірі. Мыңдаған жылдар бойы білім беру туралы көзқарастар қалыптасып, бекітілді. Халық педагогикасының зерттеушілері К.Д. Ушинскийден кейін өзара ерудің, халықтық және ғылыми педагогиканың өзара байытылуының орындылығы туралы мәселені әділ қойды. Халықтық әлеуметтік-педагогикалық практиканың терең тарихи, әлеуметтік тамыры бар. Ол көптеген педагогикалық нормаларды, әдістерді, тәрбие дәстүрлерін дамытты, олар арқылы біздің ата-бабаларымыздың өмір сүруге деген ұмтылысы, адамдар қоғамында өмір сүре білу, кейінгі ұрпаққа қажетті өмірлік ақпараттың барлық кешенін тиімді жеткізе білу сияқты күрделі өмірлік міндеттерді шешті.

Біз Д.М. Бурхиновпен, Д.А. Даниловпен, С.Д. Намсараевпен халық балаларды өмірге қажетті қасиеттерді, іскерліктерді, дағдыларды сіңіре отырып, өз бетінше тәрбиелеп, оқыта алады деген көзқараста ынтымақтасамыз. Ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы қоғамның табиғи күйі дамыды, онда ата – аналар жұмысқа барып, балаларын, әдетте, әкелер – ұлдарды, аналар-қыздарды өздерімен бірге алып жүрді. Мұндай қарым-қатынас процесінде аға буын жастарды оқытып, тәрбиеледі. Бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынас нәтижесінде халықтың жылтыратылған тәрбиелік дәстүрлері пайда болды [1]. Білім берудің халықтық дәстүрлерін В. Г. Белинский, Л. Н. Толстой сияқты көрнекті мұғалімдер зерттеді, Г. С. Сковорода, А. С. Макаренко, В. А. Сухомлинский және т. б.

В. Г. Белинский халықтардың педагогикалық мәдениетінің өзіндік ерекшелігіне қатты қызығушылық танытты. Белинский былай деп сұрақ қояды: «әр халықтың өзіндік ерекшелігі неде?» - және өз сұрағына жауап береді: «негізінен, оның біреуі діндегі, тілдегі және бәрінен бұрын әдет-ғұрыптағы объектілер туралы ойлар мен көзқарастар. Бұл әдет-ғұрыптар прототипі елдің климатында, үй және әлеуметтік өмір формаларында болатын киім үлгісінен тұрады, оның себебі халықтың сенімдерінде, ұғымдарында жасырылады. Бұл әдет-ғұрыптардың барлығы ата-баба ұрпақтарына мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Олар халықтың физиономиясын құрайды, ал оларсыз адамдар бет-әлпеті жоқ, арманы бұрын-соңды болмаған және орындалмаған» дейді [2].

Тәрбие мен білім беруде халықтық дәстүрлерді қолдану технологиялары ұсынылған, зерттеулерде З.З. Азашикова, Н.П. Едігова, Е. В. Кузнецова, И.О. Попова және т.б. ұлттық дәстүрлердің этномәдени ерекшеліктерін және олардың педагогикалық қолданылуын З.Х. Ионов, т.б. Кодзаев, А. Д. Койчуев, С. У. Пазов, В. Б. Тугов, К. К. Хурыз және т.б.

Ю. С. Тюнников, Ф. Ф. Харисов ұлттық дәстүрлер ұлттық сананы қалыптастыру процесінде үлкен рөл атқарады деп санайды. А. Зуннун, В. Г. Бальжиев, Г. И. Батурина, Ж. Г., Бешимов, Ф. В. Даминдарова және т. б. атап өткен адамгершілік тәрбиесіндегі ұлттық дәстүрлердің рөлі зор. А. К. Миноваров, Т. Романов, Т. У. Сәрсенбаева, Г. И. Батурина, К. Л. Лисова, Г. Ф. Суворованың еңбектерінде адамгершілік үлгілері талқыланады балаларды тәрбиелеу халықтық дәстүрлер [3; 4]. Г. С. Лисовенко халықтық педагогикалық даналықта тәрбие мен оқытудың формалары мен тәсілдерінің айқын дифференциациясы бар деп санайды. Олардың ішінде ерекше атап өтуге болады: табиғат, сөз, дәстүр, еңбек, дін және өнер [4].



Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлтжандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз. Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуқенов [5].

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. «Ту жанында қисық ағаш жатпайды» дегендей, сом тараулы тәрбие жолының тоғысар тұсы халықтың өзінде, ата –баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді [5]. Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын, сондықтан жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл-ойға сәтті кіруге көмектесетін жақсы жолбасшы керек. Ғалымның ісі – ғаламдағы заңдылықтарды ашып, оны сөзбен формулаға айналдыру. Әдіскердің міндеті – ғалымның ашқан жаңалығын білімге айналдырудың құралын табу. Педагогтың міндеті - ғалым мен әдіскердің міндетін кең көлемде қоса отырып, оқушының тұтас ойлау қабілетін қалыптастыру. Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерінен тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық мідеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде оқушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім-болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені.



Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі – өзім, екіншісі – халқым» - дейді. Қазақ халқының осындай дәріштеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, сұлу сөз сйқырлы үн, әдемі өң мен түрлі ләззат ала білетін, һәм байсалды, ойламды шымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Ұрпақ тәрбиесіне кешігу дегеніміз мертігумен бірдей. Тәрбие бала тумай тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

**Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:**

- сыныптағы тәрбие сағаттары;
- баспасөз және қабырға газеттері;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)
- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- саяхат жасау;
- үйірмелерге қатысу.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістітерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттайтын жүргізушіміз. Бүкіл қоғам болып қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бурхинов, Д.М. Народная педагогика и современная национальная школа Текст. / Д.М. Бурхинов, Д.А. Данилов, С.Д. Намсараев. Улан-Удэ : Бэлип, 1993. Библиотека авторефератов и диссертаций по педагогике <http://nauka-pedagogika.com/pedagogika-13-00-01>
2. Белинский, В.Г. избр. Пед. соч. М., 1970.14-15 б.
3. Сарсенбаева Т.У. Национальные традиции в семейном воспитании // Советская педагогика. 1984.№9. 28 б.
4. Лисовенко Г.С. Национальные традиции как средство духовно-нравственного воспитания школьников в условиях полиэтнического региона <http://www.dissercat.com/content/natsionalnye-traditsii-kak-sredstvo-dukhovno-nravstvennogo-vospitaniya-shkolnikov-v-usloviy>
5. Ш. Елеуқенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.

## ЖАС ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Оралбаева Салтанат .Усербаевна,  
арнайы пәндер оқытушысы,

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі КМҚК  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, оқу-тәрбие үдерісінде ұлт жандылыққа, отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – ұстаздар алдындағы басты міндет. Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

Ғасырлар шеруінде халқымыздың алақанына салып аялаған баға жетпес рухани мұрасы, даналық дариясы оның әдебиетінен көрініс табады. «Туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өседі. Жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ», - дейді аса көрнекті әдебиеттанушы Ш. Елеуқенов. [2, б. 12]

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу кезек күттірмейтін іс екені сөзсіз. Халық даналығында: «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар апат болады» деген сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі Адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін еңбекті қажет ететін аумағы кең, жауапкершілігі мол күрделі іс екенін ұқтырса керек. «Ту жанында қисық ағаш жатпайды» дегендей, сом тараулы тәрбие жолының тоғысар тұсы халықтың өзінде, ата –баба салт санасында, дәстүрінде. Жас ұрпақты ұлттық мақтаныш пен ұлттық патриотизм рухына қалай тәрбиелесек, еліміздің халқымыздың болашағы, даналығы да солай айқын көрінеді [1]. Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Сондықтан жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл-ойға сәтті кіруге көмектесетін жақсы жолбасшы керек. Ғалымның ісі – ғалымдағы заңдылықтарды ашып, оны сөзбен формулаға айналдыру. Әдіскердің міндеті – ғалымның ашқан жаңалығын білімге айналдырудың құралын табу. Педагогтың міндеті - ғалым мен әдіскердің міндетін кең көлемде қоса отырып, оқушының тұтас ойлау қабілетін қалыптастыру [2].

Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды олардың бойына сіңіру – ұстаз алдындағы үлкен міндет. Адамзат тарихында құндылықтар қалыптасуының негізгі ерте заманнан-ақ ойшылдар мен ғұламалардың назарында болды. Олардың тәрбиелік негіздері атадан балаға ұрпақтан-ұрпаққа ізгі қасиеттер мен сезім ниеттерден тұрады. Ұлттық құндылық белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Олай болса, ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізгі ізгілікті, ақылды адамгершілік, парасаттылық, имандылық міндеттерін ажырата біліп өзіне таңдау жасауы. Халықта «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру саласында халықтық педагогиканы енгізе отырып, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мінез-құлық мәдениетін меңгеруде білім алушылардың бойына ұлттық имандылық, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін қалыптастыру. Ұлттық тәрбие біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ол болашақ ұрпақты өмір сүруге тәрбиелейтін үлкен тәрбие кітабы. Ал тәрбие

тамыры тереңде-халық қазынасында, оның қадір қасиеті мен бітім- болмысында. Бұл қазына ұлттық құндылықтар арқылы бала бойына сіңетіні даусыз. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық құндылықтар белгілі бір ұлтқа ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ол-тәрбие мен оқытуға бағытталған мұрағаттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі – тілі, екіншісі – діні, үшіншісі – дәстүрі, төртіншісі – тарихы, бесіншісі – атамекені.

Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, ал сана арқылы түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Өз ұлтын қадірлеп, қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі:

Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» дейді.

Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеуім: бірі – өзім, екіншісі – халқым»-дейді.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне келешек ұрпақты ел жұртқа ие болатын азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа? Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, сұлу сөз, сыйқырлы үні әдемі өң мен түрлі ләззат ала білетін, хәм байсалды, ойламды шымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұстаған. Ұрпақ тәрбиесіне кешігу дегеніміз мертігумен бірдей. Тәрбие бала тумай тұрып, дүниеге келмей тұрып берілуі тиіс. Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз деген болатын. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор.

Жастардың бойында ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық сананы қалыптастырудың маңыздылығы – бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі. Осы ретте Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжіде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша әзірлеген біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізіліп тәрбие бағдарламасының негізгі идеясы, құрылымы, принциптерімен жан-жақты таныстыра отырып, алдағы оқу жылындағы негізгі жұмыс бағыттары айқындалды. Ұлттық құндылықтар, әдеби мұра, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мәдениет, өнер, тұрмыстық бұйымдар, ұлттық ойындар, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттер қазақ халқын өзге ұлттан ерекшеленіп тұратыны анық. Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді.

Білім беру ұйымдарының барлық тәрбие жұмысының мазмұнында **ұлттық мүдде, ар-ұят, талап** сияқты құндылықтар аясында жұмыстар атқарылады. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру, сезімін ояту біздің басты мақсатымыз. Яғни, бірлескен жұмыстың нәтижесі болмақ. Ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді сақтау дегеніміз ұлттық сананы сақтау.

Тәрбие – бұл көпжақты, үздіксіз, қоғамдық құбылыс. Сондықтан болашақ ұрпақ тәрбиесіне біртұтас ел болып ат салысу басты парызымыз! **Бұл ойдың растығы өмірлік тәжірибеде талай дәлелденді де. Балаға тәрбие беру – қоғамды қалыптастыру. Соның ішінде балаға ұлттық тәрбие беру – баға жетпес байлық.**

Ұлттық тәрбиемен сусындаған — ұрпақ ұлағатты болары хақ! Сондықтан да қадір-қасиет, ар-намыс, адалдық, патриотизм, жауапкершілік, әдептілік, мейірімділік, сүйіспеншілік, үлкенге ізет, кішіге құрмет сияқты қасиеттерге ие шығармашыл азаматты тәрбиелеу маңызды.

Біздің Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжіде осы бағытта тынбай жұмыс атқарып келеді. «Әр бала – жарық жұлдыз» - деген ұстанымды бетке алған оқытушылар қауымының, әр білім алушыны ұлттық тәрбие негізінде тұлға ретінде қалыптастырып, дамытуға бағытталған жұмыстарын атап өтуге болады.

«Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны», «Жұлдызды сәт» салт-дәстүрдің ең үздік білгірі сайысы, «Бес нәрсеге асық бол» құндылықтар сағаты деген сияқты білім алушылардың жеке дара қасиеттерін ашатын, ұлттық тәрбие негіздерін бойына сіңіретін шараларға жете көңіл бөлінеді.

Оқу тәрбие жұмысын дұрыс жолға қоюда ата-аналармен жұмыстың орны орасан. Сондықтан біздің колледжімізде ата-аналармен жұмыстардың алуан түрлері іске асырылуда. «Ата- ұрпақтың тірегі, әже- ұрпақтың жүрегі» өнеге сағаты», «Өнерлі отбасы», «Мен және менің отбасым», «Спорт – өмір серігі» отбасылық сайыстар жиі өткізіліп тұрады. Ата-ананы тек ата-аналар жиналысына шақырып қана қоймай, оларды әр түрлі сайыстарға қатыстыру арқылы оқу орнының өміріне белсене қатыстырамыз. Мұндай шаралардың ұлттық педагогика негізінде өтуіне ерекше назар аударамыз. Сонымен қатар ата-аналарға арналған ашық сабақтар, ойын-сауық кештері, тренингтер т.б. басқа шаралар ұйымдастырылады. Әр ата-ананың колледжде болып жатқан іс-шараларға деген қызығушылығы әр қалай. Соған қарамастан, ата-аналармен жүргізілген әңгіме - кеңесте тәрбие мәселесінде ата-ананың жауапкершілігі зор екендігі, отбасы тәрбиесінің маңызы, ұяда көргенінен өнеге алатындығы өне бойы сөз болды.

Осы тұрғыдан өз ұлтымыздың дана да дара тұлғалары туралы өткізілетін шаралар ұтымды шешім болып табылады. Мысалы, «Төле би – төбе би», «Ғасыр адамы», «Ұлттық мерекемізді ұлықтайық!» семинарлар, тәрбие сағаттары, әр түрлі кештерді атап өтуге болады. Өйткені еліміз мақтан тұтар алып тұлғаларды танып білу, олардың тәрбиелік мәні зор сөздерін оқып-үйрену арқылы білім алушыға бойында өз ұлтына деген мақтаныш сезімдері оянып, ұлттық рух қалыптасады.

Жас ұрпақты саналы, сергек етіп тәрбиелеу отбасы мен оқу орнының қызметкерлерінің бірден бір парызы.

Жоғарыда аталған қағидаларды ұстана отырып, Қазақстанда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибелерді, сан ғасырлық мәдени ұлттық дәстүрлерді ескере отырып, қазіргі білім мазмұнын жаңғыртуда, жаңа талаптар қоя отырып ұлттық рухта болашақ ұрпақты тәрбиелеу керек деп санаймыз.

Қазақ халқының кешкен тірлігі мен тұрмысы сонау көне ғасырдан бері жасасып келе жатқан бай ауыз әдебиетінде сақталған. Ұлттық құндылықтардың кең өрісті, келісті көрініс табуы – халықтың мақал-мәтелдерінде, шешендік сөздерінде, даналықтарында.

Қоғамның белгілі қайраткері, ақын **М.Шахановтың «халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек»** дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысуымыз қажет. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы оқушыларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» демекші, ата дәстүріміздің қалыптаса беруіне отбасы тәрбиесінің ықпалы зор. Әйтседе, күнделікті тірлікте ортақ тәрбие құралы – бұқаралық ақпарат құралдарын баса пайдаланып келеміз.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды».

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістігерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажетілі болып табылады.

Сонымен қорытындай келе, осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысайық!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ш.Елеуенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.
2. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
3. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №7, 2007.
4. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №5, 2002.
5. Сынып жетекшінің анықтамалығы/ №1(01) 2009.
6. Әдеп және жантану/ хрестоматия/ Атамұра Алматы, 1996.
7. Б.И.Иманбекова. Тәрбиеге жетекші. Алматы, 2004.
8. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». 2008 ж.
9. Өтешова.Б.«Ұлт ұрпағының дүниетанымын халық тағылымдары арқылы дамыту»-2007 ж. /42-43 бет. 118-бет/. Алматы-/168 бет.С/
10. Оразбекова.К. «Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында»- Алматы.2000. 543 /б.Б.31-38,58-70,90-94,218-220;С./

### **РОЛЬ ПРЕДМЕТА «ОСНОВЫ ПСИХОЛОГИИ И КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ» В ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОМ ВОСПИТАНИИ И ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КАЧЕСТВ СТУДЕНТОВ МЕДИЦИНСКОГО КОЛЛЕДЖА**

Сулейменова Балдырган Кужановна,  
преподаватель общепрофессиональных дисциплин

У великого Абая есть притча, которая заняла достойное место в знаменитых словах Назидания и станет лейтмотивом моего доклада.

Слово семнадцатое.

*Воля, Разум и Сердце обратились однажды к Науке, чтоб разрешить спор: кто из них важнее. Воля сказала: «Наука, ты ведь знаешь, без меня ничто не достигает совершенства: чтобы познать тебя, надо упорно учиться, а без меня этого не сделать. Нельзя, если меня нет, добиться в жизни богатства, мастерства, уважения, карьеры. Разве не я оберегаю людей от мелких страстей и держу их в узде, не я ли предостерегаю их от греха, зависти, соблазнов, не я ли помогаю им собраться и в последнюю минуту удержаться на грани пропасти? Как могут спорить со мной эти двое?»*

*Разум сказал: «Наука! только я способен распознать, какое из твоих слов полезно и какое пагубно. Только мне дано постигнуть твой язык. Без меня не избежать зла, не найти выгоды, не постичь знаний.»*

*Сердце сказало: «Я — владыка человеческого тела. Кровь идет из меня, душа обитает во мне, без меня жизнь немислима. Но люди не стараются сберечь меня в чистоте и от этого страдают сами. Будь я чистым, не стал бы я делать различия между людьми. Я восторгаюсь добродетелью, я восстаю против зла и насилия. Самолюбие, совесть, милосердие, доброта — все исходит от меня.» Выслушав их, Наука ответила: «Воля, ты все верно сказала. Ничего нельзя достигнуть без твоего участия. Но ведь в тебе таится и жестокость, равная твоей силе. Ты тверда в служении добру, но не меньшую твердость проявляешь и в служении злу. Вот что плохо в тебе. Разум! И ты прав. Без тебя невозможно добиться в жизни чего-либо. Благодаря тебе мы узнаем о многих вещах в этом мире. Но это не предел твоих возможностей. Лукавство и коварство тоже творения твоих рук. И добрый, и злой опираются на тебя, ты верно служишь и тому, и другому. Вот в чем твой изъян. Моя задача — помирить вас. Хорошо бы повелителем и вершителем в этом споре явилось Сердце. Оно не станет препятствовать в деле благоразумном, но в деле ненужном повяжет вас по рукам. Вам следует объединиться и во всем повиноваться Сердцу. Если вы все трое мирно уживетесь в одном человеке, то прахом с его ног можно будет исцелять незрячих. Не найдете согласия, я отдам предпочтение Сердцу. Береги в себе человечность» - сказала Наука.*

Развитие науки, техники и информационных технологий в нашем обществе достигло очень высокого уровня, но, к сожалению, наряду с этим, духовно-нравственные качества людей снижаются. Ситуация в мире становится все более и более опасной: мы становимся свидетелями межнациональных распрей, гражданских войн, актов терроризма, преступлений над незащитными детьми, женщинами и стариками.

Неоспорим тот факт, что знания без нравственности, образование без совершенствования характера, великие открытия без морали приносят вред обществу. Сегодня необходимо гармоничное развитие двух аспектов образования – интеллектуального (внешнее, образование для ума) и нравственно-духовного (внутреннее, образование для сердца). Необходимо слить образование и жизнь в одну прекрасную гармонию. Образование должно быть ради жизни, а не только ради заработка на жизнь.

Воспитание медицинских работников имеет чрезвычайную значимость и сложность, поскольку предполагает создание педагогических условий, в которых медицинский работник будет относиться к пациенту гуманно, с любовью, создавать для него «пространство милосердия» и «пространство добра и любви». Поэтому, воспитание будущих медицинских работников, его духовно-нравственный аспект – показывает, что профессию медицинского работника отличает от любой другой возможность постоянного проявления заботы, оказания профессиональной помощи нуждающемуся человеку. Труд медицинского работника, есть служение пациентам, каждый из которых требует особого внимания, заботы и опеки.

Медицинский работник должен любить свою профессию, сочетать в себе гуманность и интеллект, обладать особыми терапевтическими навыками поведения.

В нашем колледже я преподаю предмет «Основы психологии и коммуникативные навыки», который является базовой учебной дисциплиной в медицинском образовании и имеет ведущее значение в раскрытии творческого потенциала профессионально ориентированной личности. Знания, полученные по психологии и коммуникативным навыкам необходимы для овладения умениями и навыками, анализа психологических явлений, характеристики деятельности личности пациента и медицинского работника, самоанализа, самопознания и самосовершенствования личности необходимы для становления будущего специалиста. Для будущего медицинского работника необходима психологическая грамотность. Ведь психологическая грамотность – это первое начальное звено психологической культуры, которая характеризует культуру поведения, общения, культуру чувств, идеалы и жизненные ценности.

В моей педагогической практике есть бесценный опыт преподавания замечательной дисциплины «Самопознание», программа которой была основана на вечных общечеловеческих ценностях и нравственно-духовном наследии.

«Все в жизни происходит не просто так» — это концепция, с которой мы все знакомы, а для меня она имеет свой практический смысл, ведь очень многое из методики преподавания Самопознания я привнесла в преподавание предмета «Основы психологии и коммуникативных навыков». Я убеждена в том, что духовное развитие выступает критерием духовного развития личности. Будущий медицинский работник должен иметь доброе сердце, в любой жизненной ситуации не терять способности к выполнению своих профессиональных обязанностей по оказанию помощи человеку. Поэтому, основной задачей духовно-нравственного воспитания является формирование профессионального мировоззрения студентов-медиков на основе духовных ценностей. Студент-медик должен иметь сформированную потребность служить людям на основе любви, милосердия, самоотдачи.

Особое духовное своеобразие нашего Казахстана, основанное на полиязычии и полиэтнокультурности, многоконфессиональности и их неизменных нравственных составляющих, таких, как доверие, традиция, открытость, толерантность, значительно актуализируют проблему духовно-нравственного воспитания детей и молодежи.

Духовно-нравственное воспитание является ведущим компонентом системы всестороннего развития личности.

С давних времен казахскими национальными ценностями считались:

- свобода (в любое время, казахи могли за одну ночь собрать свою юрту и откочевать с семьей в другой аул или в бескрайнюю степь);
- взаимовыручка («асар» – это обычай, когда весь аул помогал построить дом или собрать новое стадо скота взамен сгоревшего жилища или павшего от джута стада);
- гостеприимство (обычай, обусловленный ценностью любого странника в безлюдных степях);
- уважение к старшим (это положительное явление, связывающее поколения).
- толерантность – это самая важная из наших ценностей и она является чисто казахской традиционной ценностью.

Эти, а также, другие ценности сохраняют свою актуальность в процессе духовно-нравственного воспитания и формирования профессиональных качеств у студентов медицинского колледжа на уроках психологии.

В содержании рабочей учебной программы дисциплины есть темы, освоение которых легко достигается благодаря обращению к национальным ценностям. Так, изучая тему: «Понятие и основные характеристики группы. Командообразование» мы говорим о взаимовыручке, и об обычае «асар». В теме «Особенности общения с пожилыми пациентами» - обязательно подчеркиваем национальную черту всех казахстанцев – уважение и почитание старших.

В основополагающей теме всего курса « Этика и деонтология в работе медицинского работника. Профессиональный имидж», говорим о толерантности, подчеркивая то, что медицинский работник должен оказывать медицинскую помощь пациенту независимо от возраста, материального положения, пола, расы, национальности, вероисповедания, социального происхождения, политических взглядов, гражданства и других немедицинских факторов. А основными характеристиками личности будущего медицинского работника являются : самоотверженность, трудолюбие, доброжелательность, оптимизм, решительность, скромность, принципиальность, ответственность, чувство собственного достоинства, сострадательность забота, нежность ласковость, честность.

Какой бы предмет мы не преподавали, следует всегда помнить - мы учим молодое поколение, и самым важным в процессе обучения является не накопление определённой суммы знаний, а становление достойной личности, обладающей хорошим характером, живущей согласно внутреннему голосу совести.

Ещё Шакарим Кудайбердыулы предлагал учёным разработать и вести в качестве обязательной для всех образовательных учреждений «науку Совести». Выдающийся казахский поэт и мыслитель полагал: «Основой хорошей жизни человека являются три качества, которые должны властвовать над всем: честный труд, совестливый разум, искреннее сердце. С молодых когтей нужно воспитывать в людях чувство высокой порядочности, самоуважения, что помогло бы изжить в себе животные инстинкты, искоренить пагубные вожделения».

Мы привыкли познавать и осваивать внешний мир, и забываем исследовать и познавать свой внутренний мир, то есть самих себя. Я же очень люблю свой предмет и стараюсь привить пусть не любовь, но обязательное уважение к этому предмету.

Один из приемов, который я использую на своих уроках, предоставляю возможность студентам посмотреть на себя со стороны как на совершенно постороннего человека. В других обычно очень ясно видны недостатки и слабости их и несоответствие слов с делами. В других нам неприятны и даже отталкивают некоторые свойства или особенности поведения. В себе они кажутся приемлемыми и простительными. И только отойдя от себя и смотря на себя со стороны, можно определить и увидеть недопустимость тех или иных свойств характера или поведения.

На уроках через игру, анализ ситуаций взятых из жизни, самовыражения через проявления своих творческих способностей, извлечение морали из изречений великих ученых, философов, писателей, через чтение притч, поучительных историй ведется диалог со студентами, в котором они познают себя, познают мир.

#### **Список литературы:**

1. Асимов М, Нурмагамбетова С, Игнатъев Ю. «Коммуникативные навыки»
2. Берикбаев Е. Традиционные духовные ценности казахского народа. Как они меняются?
3. Ибрагимова П, сотрудник Центра исследования проблем религий г.Нур-Султан. Роль традиционных национальных ценностей в казахстанском обществе.
4. Джамалова Э. «Обучение и воспитание личности на основе национальных ценностей»
5. Островская. И. – учебник для медицинских колледжей 2 издание, 2013 год.
6. Полянцева. О. Психология для средних ед.учреждений 6 издание, ООО "Феникс"
7. Унайбеков Р. «Формирование культуры межнационального общения молодого поколения Казахстана»

## **ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ МУЗЫКАНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Шакиров Нагашыбай Мейрамович,



Өнер – халық тарихының шежіресі. Өнерде өмір, тіршілік құбылыстары, адамның күйініш – сүйініші, қуанышы мен реніші бейнеленеді. Қазақ халқының басынан өткен қилы заман, тіршілігі мен тағдыры, салт – дәстүрі, өмір сүрген ортасы мен әдет – ғұрыптары ұлттық өнері арқылы ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып, тарих арнасына айналды.

Өнер – өмір серігі, ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінен туған құбылыс. Өнердің өзі әдебиет, сурет, сәулет және музыка болып бірнеше салаға бөлінетін болса, соның ішінде біздің сөз ететініміз – музыка өнері.

Музыка өнері – әр ұлттың ертеден келе жатқан мәдени талғамының бір арнаға құйылып, асқақты күйімен өрбіп, дамып отыратын сан ғасырлық үнінің жемісі.

Музыканың құдіреттілігін, оның адам сезіміне тигізер әсерін сиқырлы сұлу сөзбен, әсерлі тілмен жеткізуге болатын болса, онда музыканың қажеті бола қоймас деген ойымызды Д.Шостаковичтің «...если бы музыка могла выражать только то, что выражает человеческая речь, музыка была бы не нужна» деген пікірі нақтылай түседі [1].

Жеке тұлғаны талғампаздыққа тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда білімді, мәдениетті болып өсуінде музыканың алатын орны ерекше.

Музыка – адам сезімінің нәзік тілі, адамзаттың рухани азығы, өзінің көркемдік қуатымен, нәзік сырларымен адам жанын баурап, жақсы мінез – құлықтардың қалыптасуына өзіндік әсерін тигізеді.

Музыка – ғылымның бір саласы. Музыканың тілі арқылы біз табиғаттың әр түрлі көрінісін, жыл мезгілдерін, хайуанаттардың әрекеттерін, адамның мінез – құлқын, қайғы – қуанышын жеткізіп, білдіре аламыз. Музыка дегеніміз – өмірдің бір бөлігі. Күнделікті өмірдің өзі әр адамға музыка тілімен жетеді. Жеңіл ескен самал тербеген жапырақтар сыбдыры, қыр мен ойды қуалаған жел гуілі, құлдырай аққан бұлақ сылдыры, бұлбұлдың үні, бозторғайдың шырылдаған даусы, тұлпар тұяғының дүбірі, бәрі дыбыс, бәрі үн. Бірақ дыбыс атаулының бәрі музыкалық дыбыс, бәрі де адам өміріне қызмет етеді деп түсіну қателік. Дыбыстың ең жоғары қызметі – адамға эстетикалық ләззат, рухани азық сыйлау. Мұндай қызметті музыкалық дыбыс қана атқарады. Музыкалық дыбыс – өзіндік мәні мен маңызы, қадірі мен қасиеті, ерекшелігі бар дыбыс. Мәні – адамның аңсаған арманы, қуанышы мен күйінішін, өмір құбылыстарын сан алуан сиқырлы иірімдер арқылы санаға жеткізіп, жүрекке құйып беретіндігінде. Маңызы – сиқырлы, сүйкімді ырғақтарымен, тебіреністі тербелістерімен адамды дүние сырын түсінуге, сұлулықты сезінуге жетелейді.

Тәрбиенің басты саласының бірі эстетикалық тәрбие десек, эстетика мен музыка тәрбиесіндегі ортақ мәселелерді қарастыру адамды табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап, бағалауға, түсінуге тәрбиелеп оқыту болып табылады.

Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды, жақсы мен жаманды ажырата білуді қалыптастырып ұсқынсыз, жағымсыз нәрсені танытады.

Жасөспірімдердің талғампаздығын тәрбиелеуде, эмоциялық сезімталдығын қалыптастыруда, азаматтық – эстетикалық тәрбие беруде музыканың алатын орны ерекше.

Жастарға эстетикалық тәрбие беруде халық музыкасының маңызы зор. Қазақтың ұлттық музыка өнері – ғасырдан-ғасырға дәуірлеп келе жатқан сарқылмас өнер. Уақыт зымырап, жылдар жылжып өткен сайын тамырын тереңге тартып, өрісін кеңейтіп, барынша даму үстінде.

Осы орайда жастардың музыкалық шығармалар жөніндегі талап-тілегін, олардың өнер сұлулығын терең сезінген биік талғамын барынша қанағаттандыру мәселелері арнайы қарастыруды қажет етеді. Олай дейтініміз, жаңа заманның жасампаз адамдарының ізгілікке толы жан дүниесі, биік парасаты, жан-жақты жоғары мәдениеттілігі музыкалық мәдениетіміздің өнерпаздық қуатымен, тәрбиелік ықпалымен тығыз байланысты.

Музыкалық шығармалардың қай-қайсысы да өмірдегі сан түрлі оқиға, құбылыстардың, адам бойындағы түрлі сезімдердің сырын ашады. Музыка үнін естігенде ерекше әсерге бөленіп, сан түрлі күйге бөленетіміз де сондықтан. Музыка адам өмірінің жан серігі, музыканы сүймейтін адамды кездестіру мүмкін емес, өйткені ол баршаға қажет, оның тілі кім – кімге де түсінікті.

Музыка үні адамның тілі жетпейтін ішкі жан дүниесіндегі ойын жеткізіп, әсемдік әлемін аялап қорғауға, нәзік сезіммен түсінуге тәрбиелейді.

Музыка жастарға музыкалық – эстетикалық тәрбие беруде, ішкі дүниесінің әсем де сұлу болып өсуіне ықпал жасайды.

Егер жас бүлдіршін бала кезінен музыканы шын ықыласымен тыңдап түсіне білсе, ән салып, би билесе, халқымыздың ұлттық аспаптарының бірінде ойнауды үйренсе, онда олар сол арқылы рухани ләззат алып, өмірге деген көзқарасы қалыптасып, шынайы биік армандар мен мақсаттарға ұмтылып, өнерлі де тәрбиелі азамат болып өсері белгілі. Сондықтан баланы ұлттық музыкаға тартып, халық өнеріне құрметпен қарауға, оны сүйуге, ұлттық салт – дәстүрлерді қастерлеуге тәрбиелеу – музыка мамандарының басты міндеті. Ұлттық дүние бала жүрегінен орын алса, оны өмірдің мәні деп қабылдаса, онда ол ертеңгі өзінің елінің, халқының, туған жерінің жарқын болашағы болады деп айта аламыз.

Музыка сабағының негізгі мақсаты – шәкіртке музыка, соның ішінде халық музыкасын, ұлттық өнердің құдіреттілігін таныту. Олардың санасына, еркіне, әсіресе сезімі мен ұшқыр қиялына пайдалы әсер ету. Сонымен қатар музыка сабағында қазақ халқының көне заманнан бері ата – бабамыздан мұра болып келе жатқан ұлттық аспаптармен таныстырып, аспапта ойнау тәсілін үйрете білу керек.

Музыка сабақтарының тақырыптары еліміздің музыка өнерінің түрлі бағыттағы дамыған бай мұрасын оқушыға үйретуге бағытталған. Оқушылар қазақ халқының халықтық музыкасы, яғни аспаптық музыкасы, әні мен күйі туралы алғашқы мағлұматтар мен білімдерін мектеп музыка сабағында үйренеді. Музыка сабағы мектеп оқушыларын өз халқының музыкасын сүйуге, мақтаныш етуге, сол арқылы оқушыны ұлтжандылыққа, отан сүйгіштікке тәрбиелейді.

Музыка сабағында оқушылар қазақ аспаптық музыкасымен таныса отырып, домбыра аспабының қазақ халқының өміріндегі ерекше орны туралы танып біледі. Домбыра аспабының үні өзіне тән дыбыстық бояуымен, сан түрлі желіс – қағыстарымен қатар, өте бай көркем бейнелік әлемімен айқындалып, қазақ халқының тарихи дүниетанымымен тығыз байланыс тауып жатады. Оқушы эстетикалық сезім мен эмоциялық көңіл күй арқылы қоршаған ортаны әсерлене сезінеді.

Белгілі музыка этнографы А.В. Затаевич: «Сырт көзге сұрықсыздау көрінетін домбыра шебер орындаушының қолына тигенде өз шамасынан әлдеқайда асып түсіп, құлпырып шыға келетініне қайран қаласыз, ол біресе әндетіп, не үрлемелі аспап үн шығарғандай есіле егіліп, біресе дыбыстар аспанға шоқ шашқандай көзінің жауын алып, яки болмас жалт – жұлт еткен үн шапшаңдығымен есіңді алады», - деп жазды [2;13].

Қазіргі таңда қалыптасқан тұрақты әдіс- тәсілдерді қолдану нәтижесінде күй тарту шеберлігі мынадай сипаттарға: күй жанрының негізін көрсете орындау шеберлігіне, дәстүрлік сипатын айқындап көрсете орындау шеберлігіне, күйшілік мектептердің ерекшелігін көрсетіп орындау шеберлігіне, ұлттық өнер ретінде дәріптеп орындау шеберлігіне ие болып отыр.

Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби музыкалық идея оны жүзеге асыратындай әрекет ету қабілетінсіз іске аспайды, музыканы көп тыңдау, жаттығу түрлерін бір-бірімен салыстыру, әуенді талдау, әрбір тонның дыбыстық әсерін мұқият есептей білу арқылы музыкалық қабілетті дамытуға болатындығын айта келіп, тәрбиелеу барысында тәжірибе жинақтаудың рөлі зор екенін атап көрсетеді.

Домбыра сабағында музыкалық шығарманы, ән-күйді бастап үйретпес бұрын, шығарманың қандай тақырыпқа жазылғанын, шығарманы жазған композитор, оның дәуірі, шығармашылығы және орындалатын музыка шығармасының орындалу характері,

техникасы, әдістері туралы қысқаша түсіндіріп өту керек. Музыка шығармасын орындағанда оның көркемдік орындалуына ерекше көңіл бөліп отыру қажет.

Домбырашы музыка шығармасын немесе күйді үйренгенде, шығарма таза, сапалы шығу үшін шығарманың өлшеуін, екпінін динамикалық (шығу-күшін), дыбыстың әдемі шығуын жақсы үйреніп алып, кейін оқушыларға үйретуі жөн. Оқушылардың музыка шығармасын, әнді, күйді тек қана нотамен тартып үйренулеріне көп көңіл бөлген дұрыс. Берілетін музыка шығармасы ән, күй білімгерлердің күшіне лайықты беріледі және оқытушының көрсеткен белгілерін ұғып, түсініп, айтқанын бұлжытпай орындап отырулары қажеттігі ескеріледі.

Аспапта ойнау балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке, сезімталдыққа, адамгершілікке баулыса, ол өзінің тәрбиелік міндетін атқарды деген сөз. Оқушылар қолдарына ұстап, ойнап отырған аспаптары туралы, тыңдау үшін орындалған музыкалық шығарма туралы әңгіме басталысымен елең етіп, үлкен ынтамен тыңдауға кіріседі. Сабақта тек ән айтып, аспаптарда ойнап қана қоймай, музыка әлемінің сырын ашып сұхбаттасуға дайын болады.

Музыканы ұғыну дегеніміз – оны тек сезіммен қабылдау ғана емес, саналы түрде түсініп қабылдау. Кез келген музыкалық шығарма өмірдегі нақты оқиғаға байланысты туады. Сондықтан музыканы сезімдік-эмоциялық қабылдаумен қатар, оған саналы түрде мән беріп, мазмұнына да жете көңіл аударып отырған жөн. Мұндай іс-әрекет оқушылардың музыкалық шығарманы терең түсіне білуіне, танымның қалыптасып, тыңдаған әр музыкасы жайлы белгілі бір тұжырымға келуіне мүмкіндік тудырады.

Музыкалық шығарманы қабылдау процесі үстінде оқушы оны толық тыңдайды, бірақ толық түсінбеуі немесе мүлдем түсіне алмауы мүмкін. Бұл оның музыка тыңдаудағы тәжірибесіне байланысты. Музыкадағы барлық оқиға желісі музыка үнінің құдіретті тілі арқылы беріледі. Күрделі мазмұнға құралған композиторлық желісі, байланысы бар кесек туындыларды тыңдай білгенмен, оны толық түсіне білу қиынға соғады. Музыкалық шығарманың ішкі мазмұны музыка тілі арқылы берілетін күрделі шығармалардың негізгі өзегі, оның әуені болып табылады. Ал тыңдаушы музыкалық білімнің, әсіресе тыңдау қабілетінің аздығынан сол әуеннен ештеңені сезіне алмай, музыканы шала ұғып, эстетикалық әсерленуі ойдағыдай болмайды. Кейде соның салдарынан музыкалық шығарманы түсінбей де қалады. Бұдан музыканы қабылдау үшін тек тыңдап қана қою жеткіліксіз екенін аңғарамыз. Сондықтан қабылдау процесі музыкалық шығарманы тыңдаумен қатар, ести алу процесі ретінде қарастырылады.

Музыкалық шығарманы талдап, тыңдатудың келесі қыры – музыканы ойнап көрсету. Мұғалім шығарманы өзі орындайды немесе ұнтаспадан тыңдатады. Бастауыш сыныптарда музыкалық шығарманы мұғалім өзі орындап көрсеткені тиімді. Бұл сыныптарда өтілетін музыкалық шығармалардың көлемі шағын болғанымен, орындау үлкен шеберлікті қажет етеді. Аспапта ойнау балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке, сезімталдыққа, адамгершілікке баулыса, ол өзінің тәрбиелік міндетін атқарады деген сөз.

«Әнге әуес, күйге құмар бала – жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі» деген М. Әуезовтің даналық сөзі музыканың эстетикалық тәрбие берудегі алатын орны ерекше екендігін аңғартқандай.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Шостакович Д. Знать и любить музыку. – Москва: «Молодая гвардия», 1958.
2. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. – Алматы, 1975.
3. Мерғалиев Т. Домбыра сазы. – Алматы, 1972.
4. Пернебек Момынұлы. Музыкалы-эстетикалық тәрбие. – Алматы, 2000.
5. Тастанов Х. Домбыра оркестірін қалай ұйымдастыру керек. – Алматы, 1999.
6. Өтеген Спанов. Оқушылардың халық аспаптар оркестрі. – Алматы, 1999.

Шаяхметов Берик Нагашыбаевич,  
Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы білім беретін мектебінің  
көркем еңбек пәнінің мұғалімі, педагог- сарапшы  
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

Қай дәуірлерде болмасын қоғам мүддесіне мүддесінен жоғары қоятын саналы ұрпақты тәрбиелеу қоғамның басты мәселелерінің бірі болып келеді, солай болып қала береді де.

Еліміз тәуелсіздігінің іргесін бекітіп, өркениет кеңейте түсу үшін бізге еліміздің ертеңі үшін еңбек ететін жан-жақты дамыған азамат керек. Ал бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен мораль өлшемдерін егжей-текжейлі білетін, адамгершілік асыл қасиеттерді бойына жиған ұрпақты тәрбиелеу басты мақсат.

Дегенмен арамызда пендешіліктен аса алмай, өзінің азаматтық ар-намысын, ожданын дүниенің алдамшы қызығына айырбастап алып жүргендерді кездестіріп жатамыз. Міне, осы көңілге кірбің ұялататын жайт мектептің алдына бала алғаш мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап оның бойына адамгершілік, имандылық, саналылық қасиеттерін сіңіру міндетін қояды. Бұл міндет бізге осы бітіру жұмысының маңыздылығын көрсетті.

Адамгершілікке тәрбиелеу баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы болып табылады, ол оның ата-анаға, айналадағыларға, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына қатынасын қалыптастыруды көздейді. Адамгершілікке тәрбиелеу процесінде мектеп бастауыш сынып оқушысының бойында Отанға, жолдастық өмір шындығына белсенді көзқарасын қалыптастырады.

Адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Сондықтан еліміздің ертенгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесінде аса мән беру біздің негізгі мақсатымыз.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселесінде адамның ішкі жан дүниесін, рухани әлемін танып, дамытып, жетілдіру бағытында сыныптан тыс жұмыстар арқылы ізденістер жасап жатыр. Мәселен, қазақстандық ғалымдар білім мен тәрбие беруді дамытуда жалпы адамзаттық ұлттық құндылық тенденцияларына ғылыми-теориялық, әдіснамалық бағытта әр қырынан зерттеу (Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, Қ.Б.Жарықбаев, А.А.Бейсенбаева, С.А.Ұзақбаева, Т.Сапабекова және т.б) жүргізіліп келеді. Аталған ғалымдардың ортақ ойлары біркелкі ой-пікірге келіп тоғысады, адамның кісілік келбеті соған лайықты.

✓ оқушылардың іскерлік жағдайы жан-жақты кіріктірілген, әртүрлі қабілеттер мен қажеттіліктерді бойға жинақталған және ізгілік бағытымен реттелетін гуманитарлық пәндерде, әлеуметтік тәжірибиелерде нақты жүзеге асырылатын үдеріс;

✓ олардың адамгершілік жолындағы әзденістер білімнің, біліктің және дағдының жай жиынтығы емес;

✓ оқушылар ұжымның болашақ мүшелері, бір-бірінен денсаулығы, сыртқы пішіні, мінез-құлқы ерекшелігі, ұжымшылдығы, білім және басқа да көптеген қасиеттерімен ерекшеленеді.

Алайда, оқушыны ұжымдық қатынастар жүйесінде ендіру – аса күрделі, бір мәнді емес, көп жағдайда қарама-қарсы мәнді болып келетін үдеріс. Сондықтан, олар қарым-қатынастар жүйесінде әртүрлі бағытта енеді. Ұжымдық қатынастар жүйесіне жеке бастың жағдайы шын мәнінде дербес, әлеуметтік тәжірибиеге байланысты болғандықтан, достарының тарапынан болатын қарым-қатынас түрліше жағдайда әрқалай болады, ал ол ұжымға керісінше әсер етеді.

Ұжымдағы қарым-қатынастардың әлеуметтік-психологиялық негізін оқушының қабылдаған құндылықтары құрайды, яғни оқушының өмірі мен қызметіне оның жеке басы мен мінез-құлқына аса маңызды және мәнді болып саналатын қасиеттер енеді. Сондықтан бұл ұжымдағы адамдардың көпшілігі оқушының жеке бас сапасы мен қылықтарын жоғары бағалайтындығын, маман-педагогтардың тұжырымдамаларында айтылған.

Сыныпта қайырымдылық, адалдық, ізгілік, батылдық қасиеттер ерекше бағаланады, тіпті жеке тұлғалық сапалар басқалардың еліктеуіне тұратын үлгі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Оларды төмендегідей үш топқа бөлуге болады:

1. Ұжымшылдық - жұмыла бірлескен іс-әрекет, ынтымақтастық және ұйымшыл орта (ауызбіршілік, татулық, сыйластық);
2. Ұжымшылдық – топтың, ұжымның мүдделеріне адалдық (өтірік айтпау, ұрлық жасамау, уәдеде тұру);
3. Ұжымшылдық – ынтымақтастық, өзара түсіністік, басқаларға қамқорлық (көмектесу, ақыл-кеңес беру және т.б). Демек адамгершілік күрделі құбылыс болып табылатынын ескерген жөн.

Ал, бүгінгі күндегі оқушы бойындағы адамгершілік құндылықтарының мәні мен мазмұнына келсек:

- оқушы жалпы адамзатқа тән құндылықтар мен жеке қазақ халқына тән құндылықтарды анықтап тануға, одан қажеттісін ала білуге бағдарланған, ғалымның қол жеткен ғылыми жетістіктерді өздігінен білім алу дербесінде қолдану, жаңашыл, қайырымды, туған елін, жерін, отбасын, Отанын, мектебін сүйетін және олардың алдында парызын түсініп, бар құндылықтарды толықтыра түсетін, табиғатты, өсімдіктер мен жануарларға қамқор болуы керек;

- бүгінгі күнгі жеткіншек еңбек етуге қабілетті, жинақты, құпты, іскер, өз қажеттілігіне орай болашақ мамандығын таңдаған, жауапкершілігін түсінетін, өзін-өзі қызмет етуге дағдыланған, уақытты тиімді пайдаланатын, қоғам – адам өміріндегі еңбектің орнын түсінген, жауапсыздықты, еріншектікті, табиғат байлықтарын рәсуә етушілерді жаны сүймейтін, оқу-тәрбие үрдісінде білім мен ғылым негіздерін сапалы игеріп, болашақ кәсіпкерлікті шығармашылық деңгейде көрсете білуі керек.

- оқушы – дені сау, төзімді, шымыр, ширақ, қайратты, сымбатты, талғампаз, батыл, өжет, салауатты, жүйкесі мықты, Отанын қорғауға даяр, жеке бас гигиенасын сақтайтын, жұмыс орнын жинақы ұстайтын, зиянд әдеттерден аулақ, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ұмтылатын, адамға тән қасиеттерді бойына сіңірген әлеуметтік белсенді жеткіншек болып өсуіне қол жеткізу.

Жоғарыдағы осы айтылған жеткіншектердегі адамгершілік құндылықтарының мәні мен мазмұны жүйелі түзілген педагогикалық шарттар және оның моделі арқылы жүзеге асатындықтан бұл мәселеге де көңіл бөлінді. Жүйенің қалыптасуына ең алдымен мақсаттың болуы шарт, адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мақсатқа сай жасалынған мазмұнда өткізілсе, мүмкін болғанынша ең тиімді, өміршеңді болуы, ұйымдастыру жұмыстарына да байланысты жетілдіріліп отырады.

Әр түрлі әлеуметтік жағдайлар балаға түрліше әсер етіп, бір-бірімен байланысып, жалғасын табуында да қиындықтар болуы мүмкін. Сондықтан, жеке дара ерекшеліктері мен әрбір тұлғаның эмоциясын, жігер-қайратын, көңіл-күйін ескеріп, білім беретін мектептердің оқу - тәрбие жұмыстарында қазіргі экономика, әлеуметтік, нарық замандарына сай өзгерістердің болып, қарым-қатыснастарында бейім-қабілеттерін дамыуға үлгі аларлықтай бағыттар болатындығына күмән жоқ.

Қазіргі кезде «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасын негізінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу неізгі мақсат болып саналады. Тәрбие құндылықтары: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап.

Оқу-тәрбие жұмыстарында адамгершілік бағытындағы тәрбие жұмыстарына назар аударсақ мәнді адамгершілік құндылықтары қалыптастырылады. Ол дегеніміз оқушыларды әдепті, мәдениетті, білімді, мейірімді, қайырымды болып өсуі арқылы адамгершілік құндылықтары жетілдіріледі.

Құндылықтарды игеру механизмі адамның қзін-өзі айқындау құндылығы арқылы жүзеге асады. Өзін-өзі айқындаудың алғашқы кезінде оқушы игеретін құндылықтардың мәнін аша келе, адамгершілік құндылық бағдарына ие болады. Бұдан келіп, оқушы өз

бойындағы өзін-өзі айқындаудың адамгершілік құндылықтарын басқалардың адамгершілік құндылықтарын және адамгершілік құндылық бағдарлары негізінде іс-әрекеттері мен қарым-қатынасы ұйымдастыруын салыстырады, әрекеттер мен мінез – құлыққа талдау жасау барысында ол адамгершілік құндылықтарды анықтап, , оның өзін-өзі айқындап жүзеге асады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қайров И.А. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі Алматы, 1980 ж.
2. Тілеужанов М.М. Қазақ халықтық педагогикасының кейбір мәселелері. Орал, 1992 ж.
3. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие процесінде пайдалану. Алматы, 1993 ж.

**ОБРАЗОВАНИЕ XXI ВЕКА: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И ВОЗМОЖНОСТИ»**

Шаршунова М.Е. преподаватель специальных дисциплин,  
КГКП «Рудненский музыкальный колледж»  
Управления образования акимата Костанайской области

Роль личностно-ориентированного подхода в успешной подготовке будущего музыканта

В данной статье в значительной мере раскрывается творческое понятие личностно ориентированного подхода, личностно-ориентированного обучения в процессе подготовки будущего музыканта. Автором делается попытка осмыслить ценностные основы личностно ориентированного подхода на основе обобщения определенного опыта работы. Особое внимание уделяется внедрению личностно-ориентированного подхода в сфере дополнительного образования, использованию дифференцированных форм работы и методов обучения с учетом их индивидуальных особенностей. Раскрывается актуальность личностно ориентированного подхода в духовно-нравственном воспитании будущих музыкантов.

**Ключевые слова:** музыкальное образование, личностно-ориентированное образование, личностно ориентированный подход, личностно-ориентированная педагогика духовно-нравственное воспитание

Сегодня эстетическое воспитание ребенка не просто должно опираться на стандартную схему, оно обязано ставить своей целью дать обществу яркую личность, изумляющую и удивляющую красками своей природы и характера. Этого требует динамично развивающееся общество. На жизненную арену выходят люди нового типа раскрепощенные, прагматичные в мыслях и действиях, независимые и свободные от шаблонов. Личностно-ориентированный подход предполагает не формирование личности с заданными свойствами, а создание условий для полноценного проявления и соответственно развития личностных функций субъектов музыкально-образовательного процесса. Личностный подход как направление деятельности педагога – это базовая ценностная ориентация педагога, определяющая его позицию во взаимодействии с каждым ребенком в коллективе. Личностный

подход предполагает помощь педагогу и ребенку в осознании себя личностью, выявлении, раскрытии их творческих возможностей, становлении самосознания, в осуществлении личностно-значимых и общественно приемлемых способов самоопределения, самореализации и самоутверждения не только на уроках музыки, но и в повседневной жизни. На основании данного утверждения можно сделать актуальный вывод о необходимости реализации личностно-ориентированного подхода в обучении музыки и эстетического воспитания. Личностно-ориентированное образование есть системное построение взаимосвязи учения, обучения, воспитания и развития. Это целостный образовательный процесс, существенно отличающийся от традиционного учебно-воспитательного процесса. Следует отметить актуальность данной тематики, поскольку личностно-ориентированное обучение используется в педагогической практике нашего времени довольно часто. Личностно-ориентированная педагогика создает образовательную среду, где реализуются индивидуальные интересы и потребности реальных детей, эффективно накапливается детьми личный опыт. Личностно-ориентированное воспитание – это развитие и саморазвитие личностных качеств на основе общечеловеческих ценностей. Личностный подход – это важнейший принцип психологической науки, предусматривающий учет своеобразия индивидуальности личности ребенка. Именно этот подход определяет и формирует вкусы и интересы ребенка в музыкально-образовательном процессе.

Личностный подход является ведущим в организации учебно-воспитательного процесса. В отличие от индивидуального подхода он требует знания структуры личности и ее элементов, их связи как между собой, так и целостной личностью. В связи с этим следует выделить идею личностного подхода, суть которой в том, что в школу приходят не просто ученики, а ученики-личности со своим миром чувств и переживаний. Это и следует в первую очередь учитывать учителю на занятиях специального инструмента. Он должен знать и уметь подобрать такие приемы, в которых каждый ученик чувствует себя личностью, ощущает внимание преподавателя только к нему, он уважаем, никто не может его оскорбить. Вместе с тем не только теория, но и современная практика доказывают, что личностный подход реализуется при наличии гуманной системы воспитания. Только коллектив педагогов-единомышленников способен связать воедино личность, личностные качества, личностное развитие и саморазвитие ребенка. Именно личность будущего музыканта и личность педагога – главное мерило наличия и развития творческих качеств на уроках. Преподаватель имеет дело с целостной личностью ребёнка. Каждый интересен своей уникальностью, и личностно-ориентированное воспитание позволяет сберечь эту уникальность, вырастить личность, развить склонности и таланты, расширить возможности каждого "Я" и целью нашей работы является раскрытие этой личности. Воспитание, формирование личности ребёнка осуществляется нами не только на уроках музыки, но и каждый день в будничной жизни. Поэтому очень важно, чтобы повседневная жизнь и

деятельность юного музыканта стала разнообразной, содержательной и строилась на основе самых высоких нравственных отношений. Радостным для него является сам процесс приобретения новых знаний и навыков. Ни с чем нельзя сравнить радость, которую доставляют хорошо исполненное произведение, или оценка отлично на академическом зачете. Каждый ребенок – в чём-то не хуже других, а может быть, и превосходит в чём-то: кто-то хорошо уметь петь, кто-то — играть на том или ином инструменте ... Надо только помочь ребёнку раскрыться. При этом важно отметить старания ребёнка и усилия, прилагаемые им для достижения хороших результатов в учении, труде, творчестве. Ведь, как показывает опыт, в каждом ребёнке есть задатки таланта, но если их не развивать, то ничего и не получится. Известно, что обучение и воспитание взаимосвязаны. И личностно- ориентированный подход способствует успешному обучению, служит профилактикой стрессовых психических состояний у ребёнка в процессе обучения. На первых порах важно оценивать успехи маленького музыканта не в сравнении с успехами других, а оценивать достигнутые им результаты, сопоставляя его нынешние успехи с прошлыми, подчёркивая его развитие и продвижение. Для большинства детей успех — сильный стимул к дальнейшему совершенствованию. Выход за рамки привычного, стандартного всегда сопутствует творчеству. В начале каждого учебного года перед преподавателем стоят задачи по дальнейшему творческому развитию ребенка, формированию и укреплению его музыкальных вкусов, раскрытию талантов, выработке единой системы обоснованных, последовательных требований, совершенствованию норм взаимоотношений между учителем и учеником. За прошедший год педагоги и воспитатели училища выявляли, кто на что способен, чтобы в дальнейшем в процессе работы по возможности развивать способности детей, чтобы каждый из них чувствовал себя на своём месте. Нам преподавателям очень важно, чтобы все было направлено на развитие личности ребенка, раскрытие его возможностей, талантов, становление самосознания, самореализации. Таким образом, личностно-ориентированное обучение играет важную роль в успешной подготовке будущего музыканта.

#### Список литературы

1. Зимняя И. А. Компетентностный подход. Каково его место в системе современных подходов к проблемам образования? (теоретико-методологический аспект // Высшее образование сегодня: реформы, нововведения, опыт. 2006. № 8. С. 20–26.
2. Тимошина, Е.И. Педагогические условия развития социально-перцептивной компетентности будущих педагогов в процессе высшего профессионального образования Текст.: автореф. дис. .канд. пед. наук / Е.И.Тимошина. Череповец, 2002.



## ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Шунгулова Айсулу Серикбаевна,  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Арқалық қаласы білім бөлімінің»

«Золотой ключик» бөбекжай» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

1) Ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен дінін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу.

2) Білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету.

3) Қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір оқу орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сабак үрдісінде оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инабаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек.

Ұлттық тәрбиенің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбиенің міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің дінгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен дінін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек.

Халқымыздың сан ғасырлар бойы ұстанған ұлттық салт-дәстүрлер мен рухани құндылықтарын әлем елдерінің озық дәстүрлері мен озық тәрбие үлгілерімен байытып, жаңа тәрбие тұжырымдамаларын жасауда. Осы арқылы білім беру ісі мен ұлттық тәрбие бірлігіне қол жеткізіп, жаңа ғасырдың жаңа сипаттағы интеллектуалды ұрпағын қалыптастыру ісі басты нысанаға алынып отыр.

Ендеше, «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, ел болып, ұлт болып қаламыз десек, «Ұлттық тәрбие» балабақшалар мен мектептерден бастап қолға алғанымыз жөн деп ойлаймын

Ұлттық тәрбие:

1.«Отбасындағы ұлттық тәрбие»

2.«Балабақшадағы ұлттық тәрбие»,

3.«Мектептегі ұлттық тәрбие» деп бөліп талқыланады.

1. Ұлттық тәрбиенің көздері: Фольклор, халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, ұлы ойшылдардың еңбегінде жатыр. Мысалы: Данагөй сөзі.

Ауыл адамдары бір данагөй қартпен кездесіп, пікірлесіп отырғанда бір адам тәрбие туралы сұрайды. Сол кезде қария:

-Осы ауылдарыңда балаларыңды кісі өлтіруге, ұрлық пен тонауды қалай жасау керектігін үйретіп жүрген жалмауыз бар,-дейді.

Адамдар:

-Ол кім? Бізге көрсет, оны тез арада өлтіруіміз керек,-деп шулайды.

-Олар қандай адамдар, көрсетші. Оларды өлтіріп, жоюдың амалын айтшы,-деген халыққа данагөй қария:

-Қолдарыңнан келмейді, оны жоюға ешбіреулеріңнің арларың жібермейді,- дегенде:

-Сонда кімдер?

-Ол әрбіріңнің үйіндегі теледидар,- деген екен

Мектептегі ұлттық тәрбиеге: «Ұлттық тәрбие және қазақ әдебиеті», «Абай шығармаларындағы ұлттық тәрбие мәселелері»,«Өз халқыңның қадір-қасиетін ұқ», «Қазақ өнеріндегі ұлттық тәрбие», «Ұлт патриоты болайық» , «Ұлттық тәрбие: салт-дәстүр, әдет-ғұрып негіздері», «Ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері», «Ұлттық тәрбие және дін мәселесі» т.б қарастырылып келеді.

**2.Отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері; туыстық қарым-қатынас, жеті ата** туралы түсінік, перзенттік парыз бен қарыз, ұлттық намыс, сана-сезім, отансүйгіштік, еңбексүйгіштік қасиеттер ұлттық тәрбиенің негізгі бағыттарына жатады.Тұрмыс – салтқа байланысты туған әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің, бәрінде халықтың арман-тілегі, ой-пікірі, келешек ұрпаққа айтар өсиеті көрініс беріп отырады.

**Қазақта мынадай құнды өсиеттер бар.**

**Мысалы:**

**Жеті қазына**

Ер жігіт  
Сұлу әйел  
Ақыл, білім  
Жүйрік ат  
Қыран бүркіт  
Берен мылтық  
Жүйрік тазы (ит)

**Жеті ата**

1. Бала  
2. Әке  
3.Ата  
4.Арғы ата  
5. Баба  
6. Түп ата  
7. Тек ата

**Жеті жұт**

1. Құрғақшылық  
2. Жұт (мал қырылу)  
3.Өрт  
4. Оба (ауру)  
5. Соғыс  
6. Топан су  
7. Зілзала (жер сілкіну)

**Жеті күн**

Бүгін  
Ертең  
Бірсүгіні  
Арғы күні  
Ауыр күн  
Соңғы күн  
Азына

**Жеті ғалым**

1. Шығыс  
2. Батыс  
3. Оңтүстік  
4. Солтүстік  
5. Аспан (жоғары ғалым)  
6. Жер орта  
7. Жер асты( төменгі ғалым)

**Жеті әулие**

1. Меке шәріп  
2. Мәдина шәріп  
3. Бұхар шәріп  
4. Шам шәріп  
5. Қатым шәріп  
6. Құддыс (Мысыр) шәріп  
7. Кәләм шәріп (Құран)

**Жеті жоқ**

Жерде өлшеуіш жоқ  
Аспанда тіреуіш жоқ  
Таста тамыр жоқ  
Тасбақада талақ жоқ  
Аққуда сүт жоқ  
Аллада бауыр жоқ

**Жеті жетім**

1. Тыңдамаған сөз жетім  
2. Киюсіз тозған боз жетім  
3. Иесіз қалған жер жетім  
4. Басшысы жоқ ел жетім  
5. Аққу – қазсыз көл жетім  
6. Жерінен айырылған ел жетім

Жылқыда өт жоқ.

7. Замандасы болмаса – бәрінен де сол жетім

### **Бес қару**

Садақ  
Мылтық  
Найза  
Қылыш  
Айбалта

### **Бес өсиет**

1. Топасқа сенбе
2. Жауға иілме
3. Сақ жүр
4. Аз үйге сенбе
5. Жарлыдан сый алма

### **Бес намаз**

1. Таң намазы
2. Бесін намазы
3. Екінді намаз
4. Ақшам намазы
5. Жашиық намазы

### **Бес жаратылыс**

Күн  
Ай  
Жұлдыз  
Күндіз  
Түн

### **Бес қатер**

1. От
2. Жау
3. Борыш
4. Ауру
5. Сөз

### **Үш даусыз**

Мінез  
Кәрілік  
Ажал

### **Үш арсыз**

1. Ұйқы арсыз
2. Күлкі арсыз
3. Тамақ арсыз

### **Үш тәтті**

1. Жан тәтті
2. Мал тәтті
3. Жар тәтті

### **Үш ғайып**

Ажал ғайып  
Қонақ ғайып  
Несібе ғайып

### **Үш қадірлі**

1. Ырыс
2. Бақ
3. Дәулет

### **Үш қуат**

1. Ақыл қуат
2. Жүрек қуат
3. Тіл қуат

Яғни халық педагогикасы тәрбиені еңбек пен өнерге негіздей жүгізеді. Тек бертін келе ғана оқу-білім дамып, ғылым мен техника өрістей бастаған кезеңде ғылыми педагогика дүниеге келді. «Ұлттық тәрбие» пәнінің тиімділігі мен мазмұнын арттырудың ғылыми негізі толық қаланып, бүгінде ол жаңа тәжірибелермен байытылуда.

Ұлттық тәрбиенің көздері: фольклор, халық ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлағатты қағидалар, шешендік сөздер, өнеге-өсиеті бар мақал-мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары болып табылады. Ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі.

Ендеше осындай ұлылықты, халқымыздың бай саралы да саналы дәстүрлерін еліміздің болашағы -өзіміздің алдымызда отырған ұрпағымызға үйрету –ұстаз қауымының бірінші міндеті деп білемін.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Назарбаев «Мәңгілік ел», 17 қаңтар, 2017 жыл
2. Ш.Құдайбердиев шығармалар жинағы, Алматы, 1988 жыл. «Жастарға» өлеңі
3. М.Жұмабаев шығармалар жинағы, Алматы, 2013 жыл
4. А.Құнанбаев шығармалар жинағы, Алматы, 1988 жыл, «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңі
5. Ж. Молдағалиев шығармалар жинағы, Алматы, 1979 жыл, «Мен қазақпын» поэмасы

## **«КОНЦЕРТМЕЙСТЕР В СОВРЕМЕННОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ»**

Елеупова К.Т. преподаватель музыкальных дисциплин,

В процессе эволюции того или иного вида профессиональной музыкальной деятельности чаще всего наблюдаются процессы углубления специализации в конкретной узкой сфере творчества. Скоморохи на Руси, мейстерзингеры в Западной Европе были универсалами, одинаково владевшими многими искусствами (пение, игра на инструментах, декламация, танец и т.п.). Профессиональные композиторы последующих эпох, как правило, не отделяли своего творчества от исполнительства на самых различных инструментах, пения. Сегодня специализация творческого процесса приобрела характер узкопрофессиональной деятельности. Однако работа концертмейстера развивается как будто наперекор закономерной тенденции дифференциации, все более приобретая черты полифункциональности и даже синкретичности. Это обстоятельство существенно осложняет определение сущности данной профессии. Кто он, концертмейстер: аккомпаниатор, педагог, руководитель оркестровой группы или кто-то еще? В чем суть многообразия видов деятельности концертмейстера? На эти и некоторые другие вопросы мы попытаемся ответить в данной статье.

То, что профессия концертмейстера специфична, замечено давно. К примеру, В. Чачава отмечает, что «...концертмейстер-пианист – это и солист, и равноправный партнер, и аккомпаниатор, сопровождающий вокалиста. Это триединство и составляет суть концертмейстерского искусства...» [1, с.25]. Однако здесь он анализирует только одну сторону проблемы – степень активности музыканта в творчески-исполнительском процессе – и не учитывает то, что концертмейстер – это человек, участвующий не только в музицировании, а потому сущность явления В. Чачава понимает в самом узком смысле. Е.М. Шендерович в деятельности современного аккомпаниатора выделяет две функции: собственно исполнительскую и педагогическую. Педагогическая направленность работы концертмейстера проявляется в его отношениях с солистом или ансамблем и демонстрирует многообразие видов и типов деятельности в рамках данной профессии. Так же как и в исполнении музыкального произведения, в педагогической стратегии и тактике концертмейстера может выделяться несколько типов отношений. В самом общем виде их можно сформулировать следующим образом: наставничество – сотрудничество – консультирование.

Особенности этой профессии отмечаются не только в разнообразии видов творчества и профессиональных функций, но и в необходимости развития у музыканта этого профиля специальных способностей. М.А. Смирнов пишет, что искусство требует от пианиста-аккомпаниатора не только огромного артистизма, но и разносторонних музыкально-исполнительских дарований, а также досконального знакомства с различными певческими голосами, с особенностями игры на всевозможных инструментах, с оперной партитурой и т.д. и т.п. [2, с.3]. Комплекс исполнительских, педагогических и организаторских способностей, необходимых музыканту, претендующему на звание концертмейстера, также представляет собой сложное психофизиологическое явление. Список необходимых навыков увеличивается по мере расширения профессиональных обязанностей. Чтобы охарактеризовать его в полном объеме, необходимо проанализировать работы Л.С. Выготского, Н.С. Лейтеса, А.Н. Леонтьева, А.И. Савенкова, Б.М. Теплова и других психологов, изучавших структуру профессиональных способностей. Если исходить из изложенного выше, становится понятно, что основными характеристиками деятельности концертмейстера являются полифункциональность, многообразие видов и типов работы, а также творческих способностей, знаний и умений. При этом важнейшее значение в деятельности концертмейстера имеет его роль в процессе воспроизведения музыки: она всегда посредническая, сопровождающая.

Итак, под концертмейстерской деятельностью мы понимаем полифункциональную творческую (организационную, педагогическую и исполнительскую) деятельность, в которой музыка выступает в качестве объекта, требующего действенной поддержки разностороннего музыканта или группы музыкантов. Поэтому сущностью деятельности концертмейстера в современной музыкальной практике следует считать «сопровождение» не только как чисто художественный процесс музицирования, но и как способ творчества, проявляющийся в поддержке любых инициатив в области музыки. Наблюдения за музыкальной практикой показывают, как сопровождение реализуется в контактах концертмейстера с солистом, камерным ансамблем или оркестром (организационный аспект), в процессе подготовки к концерту (педагогический аспект) и в концертной деятельности (исполнительский аспект). Роль концертмейстера в этих отношениях может меняться от пассивной к активной и даже лидирующей, но суть всегда остается одна: обеспечение полноценного процесса художественного творчества солиста или коллектива музыкантов, т.е. сопровождение творческого процесса. Теория сопровождения сегодня наиболее подробно разработана в педагогике и психологии такими учеными, как Е.А. Александрова, М.Р. Битянова, М.И. Губанова, Н.В. Калинина, С.В. Кузьмина, Е.А. Цыбина, С.Н. Чистякова. Применительно к музыкально-исполнительской деятельности проблема педагогического сопровождения проанализирована Э.В. Бобровой. Однако педагогический аспект сопровождения дает только самое общее представление о данной стороне развития музыканта, которую можно и необходимо подробно исследовать на примере деятельности концертмейстера. Исполнительское сопровождение в художественном процессе остается наименее изученной стороной музыкального творчества. Отдельные ее аспекты можно найти в работах Д. Благого, А. Готлиба, И. Горошко, Н. Крючкова, Е. Кубанцева, Дж. Мура, Е. Островской, М. Смирнова, В. Чачавы, Е. Шендеровича. Однако как самостоятельная проблема она до сих пор не рассматривалась.

Адаптируя сложившуюся концепцию педагогического сопровождения к условиям музыкально-исполнительской деятельности, можно сказать, что сопровождение представляет собой процесс взаимодействия субъекта и объекта (в данном случае концертмейстера и солиста), направленный на реализацию художественно-исполнительского потенциала музыканта. От этой формулировки до определения сущности феномена концертмейстерской деятельности в современной музыкальной практике остается один шаг. Нужно лишь проследить сопровождение в условиях музицирования. И здесь становится ясно, что оно лишь внешне направлено на солиста. На самом деле, объектом сопровождения является сама музыка, исполняемое сочинение. Отсюда понятно вышеприведенное определение сущности концертмейстерской деятельности. В нем объектом является музыка, субъектом – музыкант, обеспечивающий реализацию совместных действий по исполнению музыкального произведения. В этом смысле высшей формой концертмейстерского искусства можно было бы признать творчество дирижера. Не случайно эти профессии в свое время выделились из одной сферы деятельности. Однако считать дирижера концертмейстером в полном смысле этого слова неверно, т.к. сегодня он выполняет роль не сопровождающую, а сотворческую по отношению к музыке и композитору, – такую же, как солист-инструменталист. Проблема сопровождения в теории концертмейстерского искусства не является инородным телом, ломающим сложившуюся систему знаний об этом феномене. К примеру, в диссертации Е.А. Островской в качестве системообразующего фактора выбрано «взаимодействие» в двух основных видах: «вербальном» и «музыкальном». Теоретические и методические аспекты «сопровождения» в нашей постановке вопроса естественно включаются в предложенную ею систему и являются продолжением или, точнее, расширением и углублением теории «взаимодействия» [3, с.15].

В данной статье авторы не претендуют на всеобъемлющий анализ роли концертмейстера в современной музыкальной практике. Эта задача будет решаться последовательно в ходе дальнейших исследований. Сегодня для нас было важно обозначить

проблему и попытаться приблизиться к сущности концертмейстерской деятельности, что должно стать основой для последующих рассуждений и выводов.

Список литературы:

1. Островская Е.А. Психологические аспекты деятельности концертмейстера в музыкально-образовательной сфере инструментального исполнительства: Автореф. дис. канд. искусствоведения. – Саратов, 2006.
2. Смирнов М.А. От составителя // О работе концертмейстера / Под ред. М. Смирнова. – М., 1974.
3. Чачава В. Некоторые вопросы обучения концертмейстеров // Фортепиано, № 2, 2003.

**Халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу барысындағы құндылықтар**  
**Жиенбаева С. А.** Әдіскер, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің жоғары санатты оқытушысы

«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалатыны бәрімізге белгілі. Осы тұста азаттық үшін ағартушылық ісімен тәуелсіздікке үлес қосқан қайраткерлердің бірі, жерлесіміз, ұлы педагог-ағартушы, ақын, фольклоршы, этнограф, қазақ балаларына арналған қазақ және орыс тілдеріндегі оқулықтардың авторы Ыбырай Алтынсарин туралы айтпай кету мүмкін емес. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында, жастарға кәсіптік білім берудің маңыздылығын терең түсінген тұлға.

Ыбырай – қазақ жастарын оқу, өнер, техниканы игеруге үндейді. 1883 жылы Торғай қаласында ол ашқан колөнер мектебі қазақ даласындағы тұңғыш кәсіптік-техникалық оқу орны болды.

Ыбырай атамыз салып кеткен Торғай өңіріндегі кәсіптік білім берудің ізін жалғастырушы жұмысшы және орта буын мамандарды даярлайтын білім ордасының бірі Арқалық политехникалық колледжі болып табылады. Торғай өңірі дегеннен кейін әрине халық педагогикасымен біте қайнасатын құнды тәрбие, ұлттық сана мен дәстүр, әдептілік, жауапкершілік бойымызда бар. Ал бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын.

Қазіргі таңда тәуелсіздік тірегі – келешек білімді, тәрбиелі ұрпақ екендігі баршамызға аян. Ел ертеңіне ие болар ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісі – егемен еліміздің еңселілігінің көкейтесті мәселелерінің бірі. Демек, оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, халық педагогикасы мектебі арқылы оқу үрдісін жетілдіру, жан-жақты дамыған рухани дүниесі бай ұрпақты тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселе.

Әр оқытушы алдында отырған білім алушыны жарқырап шырақ деп ұғып, әр үйдің келешегінен үміт күтіп отырған мұрагердің санасына білім, жанына жақсылық сыйлау, рухани жан дүниесі биік жеке тұлға етіп қалыптастыруда халықтық педагогиканың атқарар рөлі ерекше.

Қазіргі таңда еліміздің келешегі болып саналатын ұлтжанды, өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу басты парызымыз.

Колледжде ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмысы қаншалықты мазмұнды болса, алдымыздағы білім алушыларымыздың да ой-өрісі жоғары, саналы, адамгершілігі мол, ұлтжанды бәсекеге қабілетті маман болып шығады.

Колледж ұжымының алға қойған негізгі миссиясы «Еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау» болып табылады. Педагогикалық ұжым білім алушылардың мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттыру, теориялық және практикалық білімдері арқылы ой-өрістерін кеңейту, білім, білік дағдыларын бойларына сіңіру мақсатында еңбек етуде.

Шығыстың әйгілі ғұламасы Әбу-Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», - деген еді.

Халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу барысында құндылықтарды білім алушы бойына дарыту мақсатында колледжде түрлі бағыттағы тәрбиелік іс-шаралар жоспарлы түрде ұйымдастырылады. Тағылымы мол әңгіме айтатын, рухани азық беріп, жасөспірімнің жан-дүниесін таза сақтауға көмек бере алатын соғыс және еңбек ардагерлерінің, үлгілі отбасыларының, батыр аналардың, түрлі салада еңбек етіп жүрген еңбек майталмандарының, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында білікті танымал дәрігерлердің, ұлағатты ұстаздардың әңгімелерін тыңдауға, жастарды ойландырып жүрген сауалдарға нақты жауаптар алуға кездесулер, дөңгелек үстелдер, танымдық кештер ұйымдастырып, солардан алған өнегесін өз өмірінде ұштастыруға, бейімдеу арқылы тәрбиелеу жолдары өте тиімді.

Жаңа инновациялық технологияны қолдану барысында колледжіміздің оқытушылары өз пәндері бойынша ашық сабақтар беріп, танымдық қабілеттерін арттыруға жаңазамандық білім беру үрдісінде халық педагогикасымен ұштастыра жұмыстар атқаруда.

Оқытушы тәрбиелеп отырған білім алушыға белгілі дәрежеде білім беріп қана қоймай, өмірмен байланыстыра отырып, мәтіндерде, шығармаларда кездесетін ұлттық тәрбиенің басымдылықтарын, құндылықтарын айтуы маңызды. Тіл мамандары сабақтарында Ұлы Абай мен Шәкәрімнің өлеңдерін мәнерлеп оқу, кейбір шығармалар желісі бойынша қойылымдар көрсету, Пушкин шығармаларының үндестігі, Пушкиннің Евгений Онегин шығармасындағы Татьяна образының қазақ қызына тән биязылығы туралы білім алушылармен талқылай отырып тәрбие береді.

Колледжде тарих пәндерін оқыту барысында ұлттық мәдениеттің даму кезеңдерінің қай дәуірінде болсын, ол халықтың ұлттық педагогикасымен сабақтасып жатқаны байқалады. Ұлттық мәдениет ұлттық тәрбие арқылы қалыптасады. Тарих - ұрпақты адамгершілікке, еңбекке, батырлыққа, тіл мәдениетіне құштарлыққа тәрбиелейтін құдіретті құрал.

Халықтық педагогика элементтерін жаратылыстану пәндері сабағында қолданудың маңыздылығы білім алушының өмірге өзіндік көзқарасын, өзін қоршаған ортада әр түрлі қоғамдық ой - пікір, ұлттық құндылықтарды байланыстыра білу негізінде тәрбиелейді. Пәнді меңгертуде ұлттық ойындар, мақал- мәтелдер, табиғат көріністерін бейнелеп, оларды өмірмен, түрлі тұрмыстық жағдайлармен тығыз байланыстырып отырып түсіндірілген сабақтың маңызы әрине ерекше болады.

Қазіргі таңда салауатты өмір салтын қалыптастыруда оқу орындарында өткізілетін дене тәрбиесі пәніне аса көңіл бөлінуде. Дене тәрбиесі сабағында «Тоғызқұмалақ», «[Асық ойындары](#)», «Қазақ күресі», «Арқан тарту» т.б. түрлерімен таныстырып, ойнату арқылы шығу тарихын білім алушы санасына жеткізуде де халықтық педагогиканың атқарар рөлі жоғары.

Сабақ барысында өзіндік әдіс – тәсілдерімен ерекшеленетін білім берудің жаңа педагогикалық технологияларын білім алушыларды жалықтырмай, тиімді әрі ұтымды пайдаланып жүрген арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері өз сабақтары арқылы көрсетуде.

«Арнайы тігінші», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша өндірістік оқыту сабағында жаңа технологиялар мен қатар халықтық педагогиканы пайдалану да оқытушы үшін қандай маңызды болса, білім алушы үшін де сондай маңызды. Халықтық педагогика мен әдіс-тәсілдер білім алушылардың өзіндік жұмыс істеуін, өз ойын толық жеткізуін, шеберліктерін дамытуын, ұлттық дәстүрді дәріштеуін, қазақтың ұлттық ою-өрнегін киім тігу барысында салуын, әсемдеп әшекейлеуін, қазақтың ұлттық тағамдарын жасауда

білім алушылардың бойындағы ұқыптылықты, әсемділікті, жауапкершілікті арттырудың негізі болып табылады.

Колледжімізде білім алушының ғылыми - зерттеу және оқу-танымдық бағытын ынталандыру, дарынды білім алушыларды іріктеу және қолдау мақсатында **ғылыми – зерттеу жұмыстары** байқауын ұйымдастыру дәстүрлі түрде өтіп тұрады. **Ғылыми-зерттеу жұмыстарына** қатысу білім алушының таңдаған пәндерін терең меңгеруге, олардың ғылыми, техникалық және әлеуметтік дүниетанымын кеңейтуге, жаңа идеяларды өз бетінше игеруге сонымен қатар халық педагогикасын насихаттауға бейімдейді.

«Арнайы тігінші» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шеберлері жетекшілік еткен білім алушы өзінің зерттеген тақырыбында қазақтың ұлттық өнерін, өрнектерін заманауи киімдерге енгізу арқылы оларды қолдану тәсілдерінің қайта жаңғыртылуын қорғады. Өр өрнектің өзіндік ерекшелігі болады, сол ою-өрнектердің мағынасын ғылыми жұмысты жазу барысында білім алушы қазақ халқының ұлттық киімдерінің ерекшеліктерін негізге ала отырып жазған.

«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша қазақ халқының көнерген тағамдарының жасалу технологиясын зерттеу, олардың адам ағзасына пайдасын, қазіргі таңдағы жас ұрпаққа дәріптеу болды.

Қазақ халқының ұлттық тағамдарын саралау арқылы ұмыт болып бара жатқан тағамдарымызды зерттеу, олардың адам ағзасына пайдасын анықтау арқылы маңызын көрсетті. Өзіндік ерекшеліктерін зерделеу, жаңғырту, дәріптеу арқылы ұлттық тағамдардың жасалу жолдарын көрсете отырып, ұқыптылыққа, тазалыққа, қонақжайлылыққа, ұлттық дәстүрімізді жаңғыртуға ат салысты деп толықтай айта аламын.

Халық педагогикасы арқылы білім алушыларымызды адамгершілікке, отансүйгіштікке, елжандылыққа, имандылыққа үйретіп, болашақта еліміздің тізгінін ұстайтын жастарды тәрбиелей берейік.

Болашақ тұлғаның бақыты – дұрыс бағыт таңдауында. Осындай білім ордасында қызмет етіп, аймағымызда орта буын және жұмысшы мамандар даярлап, еліміздің дамуына үлес қосуымыз – дұрыс бағыт. Еңбек пен шексіз ізденісті талап ететін, халық игілігі үшін қызмет жасайтын, болашаққа сенімді қадам басуға мүмкіндік беретін мамандығымызды мақтан етеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ә. Ламашев. Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары. 5-27 бет.
2. Республикалық әдістемелік педагогикалық журнал. №4,2014 ж. 9 - 11 бет
3. С.Қирабаев.,Ұ.Асыл., К.Құрманбай.,С.Дүйсебаев.,Б.Әрінова. Қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп,2010. 105-107 бет.

#### **Құндылықтар негізінде тәрбие беру- заман талабы**

Нұрманбетова А.С. «Биология» пәнінің жоғары санатты оқытушысы  
«Арқалық политехникалық колледжі»КМҚК  
Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы

Алаш арыстарының бірі, лирик ақын, ұстаз-ғалым Мағжан Жұмабаевтың 1922 жылы жарыққа шыққан «Педагогика» атты кітабында «Тәрбие кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз. Ал енді адамзат туралы айтылғанда, адамның баласын, кәміл жасқа толып, өзіне-өзі қожа болғанша, тиісті азық беріп, өсіру деген мағынада жүргізіледі. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деп жазды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында «Мемлекеттің ең басты байлығы – адам,



яғни азаматтар. Әрбір ата-ана саналы ұрпақ өсіруге баса мән беруге тиіс. Сол сияқты мектеп те – білімнің ғана емес, тәлім- тәрбиенің ордасы. Баланың бойына біліммен қатар адамгершілік құндылықтарды сіңіру – ұстаздың міндеті. осыған орай балабақшадағы және мектептегі тәрбие ісіне бәріміз қоғам болып мән беруіміз керек, сондай-ақ белсене атсалысуымыз қажет. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек» деген болатын

Біртұтас тәрбие бағдарламасы- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылар бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойын сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу басты мақсат болып табылады.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Сол себепті тәрбиенің нәтижелі болуы маңызды және ол тек құндылықтарға негізделгенде ғана нәтижелі болмақ. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, тандауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды. Демек, қазіргі кезеңде өскелең ұрпақ тәрбиесіне тірек болатын, адами қадір-қасиеттерді нығайту үшін ұлттық мүддені нығайтатын, ұлттық мирасты сақтайтын және оны дәріптейтін, ар-ұжданы таза, салауатты өмір салтын ұстанатын, заманның талабына сай келетін түйінді құзыреттерді қалыптастыру маңызды. Сол себепті ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтары арқылы тәрбие жұмысын ұйымдастыру қажет.

Мен өз баяндамамда «Біртұтас тәрбие бағдарламасындағы» ұлттық құндылықтарды қазақтың педагог жазушысы, ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегіндегі педагогикалық идеяларын мысалға ала отырып, қазіргі заманауи идеяларымен салыстырдым және жаңа көзқарас тұрғысынан талдауға талпыныс жасадым.

## ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ.

### 1. Ұлттық мүдде құндылығы

Ұлттық мүдде: тәуелсіздік, егемендік, мемлекеттік аумақ, қазақ тілі, экономикалық өрлеу, халықтың әл-ауқаты, ұлтты ұлттық қауіпсіздік, отаншыл, ұлттық мирасын, мұрасын қадірлейтін, ұлттық мәдениетті бағалайтын ұрпақ қалыптастыруды көздейді. Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет ету, ұлттық мирас пен мұрасына ұқыптылықпен қарап, оны белсенді дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Мағжан Жұмабаев «Педагогикасында»: Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті. Бала тәрбиесінде ұлттық педагогиканың алатын орны ерекше екенін бірнеше мысал келтіре отырып дәлелдейді. Ұлттық тәрбиенің құндылығын көрсете отырып, оның кем-кетіктері мен жаман жағынан аулақ болуды айтады. ол «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды, жамандық жағы да көп», – деп жазады. осыған орай ол педагогтер, тәрбиешілер халықтық педагогиканы қолдана отырып, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болу керек дейді. Расында, егеменді елдің басты ұстанымы – өз педагогикасы, ұлттық тәрбиесі, сондай-ақ ұрпағы тәрбиелі, білімді болуы керек. Сондықтан бүгінгі жас буынды келешегіміз үшін елін, жерін, халқын, мәдениетін, тарихын сүйетін ұлтжанды ұрпақ ретінде тәрбиелеуіміз қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы мемлекетіміздің тарихын мәңгі есте сақтауға, ата-бабадан қалған ұлттық мұрамызды танып-білуге, дәріптеуге тірек болады. Өзінің өткен тарихын білмеген ұрпақ, оны ертеңінде сақтай алмайды. Ата-бабадан қалған құнды мұраларымызды

қорғауға дағдыландыру керек. Балалармен бірге театрға, мұражайға және тарихи орындарға бару оларды рухани жағынан кемелдендіреді. Бұл тұрақты қолға алынғанда ғана өткенінен сабақ алып, болашағына үмітпен қарайтын ұрпақ келері сөзсіз.

## **2. Ар-ұят құндылығы**

Ар-ұят құндылығы ұрпақ тәрбиесінде тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады, этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады. Ар-ұят құндылығы адами мінез-құлыққа сәйкес келмейтін, жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауға, жақсылыққа, парасаттылықты жоғары бағалауға, абыройлы болуға ықпал етеді. Мағжан «Педагогика» оқулығында «Ал енді адамның әрбір ісіне ақыл, ішкі сезім, қайрат қатынасатын болғандықтан, сол үшеуін бірдей тең тәрбие қылу – тәрбиешінің міндеті. Бір адамның осы үш тап жан көріністері тең болмай, біреуі таразыны басып билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес.

Бұл туралы данышпан Абайдың төмендегі сөзі шын дұрыс сөз.

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,

Жылытқан тұла бойды асық жүрек,

Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,

Бұл қайраттан шығады, білсең керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,

Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», - деп сөзін аяқтайды.

Ар-ұят құндылығына «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады» деген даналық өсиет пен адалдық, әділеттілік, мейірімділік, жауапкершілік қасиеттері тұғыр болады.

## **3. Талап құндылығы**

XXI ғасыр технологиялардың қарқынды дамыған заманы. Еліміз басқа елдерден оза дамуы үшін технологияларды қарқынды дамытуға үлес қосып, инновацияларға ашық болуымыз қажет. Сол себепті өскелең ұрпақ бойында заманауи дағдыларды қалыптастыру маңызды. Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады.

Білім алушылардың бойына талап құндылығын дарыту үшін оларды білімге ұмтылуға, еңбекқорлық салауаттылық, мәдениеттілік, денсаулық, іскерлік, саламаттылық қасиеттерді дамыту маңызды. Мағжан Жұмабаев оқулықта дене тәрбиесін бірінші орынға қойды. Атап айтсақ, дене тәрбиесін 19 бөлімге бөліп, әр бөлімге жеке-жеке тоқтап, анықтама берген. Шынында, адамның дені сау, мықты болып өсуі үшін дене тәрбиесінің ең бірінші орында екені белгілі. «Бала аурулы болса, зағып болса, баладан емес, тәрбиешіден», – дейді педагог. Тіпті сол қиын заман түгіл, бүгінгі өмірдің өзінде қай ата-ана тәрбиесіне, туралап айтсақ тәрбиенің барлық түріне көңіл бөле береді. Сонымен қатар, талап құндылығы баланың білім алуға, ғылымда жаңалық ашуға жаны құштар болуға, салауатты өмір салтын ұстануға уақыт пен қаржысын тиімді жоспарлауына дағдыландырады. Себебі, біздің балаларымызға ұлттық тәрбиеден нәр алып, заман ағымына ілесуге және елімізді озық елдер қатарынан табылуына серпін беретін түйінді құзыреттерді бойында қалыптастыру маңызды. Сол құзыреттердің бірі іскерлік жайлы Мағжан: «Адам жанында әсерлену болу үшін жалғыз әсерлену ғана емес, барлық жан көріністері болу үшін бір шарт бар. ол шарт – іскерлік. Іскерлік сыртқы дүниедегі бір затқа яки ішіміздегі бір жан көрінісімізге, ойға, ішкі сезімге, қайратқа жанның төнуі, нүктеленуі деген сөз. Іскерлік болмаса, біз сыртқы заттардан әсер алып, олармен таныса алмаймыз. ойымыздың дұрыс, ашық болуы, ішкі сезімдеріміздің

жанды болуы, қайратымыздың түзу бет алуы осы іскерлікке байлаулы. Іскерлік – жан тұрмысының негізі. Бала іскер болмаса, ешнәрсе ұқпайды һәм ешнәрсе үйрене алмайды. Тәрбие қылудың жолдары мыналар:

1. Әсер күшті болса, бала еріксіз іскер болады.

2. Әсер жеке болсын.

3. Әсер жаңа болсын.

4. Жаңа алынатын білім мен ескі білімнің қатынасы болсын.»,-деп ойын тұжырымдайды.

Осыған орай, қазіргі заманда сыни ойлайтын, оңтайлы шешімдерді дербес қабылдайтын, қабілет қарымы мол, құқықтық мәдениеті жоғары, қоғамдық орында өзін мәдениетті ұстай алатын, басқалармен тіл табыса білетін, сындарлы диалогқа түсе алатын тұлғалар тәрбиелеуге басымдық береміз.

Осылайша, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеялары мен көзқарастары өз уақыты үшін озық болып қана қоймай, қазіргі заманмен үндестігі және өзектілігімен педагогикалық практикада қолдануға таптырмас құрал.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Жұмабаев, М. «Педагогика» оқулығы, 2023жыл

2. Сейдімбек, А. Қазақ әлемі. Этно-мәдени пайымдау: оқу құралы – Алматы: Санат, 1997– 464 б.

3.Танирбергенова, А. Ш. Біртұтас тәрбие бағдарламасы: зерттеулер мен іске асыру тетіктері // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана:

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023 – №3. – Б. 143-156.

4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі [Электронды ресурс] // [https:// www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulattyk-kuryltaydyn-adilette-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulattyk-kuryltaydyn-adilette-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959)

## **«ЖАС МАМАН-ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ»**

Исмагулова Венера Жумагалиевна

КМҚК «Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі»  
«Мектеп» бөлімінің меңгерушісі, физика пәнінің оқытушысы, магистр

Бүгінгі таңды рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғыртуда болашақ мұғалімдердің педагогикалық ойларын қалыптастыру күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды. Оқушылардың бойында ұлттық сананы оятып жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіруде мектеп мұғалімдерінің көп жылдық педагогикалық жұмыстарының нәтижелі даму көрсеткіштерін жаңғырту қажет. Еліміздегі оқушылар, рухани жаңғырудың негізгі мақсаты табысты ел болуымыздың кепілі екенін біліп өсіп келеді. Бұл тұрғыдан келгенде ұстаздар қауымы өскелең жас ұрпақты тәрбиелеуде, Отанды сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін тарихын білуге деген санасын оятып, оларға патриоттық, эстетикалық,

адамгершілік тәрбие беру, өз ой-пікірін білдіре алатын оқушыларды тәрбиелеуге басымдық бергені абзал. [1].

Тәуелсіздік республиканың барлық бағыттар бойынша дамуына кең мүмкіндіктер ашты. Біріншіден, бұл жоғары білікті мамандарды даярлауға қатысты. Жаңа білім беру жүйесін құру мақсатында Республикада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» заңы бекітілген және басқа да бірқатар құжаттар қабылданды [2].

Елде жүргізіліп жатқан экономикалық, әлеуметтік және рухани реформалар халықтық білім беру қызметкерлерінен идеологиялық-саяси, әлеуметтік және рухани-моральдық бағыттағы білімді, дағдыларды және дағдыларды талап етеді. Біздің елімізде педагог кадрларды даярлау университеттерде, педагогикалық институттар мен колледждерде жүргізіледі. Мектептерде жұмыс істейтін педагогтердің құрамы жоғары оқу орындарының түлектерімен (бакалаврлармен, магистрлермен) толықтырылады. Жас маман мектепке, колледжге немесе академиялық лицейге келіп, аға жолдастардың, тәжірибелі тәлімгерлердің кәсіби көмегіне мұқтаж. Педагогикалық ұжымда жас мамандармен жұмыс істеу бойынша бірнеше көзқарастар бар. Міне, осы көзқарастардың бірнешеуі:

1. Кейбіреулер жас маман заманауи біліммен, шеберлікпен және біліктілікпен жақсы қаруланған деп санайды және өзінің еңбек жолын өз бетінше бастай алады деп санайды;

2. Екіншіден, жас мамандар дағдыларды, білім мен біліктілікті жетік білмейді деп санайды. Олар жас мамандардың ұжымда жұмыс істейтініне және оларға біршама салқындықпен қарайтынына сенбейді, бұл өз кезегінде кадрлардың ауысуына әкеледі.

3. Тағы біреулері жас мамандар өз пәнінің теориясын жақсы біледі деп санайды, бірақ сонымен бірге практикалық және әдістемелік бағыттың жеткіліксіз дайындығын атап көрсетеді. Егер бірінші көзқарас жас маманды идеализацияласа, екіншісі оларды еңбек қызметіне нашар дайындықпен айыптайды, ал үшіншісі олардың әдістемелік және практикалық дайындығын 50-ден 50-ге дейін санайды. Жас мамандардың педагогикалық дайындығы жеткіліксіз екені сезіледі.

Педагог кадрларды даярлауда тұрақты кәсіптік бағдар беру жұмысы талап етіледі. Кәсіптік бағдар беру жұмысында мыналар ескерілуі керек: - тәрбиешінің қоғамдағы орны (өткен, қазіргі және болашақ);

- мұғалімнің кәсібі мұғалімнен келесі қасиеттерді талап ететіндігін дәлелдеу: білімді, ақылды және мәдениетті болу;

- мұғалімнің кәсібін құндылық ретінде қабылдау; - тәрбиеленушілермен қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту;

- мұғалімнің кәсібі уақыт өте келе өзгереді және әлеуметтік мақсаттар мен нәтижелерді болжайды;

- мұғалім мамандығының практикалық бағыты; - мұғалімнің белгілі бір өмірлік тәжірибесі мен ұмтылысы болуы керек [1].



1 сурет – «Арқалық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету» КММ орталығында «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенттері мен пән оқытушыларының қайырымдылық концерті

Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінде «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі», «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығында «тәлімгер – жас маман» тандеміне үлкен орын беріледі (2 сурет). Бұл тандем-халқымыздың ұлттық дәстүрі, оған себеп қазақтың халық аузында еститін мына нақыл сөздері «Ұстаздан шәкір озар», «Шәкіртсіз ұстаз-тұл».

Педагогикалық тәжірибелік жұмыстары, сонымен қоса жан –жақты тәрбие жұмыстары жүргізілуде (1 сурет).





## 2 сурет - «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттері мектеп оқушыларымен оқу-тәжірибесінде

Тәлімгер-педагог бүгінде бұл тәрбие жұмысында жоғары нәтижелерге қол жеткізген жоғары білікті маман. Ол өзінің әріптестерінен өзінің эрудициясымен, біліктілігімен, психология және педагогика саласындағы білімімен, компьютерлік техниканы қолдана білуімен, өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісіндегі жоғары жетістіктерімен ерекшеленеді. «Тәлімгер – жас маман» тандемін білім табалдырығының тәжірибесіне тиімді енгізу үшін біздің көзқарасымыз бойынша нақты ғылыми – педагогикалық зерттеулер әзірлеу және осы зерттеулердің нәтижелерін білім басшыларына жеткізу қажет.

Ұстаз– ең алдымен, қадірлі маман. Ал тәлімгер болу – қастерлі міндет. Оқытуға жеке сапар, тәжірибелік бағыт және жоғары білікті педагог-тәлімгерлерді іріктеу педагог кадрлардың біліктілігін үздіксіз арттырудың негізі болып табылады. Бағдарламаның мазмұны, педагог-тәлімгердің оқыту әдістемесін таңдау және жас маманның біліктілігін үздіксіз арттыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қорыта келе, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп Абай атамыз айтқандай, жас маманды жалықпай жауапты, мықты маман ету тәлімгер еңбегінің айнасы, тәлімгердің ынта-тілегінің, еңбегінің жемісі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <https://egemen.kz/article/206758-ustaz-qam-oskelenh-urpaq>

2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020486>

3. Хамалова Ф Ю. Научный соискатель кафедры педагогики, Ферганский государственный университет, Узбекистан, метод «наставник - молодой специалист» как фактор повышения профессионального мастерства.

### «Құзырлылық – білім алушының іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі»

Жанбаева Зауре Куанышовна арнайы пәндер оқытушысы,  
Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының  
«Арқалық медициналық колледжі» МКҚК

*Бұл мақалада білім беру саласындағы құзырлылық және құзыреттілік ұғымдарының мәні мен мағынасын тереңінен ашып, отандық және шетелдік ғалымдардың өз пікірлерін ғылыми дәлелдеген тұжырымдамалары мен қоса қазіргі оқытушылардың шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етілетіні қамтылған.*

Қазіргі білім алушылардың білімі мен тәрбиесі қандай дәрежеде болса, еліміздің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Осы талапқа сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстанның ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасай алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау педагогтердің басты мақсаты болып табылады.

Осы қойылған мақсатқа жету үшін алдымен, «Құзырлылық» және «Құзыреттілік» дегеніміз не? - деген сұрақтың мағынасын ашу қажет.

Бұл үшін әртүрлі тұжырымдамаларға ой жүгіртсек. Осы ұғымдардың қолданыстағы түсіндірмелерін қарастырайық. "Шетелдік сөздердің қысқаша сөздігінде" (М., 1952 ж.) келесі анықтама берілген: "құзыретті (латын тілінен «competens, competentis» - тиісті, қабілетті) – белгілі бір салада білетін, өз білімі немесе өкілеттігі бойынша бірдеңе жасауға немесе шешуге, бір нәрсені бағалауға құқығы бар" дегенді білдіреді.

Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде С. И. Ожегова "Құзыретті" ұғымы белгілі бір салада білімді, беделді, "құзыреттілік" ұғымы кез - келген адам жақсы білетін мәселелер шеңбері; өкілеттіктер, құқықтар шеңбері ретінде қарастырылады. Энциклопедиялық сөздікте "құзыреттіліктің" келесі анықтамасын табуға болады - белгілі бір органның, лауазымды адамның заңмен анықталған өкілеттік шеңбері; белгілі бір саладағы білім, тәжірибе. Шетелдік сөздердің сөздігінде құзыреттілік бір нәрсені, күшті беделді пікірді бағалауға мүмкіндік беретін білімге ие болу ретінде түсіндіріледі.

Г. К. Селевко «құзыреті» - субъектінің мақсат қою және оған қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді ұйымдастыруға дайындығы.

Ішкі ресурстар дегеніміз - білім, дағдылар, пәннен тыс дағдылар, құзыреттілік (іс-әрекет әдістері), психологиялық ерекшеліктер, құндылықтар және т.б.

Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

**К.Құдайбергенова: Тұлға құзырлылығын қалыптастыру жолдары:**

- **білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады;**

- **тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді, - деп тұжырымдайды.**

Сонымен, оқу үрдісіндегі *құзырлылық дегеніміз – алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешу үшін қолдана алу мүмкіндігі болып табылады.*

**Құзырлылық – білім алушының іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі.**

Б.Тұрғанбаева «... өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз » деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы ».

Профессор К.Құдайбергенова «Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез - құлқын , ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б.Тұрғанбаева «Құзырлылыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзырлылыққа бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру - басты мақсаты » деп көрсетеді.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген.

Осы айтылған тұжырымдамаларды алға тарта отырып , педагог ретінде өз тәжірибемде «Мейірбике ісінің негіздері» пәнін оқыту барысында , медициналық «Мейіргер ісі» мамандығын игеруде әр білім алушыға келесі құзыреттеліктерді бойына сіңіріп, дамытамын.

Төмендегідей кәсіби құзыреттіліктерді :

Қ.Қ -2. Қауіпсіздік және сапа. Ол дәлелді білім, технологиялық жетістіктер мен кәсіби дағдыларды тиімді қолдануға негізделген жедел медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігіне жауап береді

Қ.Қ-2.1. Зиянды факторлардан қорғау: адамдар мен қоршаған орта үшін зиянды факторлардан қорғау әдістерін қолданады.

Қ.Қ – 2.2.Сапа және қауіпсіздік технологиясы: көрсетілетін қызметтер сапасын жақсарту және қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін инновациялық технологияларды қолданады

Қ.Қ – 2.3.Стандарттар: медициналық қызметтер сапасын және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін стандарттарға сәйкес емшараларды орындайды.

.Клиникалық құзыреттерін дамыту:

Қ.Қ – 3.1.Медициналық көмек көрсету процессін басқару:

-отбасы және қоршаған ортаның қатысуымен тұлғаға бағытталған тәсілді қолдана отырып, пациентке күтім жасайды, диагностикалайды және емдейді.

-емдеу және түрлі пациент санатына шұғыл медициналық көмек көрсету принциптерін таңдай алады/

Қ.Қ – 3.2.Оңалту: элективтік оңалту негізінде пациенттің функциялық қабілетін жақсартады.

Қ.Қ – 3.3.Дәлелдемелі практика: кәсіптік қызметте дәлелдемелі медицина практикасын қолданады.

әнінің сөзін Бекболат жазды. «Қалқатай қалжың айтсам күліп тұрып, кетуші ең жүрекке бір сыр ұқтырып» деп басталатын нәзік сезімге құрылған бұл ән елге тез тарап, ойын-сауықтың ажарына айналды. Елдегі аға ақын, талантты саналатын Серғали Серіков жас сазгер Болат Хамзинмен ынтымақтастығы нәтижесінде «Қайдасың, шолпаным-жұлдызым», «Ленин комсомолы» әндерін қалың көпке ұсынды. Болат Хамзиннің сазгерлік өнеріне мектеп бітірген Кеңшілік пен Серік қосылды. Серік Тұрғынбеков сөзін жазған «Амангелді ұрпағы», «Торғай қызы» сықылды Болат Хамзиннің сазгерлік шығармасы елге кеңінен тарап кетті. Болаттың әндерін кезінде Рысты Ерденова, Бикен Махмұова, Қазима Сейдалина, Күләй Ахметовалар орындап көпшілікке таратып, халықтың құрметіне ие болды. Бүгінде Торғайдағы Ақаң мен Жақаң (Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов) атындағы әдеби мұражайында Болат Хамзиннің арнайы бөлмесі бар. Мұнда Болат Хамзаұлының фестиваль, өнер байқауларында жеңіп алған медаль, дипломдарымен қатар «Еңбек ерлігі үшін» медалімен қоса үш-төрт медаль мақпал жастықшаға тізілген Көптеген грамоталар қойылған. Әлемге ән оздырған Болат Хамзиннің ұрпаққа қалдырған шығармасының орны бөлек. Хамзиндердің отбасылық ансамблі кезінде республикаға танылды. Торғай өнерінің асулардан асқан даңқын әлем елдеріне дейін танытқан құбылысын ұрпағы жалғастырды. Қыздары мен ұлдары Ләззат, Жаннат, Гүлзат, Айбар, Гүлмиралар білікті сазгер, шебер орындаушы, ұлғатты ұстаздар атанды. Айбар «Шабыт» сыйлығының иегері. Ұрпақтарының бәрі де әке өнерін жалғастырып келеді. Болат Хамзиннің ән мұрасы, әсіресе бір қайнауы ішінде сықылды тыңдармандарына түрлі себептермен жетпей қалған шығармаларын өңдеп, қайта қарап жинақтап жүрген қызы Ләззатқа мың алғыс дейміз. Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің 1981 жылы «Лениншіл жас» газетіне жазған мақаласы Торғайдың топ жарған Болат Хамзиніне берілген теңдесі жоқ баға деп түсінесіз. Нұрғисаның нұсқалы бағасы Болат Хамзин басқаратын өнер ұжымына ерекше серпін берді. Кейін Азия, Африка елдеріне қазақ өнерін танытып, ұлылығымызды жапандағы жұртқа білдірді. «Өнерге сүйіспеншілігіме ештеңе тең келмейді-ау. Күй сазы, ән сазы мені басқа бір әлемдермен таныстырып жүргендей сезінем» дейтін Болат Хамзиннің қуанышына ортақ болып, жоқтық, тұрмыстығы жетімсіздік қиындығын қайыспай, қабақ шытпай бірге көтеріскен асыл жары Күнзипа өнер адамының тірлігі қаншалық ауыр, азапты екенін жақсы біледі. Өнер адамының тірі шежіресі, ақтара алмаған жан құпиясы, көкірегінде жататын сұрапыл төңкерісті сезіп, қатты бағалай білді. Бірге өткізген отыз жыл қабақ шытыспай, и-ша деспей өткен татулық есінен шықпас, сірә. Қазақта «ердің жақсысы-әйелінен, әйелдің жақсысы-ерінен» деген сөз қалған. Бірі медицина қызметкері болып халыққа қызмет етсе, бірі өнерпаз, бұл екі сала адамдардың өмір жасын ұзартуға септігін тигізеді. Жақсылығы осы, қиындығы бастан асады, оны біреу түсінеді, кейбіреулер түсінбейді. Тірлік заңы солай. Қызмет бабында жаныңның толқуы бар, жөнсіздікті көрсең ыза шегесің. Тоқтайтының ұлттық үлгі, өнеге.

«Жақсының жанынан бар жылулық аласың, әйтпесе жақсылықтан құр қаласың» деген қазақта сөз бар. Өнерді бағалаушы халық болса, дарындыны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып жеткізушісі шәкірті, ұрпағы асыл қазынаны тот бастырмай дәріптеп, сақтайтын да солар десек, Болат Хамзиннің бір шәкірті Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Бақытжан Сәукенов ұстазының сезімтал, ақыл тапқыш, өнердің сапасына мән беретін, бойындағы дарын молдығын айта келіп: «Болат 50 жасқа толғанда Ғалымбек Әбілқайыровтың сөзіне «Жүректі ән тербейді» әнін шығарып едім. Әніміз қалықтап, жүректі тербейді, Қырандай шарықтап, қияға өрлейді. Өмірің жасыл бақ, құлпырып гүлдейді, Есімің жұлдыздай жарқырап мәңгіге сөнбейді,-деп шырқағанда ұстазым қуанышын білдірді. Оның консерваторияда бірге оқыған достары арасында да сыйлы екенін, әсіресе Уәли Бекенов, Меруерт Кәленбаева, Тұраш Әбдіқұлов, ақтөбелік композитор Қ.Қожанбаев және басқалары бірін-бірі өнер салаларында жемісті еңбектерімен ұлттық өнерді байытып жатса, татулықтарына шаң жұққызбайтынын біліп, өзіміз де өнеге тұтушы едік. Осылар өнердің құдіретін келешекке жеткізуден басқа арманы жоқтай еді» дейді [15].-Өмірінің соңғы жылдары өзінің атындағы-Болат Хамзин атындағы өнер мектебінде қызмет жасап, жастарды өнерге баулыды. Қызмет істей жүріп ондаған әндер шығарды. Көңіл күйін орнықтырып,

өзгеге ұқсамайтын тың шығармалар жазысымен алдымен өзі орындап, менің пікірімді сұрайтынды. Болат Хамзин әнші де, күйші де, кереметтей артист болатын. Күлдіргі, сатиралық бейнелерді ғажап орындайтын еді. Ел аралап жүріп ұмыт болып бара жатқан күйлерді іздеп, нотаға түсіріп «Торғай топтамалары» деген жинаққа енгізетінді. Кішіпейіл, ешқашан да кек сақтамайтын, ешкімді жатырқамай, тіпті өнер адамдарына қамқоршыл, тіл табысқыш еді. Қақпа әзілдері жарасым тауып жататын. Оны жұрт қатты қадірледі. «Болат Хамзиннің қамқорлығын көріп, өнер асуында бірге қанат қаққандар. Болаттың өзі ашқан өнер мектебінің жас түлектерін көрген сайын өмірге деген құштарлығым артады, сүйген жарымның ғасырларға есімі өлмейтініне сенемін» дейді Күнзипа апай. Біздің Болат пендешілік жаңсақ қадам басудан аулақ еді. Болат пен Күнзипаның отбасы ілуде бір кездесетін, іздесең кең дүниеде табыла бермейтін жанұя еді.

1960 жылы Болат Хамзин Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясын бітіріп келген соң, Торғай өнерінің түрлері жан-жақты жандана бастады. Бұрын концерттік бағдарламалар көбіне жұтаң, домбырамен ән салу, күй тарту және хор номерлерінен құралатын еді. Оркестрлік шешім, полифониялық әдіс дегендер, тіпті нота сауаты ешкімнің қаперіне енбейтін. Ол келген бетте ұлт аспаптар оркестрін ұйымдастырды, орындаушылық фортепианомен сүйемелдеуді, дуэтпен айтуды үйретті. Шәкірттеріне музыкалық білім беріп, тіпті қайсыбірі аспаптық шығармаларды нотаға қарап орындайтын болды. Сол жылдары жаңағы оркестр мен халық театрының атақ-даңқы алысқа естіле бастады. Сазгердің шығарған "Торғай қызы", "Орамал", "Қайдасың, Шолпаным-жұлдызым" және басқа әндері көркемөнерпаздардың күнделікті репертуарына енді. Аудан жұртшылығы той-домалақтарын, қызық-қуаныштарын Болаттың әндерімен өткізетін болған.

Музыкант 1974 жылы ежелгі Торғай жерінде өзіндік бағыт-бағдары бар "Ғасырлар пернесі" атты фольклорлық халық ансамблін құрды. Оның негізгі мақсаты тарихы бай өлкенің халық әндері мен күйлерін, көне әуендерді өнер саңылақтары қобызшы бақсы Закария Кәрібаев пен халық ақыны Нұрхан Ахметбековтің күйлерін, сондай-ақ жергілікті сазгерлердің музыкалық шығармаларын қалың көпшілікке таныстыру еді.

Халық ақыны Қонысбай Әбілов былай дейді: "Болат Хамзиннің бүгінгі Торғай музыкасының шарықтауына қосқан үлесі зор. Өйткені ол мен сияқты ондаған талапты жігіттердің өнер өріне тұсауын кескен азамат" [15].

Міне, өнерпаз адамға осылай шәкірттері баға берді. Ия, Болат Хамзинді атағанда бүгінгі Торғай өңірінде Нұрхан Ахметбеков, Ахметхан Абықаев, Сәт Есенбаев сынды ақындарды еске аласың. Ал, ән саласында Қазақ ССР-ына еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Болат Хамзинді бірінші атар едік. Өйткені сазгердің өмірінде ән саласының орны ерекше. Ол туған өлкесін, елі мен жерін, сағынышы мен махаббатын жырлаған, өнерімен елін сүйсіндірген, халқының өмірін жүрегінен жарып шыққан саз әуенімен өрнектеген, мәңгі өшпес махаббатты жырлаған, перзенттік парызын өтеуде үлгі-өнегесін өшпес мұрасын қалдырған күйші, дирижер, сазгер еді.

Болат Хамзиннің өзі тәрбиелеп өсірген өнер тарландары да, тіпті оның көзі тірі кездің өзінде-ақ ұлағатты ұстаздарының өнегелі ісін өрге сүйрете бастаған еді. Қойшы Сәрсенгелдин, Бақытжан Сәуекелов, Тарғын Боранбаев, Кәдіржан Қасенханов, өзінің төл перзенті-Ләззат бастаған өнер өрендері бірінен кейін бірі шығып, Болат баулыған өнер ұрпақтарының үлкен бір легі қалыптасқан еді. Сөйтіп, заманның желі қанша шайқалтса да Болаттың негізін салған өнер ордалары қайта жанданып, әлі күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Болатты жас күнінен, бала жасынан бермен карай, бірге өсіп, біте қатынасқан нағашы-жиен, туыс-туған, құрдас-сырлас дегендей, тіпті мектеп қабырғасында бірге оқып, кейін үлкен өмір-өнер жасында талай кезеңдерді бастан кешірген-туған елдің өрелі азаматтары Торғайдың аяулы перзенті туралы өнегілі сөздерін айтудан аянып қалмаған. Осынау естеліктердің баршасы жиылып келіп, Болат сынды ірі тұлғаның бірегей бейнесін сомдайды. Оның болашақ ұрпаққа үлгі болар бірегей істері-тек ақ қағаздың бетінде ғана емес, ел-жұртының есінде қаларлықтай із қалдырған.



Атап айтсақ, Кәрімжан Бекболатов, Әмірбек Қапақов, Зүлқия Сыздықова, Еркін Әлмағамбетов, Әбсалық Жүсіпұлы, Орекен Ахметов, Сейіт Кенжеахметов, Әмірхан Абдуллин, Қойшы Сәрсенгелдин сияқты кезінде ел үшін келелі іс атқарып, өнер шаңырағын көтеріскен өрен тұлғалардың әр сөзі тарих таңбасындай, келешек ұрпаққа киелі сөз қалдырған ұтымды да, татымды пікірлерімен құнды.

Болаттың консерватория қабырғасында жүрген кезінде өнер, білім, беделімен көзге түскен студент екені баршаға белгілі.

Кезінде Ахмет Жұбановтың берген батасы таспаға түспесе де, естіген жұрттың ұрпаққа жұғысты сөз болып қалғаны ақиқат.

Ұлы композитор-күйші-Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің аталы сөзі, Болаттың талантына берілген бұлтартпас бағадай бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр.

Естелік кітапта Болаттың өнер жолында үзеңгілес інілерінің лебізі де өз өрнегін тапты.

Солардың ішінде Қайыржан Мақанов, Қонысбай Әбіл, Қалибек Деріпсалдин, Бақытжан Сәуекенов, Күләй Ахметова, Байтұрсын Ілияс, Серік Шаймерденов, Рысты Ерденева, Отаркүл Мұқатова, Шаттық Жаңаберженов, Тарғынбек Боранбаев, Рая Байқабек, Бөлтірік Молдашов, Ақжұпар Қашқынбаева, Гүлдарига Әлмағанбетова, Ақшагүл Мұқановалардың естеліктері-көзбен көріп, көңіл сүйсінген лебіздерін оқырмандарға ой салары хақ.

Болат Хамзин жайлы жазылған естеліктердің баршасы-оның азаматтығы мен өнер жолындағы өнегелі істерін арқау ете отырып, халықтың қалаулысы, елінің елеулі болған қырлары мен сырларын жарқыратып, көрсете білген. Осы орайда, Жақсыбай Қазымбетов, Күләш Кәкімқызы, Бақытжан Қапанова, Жанар Шалабай, Мақсат Амановтың ініге тән ілтипат, қарындасқа тән қылығымен тәнті етеді.

Болат Хамзин артына өлмес мұра-әйгілі әндерін қалдырғаны әмбеге аян.

Алайда, біз, оның артына қалдырған ұрпақтары туралы оқырманды хабардар ету-бір парызымыз екенін ұмытпауымыз керек.

Осы тұрғыдан алғанда, Құдайға шүкір, Болаттың кіндігінен тараған перзенттерінің әкесіне, атасына деген имандылық істерін разылығымызды айта кету артық болмас.

Болаттың о дүниелік болғанына да біршама жылдар өтті. Содан бері оның артында қалған ұрпақтарының ел мақтанышына айналған әкелеріне ас беріп, дұға оқытып, ізгілік шараларын тынбай өткізіп келе жатқандығына куәміз. Бұл да болса Болаттың алды иманды, арты қайырлы болған қадірлі кісі екендігін айғақтаса керек. Жары-Күнзипа, еліне адал қызмет еткен, Болаттың балаларын бағып-қаққан асыл жар, ардықты ана бола білді. Ал, ұл-қыздары Ләззат, Айбар, Жанат, Гүлзат, Гүлмиралар ата-ана еңбегін еселеп қайтарып, өмірде өз орындарын таба білді.

Солардың ішінде, кішкентайынан көзім көрген, өнерін бағалап өскен, елдің де, Болаттың да аяулы қызы-Ләззаттың қосағы белгілі сазгер, музыкант Ерболаттың да еңбегі ерекше екенін баса айту парыз. Оған қоса-Ләззаттың қосағы, белгілі сазгер музыкант Ерболаттың да еңбегі аз болған жоқ.

Өйткені, осынау ерлі-зайыпты өнер иелері, тек бір шаңырақтың астында ғана емес, Болаттың бүкіл шығармаларын жиып, жинақтап халыққа кеңінен таратуда талмай, тынбай еңбек етіп келеді. Соның нәтижесінде, жыл сайын Болатты еске алу шаралары, жан-жақты жеткізіліп, насихатталуы дегендей ұлан асыр шаруаларды бірлесе атқарып, бірегей жұмыс істеуі бүгінгі ғана емес, келешек ұрпаққа да үлгі болары сөзсіз.

Оқырман қолына тиіп отырған "Бекзат болмыс" естелік кітабына демеуші болып отырған кәсіпкер ініміз Шаттық Сәменұлына алғысымызды білдіріп, өнерге деген құштарлығы сөнбеген марқұм Сәмен ағамыздың ұрпағына сенеміміз мол.

Тіпті, осынау, бүгінгі оқырман қолына тиіп отырған естелік кітабының өзі, шын мәніне келгенде, Болаттың артында қалған ұрпақтарының ұйтқы болып, ұйымдастырумен жүзеге асып жатқан игілікті іс екенін әсте ұмытпауымыз керек.

Туған елге-Торғай жұртына, қазақ халқына өлмес қазына, мәңгілік мұра қалдырған  
Болат рухы жасай берсін!

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Хамзина Л. "Сезім сыры" Болат Хамзин туралы естеліктер - А.: Арқас, 2005
- 2 Бөлтірікова Ж.И. "Өмірін өнерімен өрнектеген" - А.:ТОО "Полиграфия сервис и К", 2006
- 3 Сәменұлы Ш. "Бекзат болмыс" - Астана.: 2018
- 4 Қосабаев Ж. "Торғай дуан"-Алматы.:1982

#### **ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ И ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ У МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ**

*Ничубай Е.В., преподаватель общественных дисциплин,  
КГКП «Костанайский строительный колледж»  
Управления образования акимата Костанайской области*

Проблемы формирования и воспитания межэтнической толерантности и этнокультурной компетенции учащейся молодежи неслучайно в течение последних лет оказываются в центре пристального внимания ученых, педагогов, общественных деятелей.

Обособленное существование народов и культур в настоящее время становится невозможным, так как интенсификация миграционных и демографических процессов, образование многонациональных коллективов в социальных институтах значительно расширяют рамки межэтнического взаимодействия. Все это обуславливает и преобразование социальной среды, характерной особенностью которой является полиэтничность.

Актуальность проблемы так же обусловлена ростом необоснованной агрессии и насилия в обществе, потерей нравственных ориентиров поведения, жесткой конкурентнообразной средой проживания, конфликтогенностью разгулом террора и межнациональной розни, В связи с этим сегодня на первый план выдвигаются ценности и принципы, необходимые для общего выживания и свободного развития, такие как этика и стратегия ненасилия, идея терпимости к чужим и чуждым позициям, ценностям, культурам, идея диалога и взаимопонимания, поиска взаимоприемлемых компромиссов. В таких условиях люди, равнодушные к происходящему, начинают вспоминать и декларировать многие общечеловеческие ценности, к которым и относится толерантность.

Особенности развития общества и функционирования этносов в современной ситуации задают новые подходы к пониманию толерантности, как феномена в контексте развития межэтнических отношений. Поиск условий, средств, форм воспитания толерантного сознания и организации толерантных отношений не может осуществляться без учета особенностей самого

воспитуемого. Современное молодое поколение живет в новых условиях существования этноса, к которому они принадлежат, в условиях многоязычия информационного пространства, в ситуации пересечения многих культурных каналов, в которые они включены через средства массовой информации, в условиях контактов с разноязычными сверстниками. Необходимо учитывать и новые темпы взросления детей и более выраженное их стремление к самоутверждению, когда этнический компонент становится одним из наиболее действенных средств такого самоутверждения, с одной стороны, а с другой - четко проявляется потребность в приобщении к большому новому пространству, миру, где существует огромное количество притягательных объектов.

Поэтому обостряется потребность в понимании толерантности как особой сферы жизнедеятельности общества, когда в воспитательном процессе задаются нормы отношений и осмысливается структура толерантности как особого социального феномена. Воспитание в духе толерантности состоит в том, чтобы обучить обучающихся способам поведения и реагирования, которые не наносят вреда другому, чтобы утвердить эти способы поведения в качестве внутренней установки каждого человека, а затем и в тех общественных механизмах, которые определяют и формируют отношения между людьми. В основе процесса воспитания толерантности заложена идея добровольного и осознанного отношения к поведению и поступкам другого. В этом случае толерантность предполагает терпение более сильного, опытного человека к более слабому, что включает умение педагога управлять своим поведением и учить этому воспитанника на примере собственного поведения. [1]

Толерантность как особенность сознания или личностная черта не присуща человеку изначально и может никогда не появиться, не будучи специально воспитана, сформирована. Наоборот, человеку скорее органично присуща противоположная тенденция – настороженность, легко переходящая во враждебность, агрессию по отношению к тем, кто от него отличается, на него не похож. У каждого человека есть бессознательный механизм, который фиксирует отношение «свой — чужой» [1].

Поэтому образование призвано не только способствовать сохранению традиционных позитивных форм воспитания, определяющих воспроизводство языка, обычаев и обеспечивающих этническую идентичность, но и обеспечивать устойчивость этих достижений в условиях расширяющейся сферы межкультурного взаимодействия, помочь обрести новый уровень осмысления этнокультурных элементов в развитии культуры конкретного общества, обеспечивать приобщение каждого этноса к общечеловеческим достижениям. и позитивному отношению к этнокультурным различиям [2].

С учётом полиэтничности общества, в котором сегодня социализируется молодое поколение Казахстана, становится очевидной необходимостью разработки новых образовательных стратегий, формирование этнокультурной компетенции будущих специалистов.

Быть этнокультурно компетентным – значит признавать принцип плюрализма, знать национально – психологические особенности представителей разных этносов, иметь знания об их национальных культурах, понимать своеобразие и ценность этих культур [3].

В качестве механизмов формирования межэтнической толерантности и этнокультурной компетенции у обучающихся выступают обучение, воспитание, деятельность и общение. Этот процесс происходит в форме индивидуально – парного взаимодействия и коллективных взаимоотношений. Взаимодействия и отношения могут быть специально организованными (знания и опыт, приобретаемые в семье, во взаимоотношениях со сверстниками и взрослыми, а также из средств массовой информации и др.). Первая форма более действенна при индивидуально – личностном взаимопонимании и согласии. Вторая требует вхождения молодого человека в общество, в систему взаимодействия с другими людьми, представителями различных этнических и культурных общностей [3].

Формирование межэтнической толерантности и этнокультурной компетенции – одно из направлений воспитательной системы Костанайского строительного колледжа.

Основными ориентирами в формировании у обучающихся колледжа этнокультурной компетенции являются:

- этнокультурная идентификация личности;
- освоение системы понятий и представлений о разнообразии культур в мире, стране, территории проживания;
- воспитание установок толерантности сознания;
- развитие умений и навыков конструктивного взаимодействия с представителями других культур.

В колледже обучаются представители разных национальностей, а соответственно разных этнических культур. Поэтому приоритетной целью воспитания является формирование человека, способного к эффективной жизнедеятельности в поликультурной среде, обладающего развитым чувством понимания и уважения других культур, умением жить в мире и согласии с людьми разных национальностей, рас, верований.

Исходя из цели, определены ключевые задачи:

- глубокое и всестороннее овладение культурой собственного народа;
- знакомство с культурой народов региона, страны, мира в целом;
- создание условий для интеграции различных культур и представителей иных этносов, формирование толерантных установок и поведения;
- подготовка квалифицированных специалистов к организации и осуществлению своей трудовой деятельности в полиэтнической среде.

Таким образом, поликультурное образование в колледже связывается с повышением уровня образованности и достижением личностью социального успеха в поликультурном пространстве, с воспитанием толерантности не просто как важнейшей социальной ценности, а как личностно значимого качества обучающегося.

Учитывая, что толерантность в этих условиях предстаёт как нравственное качество, ориентирующее личность на уважение прав и достоинства людей иных групп, иных взглядов, стиля мышления и поведения, на конструктивное взаимодействие с ними, в колледже определены ведущие направления деятельности:

- интерактивные методы воспитания и обучения на основе личностно-ориентированного подхода;
- проблемные ситуации, а также прохождение всеми участниками образовательного процесса адаптации в поликультурной среде, участие в социализации друг друга;
- проведение педагогического мониторинга, направленного на отслеживание и корректировку этнокультурной направленности обучающихся, которая проявляется в интеллектуальной и мотивационной сферах.

Данные направления реализуются в разнообразных видах деятельности. С точки зрения организации педагогически эффективных межкультурных взаимодействий учебного заведения и социальной среды особый интерес для нас представляют этнокультурные контакты. В связи с этим в колледже налажены тесные связи с представителями национально-культурных центров, диаспор г. Костаная. Например, ко Дню Независимости Республики Казахстан была организована конференция «Казахстан. Вектор развития: единство, согласие, процветание». На данную конференцию были приглашены представители НЦК, которые познакомили ребят со своей культурой, традициями и обычаями.

Встречи обучающихся с иными культурами моделируются педагогами и в специальных игровых и деловых ситуациях, где уже сами обучающиеся берут на себя роли представителей различных народов и, стараясь удерживать свою новую культурную позицию, вступают в предусмотренный игровым сценарием или заданной ситуацией «межкультурный диалог» по каким-либо проблемам.

Подобные игровые ситуации организуются и в рамках обычных учебных занятий. Большим потенциалом здесь обладают уроки истории. [4]

Например, при изучении темы «История мировых цивилизаций», возможно провести игру «Законы для ...» моделирующая переговоры представителей мусульманского и христианского мира. В игре обсуждаются проблемы, которые могут возникать и способы их решения.

Эффективным методом формирования межэтнической толерантности и этнокультурной компетенции обучающихся является организация проблемных дискуссий. Участие в дискуссии способствует овладению обучающимися навыками критически мыслить, вести диалог, анализировать свою и чужие точки зрения. Это позволяет научиться оценивать обоснованность и достоверность тех или иных суждений, договариваться и находить компромиссные решения, соотнести собственное отношение со взглядами и мнениями сверстников, что может стать источником изменения их собственных взглядов. [4]

В колледже не один год действует дискуссионный клуб в работе которого принимают участие обучающиеся колледжа. Члены дискуссионного клуба обсуждают и вопросы, связанные с проблемами межэтнической толерантности, межкультурного взаимодействия, социально-культурной интеграции и др.

Предлагаю примерные темы дискуссий, которые могут быть встроены и в учебный процесс: «Межэтнические отношения: проблемы и противоречия», «Проблемы и способы разрешения межэтнических конфликтов», «Миграционная политика Республики Казахстан», «Казахстанская модель межэтнического и межконфессионального согласия»

При изучении тем: «История мировых цивилизаций», «Антропогенез и этногенез», «Межэтнические отношения в мировой истории», «История мировых религий», «Духовно- нравственные ценности современного общества» используя сравнительно – исторический метод обучающиеся приходят к выводу, что несмотря на то что каждая отдельно взятая цивилизация, каждый народ, имеет особенности развития своей истории, культуры, традиций и обычаев, при этом у них есть очень много общего (виды занятий, почитание старших, гостеприимство, религиозные верования и культы), и это то что сегодня объединяет народы и будет объединять дальше. [5]

В колледже проводятся мероприятия, направленные на удовлетворение потребностей обучающихся в уважении и признании национальной самобытности и культурных ценностей народов, проживающих в Казахстане. Используются разнообразные формы проведения мероприятий: устные журналы, конференции, встречи с деятелями культуры, искусства, фестивали, творческие выставки и конкурсы, экскурсии, театрализованные представления. Так, ко Дню единства народа Казахстана ежегодно проводится фестиваль дружбы народов Казахстана под девизом «Мы один народ, мы одна страна»; ко Дню языков - конкурс чтецов; театрализованные представления к национальным праздникам. Такие мероприятия позволяют увидеть обучающимся черты национального своеобразия в облике людей, их одежде, предметах быта, традициях, культуре, способствуют формированию нравственно – эстетической отзывчивости на прекрасное в поведении и поступках людей.

Традиционными стали презентации выставок творческих работ обучающихся колледжа, которые проходят ярко, эмоционально, оригинально. Тематика выставок самая разнообразная «Это мой Казахстан, здесь моя земля», «Я познаю мир», «Культурное наследие народов Казахстана», «Мир искусства», отражает культуру, обычаи и традиции представителей разных этносов, проживающих в Казахстане, является примером полиэтнического, поликультурного воспитания обучающихся.

Можно много говорить о культурном наследии народа, о формировании значимых качеств личности, чувства толерантности, но одна встреча с человеком, сыгравшим значительную роль в жизни общества, страны, зачастую имеет большее воспитательное воздействие, чем десятки учебников. Поэтому ещё одним направлением воспитательной деятельности в колледже по

формированию межэтнической толерантности и этнокультурной компетенции является знакомство обучающихся с жизнью и творчеством достойных, передовых людей нашего города, явивших примеры гражданского служения своему народу, через организацию творческих встреч. Так, например, творческие встречи с почетным членом Академии педагогических наук Республики Казахстан, Лауреатом международных литературных конкурсов Суловой А.И. оказывают большое эмоциональное воздействие на обучающихся колледжа, учат добру, взаимопомощи, уважению человека к человеку независимо от национальной и религиозной принадлежности.

Особый интерес представляет и самостоятельная исследовательская деятельность обучающихся, направленная на сбор, изучение, анализ и использование в учебном и внеучебном процессе материалов, раскрывающих особенности культуры, традиции, быта, образа жизни, психологии различных народов. [5]. Исследовательские проекты обучающихся колледжа представляют собой самостоятельный творческий поиск, который призван заинтересовать, пробудить жажду познания, желание «проникнуть» в другую культуру. Приведу некоторые темы исследовательских работ обучающихся нашего колледжа: «Полиэтническое воспитание через поиски духовного согласия», «Роль краеведческой работы в воспитании поликультурной личности», «Изучение архитектурного и духовного наследия родного края через туристические маршруты Костанайской области», «Возрождение казахских обычаев, традиций через духовный мир семьи».

Путь к взаимопониманию проходит не только через знания, представления, но и через чувства, стремление видеть и творить прекрасное. Приобщение к этнокультуре осуществляется через овладение «инструментарием» её познания, «языком» её художественных форм, проникновением в ценностно-смысловое содержание символов этнокультуры.

Таким образом, все направления учебной и воспитательной работы по формированию межэтнической толерантности и этнокультурной компетенции в колледже позволяют приобщить студентов к сфере духовно – практической деятельности.

Хотелось бы отметить, что на события, происходящие сегодня в мире в плане межнациональных, межконфессиональных конфликтов мы не должны смотреть как на что-то отвлечённое, на события, которые не касаются нас. Они во много имеют невидимую связь с тем вопросом, который мы сегодня рассматриваем.

Ответственность за будущее и особенности социального положения молодого поколения делают проблему формирования толерантного сознания актуальной и значимой в воспитательной работе всех образовательных учреждений.

Мирное сосуществование множества национальностей – положительный факт в новейшей истории Казахстана. Перед нашим обществом стоит задача консолидации народа. Она возможна лишь на основе общих целей и ценностей,

а ими выступают мир, благополучие, здоровая среда обитания, понятная национальная политика.

Список литературы:

1. Гурова В.Н. Формирование толерантности личности в полиэтнической образовательной среде. – М.:2004.-240 с.
2. Толерантное сознание и формирование толерантных отношений (теория и практика): Сб. науч. – метод. Ст. – 2 изд., стереотип. – М.: Издательство НПО «МОДЭК», 2003. – 368 с.
3. Поштарева Т.В. Формирование этнокультурной компетентности// Справочник заместителя директора школы. - 2009-№7-С.43-51
4. Формирование межэтнической толерантности личности обучающихся в воспитательной среде образовательных учреждений: методические рекомендации/ сост.: А.В. Кречетникова, А.А. Нарыгин, Е.В. Панюшкина. – Ханты- Мансийск: Принт - Класс, 2010.- 106 с.
5. Литус М.С. Формирование этнокультурной компетенции на уроках истории и во внеурочное время: formirovanie\_etnokulturnoy\_kompetentsii\_litus\_m.s.doc (дата обращения: 10. 01. 2024).

## **БАЛА ТӘРБИЕСІ - БАРШАНЫҢ ІСІ**

**Насрединова Акжаркын Есеметовна**

***Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің  
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының оқытушысы  
Педагогика ғылымдарының Магистрі***

Бала тәрбиесі әр уақытта да жан-жақтылықты, жүйелілікті талап ететін үлкен мәселе болып саналады. Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты – барлық тәрбиелік істе баланы жеке тұлға деп танып-біліп, жан-жақты қалыптастыру. Бала өмірінің алғашқы күннен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни олар тәрбиеші бола бастайды. Болашақ ұрпақты заман талабына сай тәрбиелеу жолында алуан түрлі қуаныш пен қиыншылықтарды бастарынан өткізеді. «Адамның бір бақыты бала деген» баласы тәрбиелі болып өссе, ата-анасының мерей үстем болады, ал баласы өмір соқпағымен, қателессе, шалыс қадам жасаса ата-анасы қиналады. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсын» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде, өзіндік таңдау жасауына ықпал етуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.



Бір жағына ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан - тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Кішкентай балалардың алғашқы даму кезеңі, білім мен тәрбие берудің алғашқы сатысы – балабақша. Балалар балабақшаға білім алуға келіп, сабақ барысында олар еңбек етуге, қайырымдылыққа, адалдыққа тәрбиеленеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жүйесінің маңызы зор. Осыған орай, бүгінгі таңда халыққа білім беру саласындағы қаралып жатқан көптеген мәселелер ауқымы мектеп жасына дейінгі мекемелерді де қамтып, ондағы тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұнын жаңарту талабы қойылуда. Атап айтқанда, болашақ жеткіншектерімізді мектепке дайындауда олардың денсаулығын нығайту, адамгершілік, имандылық қасиетін ортаны тану, ондағы құбылыстарды байқау, математиканың қарапайым түсінігін, тіл байлығы мен ойлау қабілеттерін жетілдіру және оның сапасын арттыру көзделіп отыр. Осы орайда еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі мақсаты және міндеттері бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру.

Балабақша – үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде өзінің белгілі қызметін атқарады. Балалардың бойында жалпы адамгершілік қалыптармен гуманистік, моральдық, қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық, сыпайылық тәрізді қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен қоршаған ортамен қарым- қатынасына мән беруіміз керек. Осыларды ескере отырып, мектепке дейінгі жастағы баланы адамгершілік мәдениетін қалыптастыруды және әр сабақпен ұштастыру, ізденістерді талап етеді. Өйткені оқу мен тәрбие тығыз байланысты екені баршамызға мәлім.

Мектепке дейінгі жастағы баланы сабақ барысында тәрбиелеудің - өзіндік ерекшеліктері бар – ол күрделі үрдіс. Оқу үрдісіндегі тәрбие міндетін іске асырудағы қиындықтың бірі сыныптағы оқушылардың адамгершілік түсініктерінің әр түрлі болуында және де тәрбие күрделі үрдіс болғандықтан, бір сабақта баланы адалдыққа, қайырымдылыққа, батылдыққа, шындыққа тәрбиелеу мүмкін емес. Сондықтан ұрпақ тәрбиесіндегі көкейтесті мәселелердің бірі-жетілген, адамгершілік мәдениеті қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу.

Адамгершілік тәрбиенің негізі отбасынан басталып, балабақша, бастауыш сыныпта өзінің жалғасын тауып, жоғары сыныптарда күрделене береді. «Адамгершілік тәрбиесі – тәлім тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырудың, этикалық білімділікті, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы. Ол жанұя, мектеп, ұстаз, қоғам тағы басқа жеке ықпал арқылы іске асырылады. Жас балалардың адамгершілігін қалыптастыруда мектепке дейінгі балдырғандар үшін оларға түсінікті ғибрат сөз, әсерлі өлең,

өнегелі ойын, еңбек үстінде этикалы қатынас жағдайында әдепке адамгершілік әдеп – дағдылары қалыптасады. Мектеп жасындағылар үшін олардың саяси әлеуметтік саналылығын (гуманизм, ұлтжандылық, отансүйгіштік) этикалық талғамын ішкі рухани байлығын молайтатын жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Халқымыздың адамгершілік әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, ілтипаттылық, қонақжайлылық сияқты абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл парасатына азық ете білу үшін әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт дәстүрлерді, әдет ғұрыптарды жан-жақты терең біліп, тебірене іс-қимыл жасауға тиіс. Ұстаз ұлттық мәдениет үрдістерін өркениетті өмірмен байланыстырып тәлім-тәрбиеге пайдалана білуге міндетті. «Сәби деген – таза тақта, не жазсаң, соны оқисың» деген ұлы ойшыл Аристотель мен ұстаз Д. Локктың сөздері тегін емес. Өйткені, бала көзін ашқалы өз көргендерін айнытпай қайталаумен болады. Кейбір жанұяларда өз балаларының жасаған қылықтарынан өздерін тамашалап отыратын жайттар да кездеседі. Сүйіспеншілік, сенім, қолдау, қорғау көрген бала өзіне сенімді, ашық жарқын және ақжүрек болып өседі. Алдау – арбауға ұшырап, ұрыс-керіс көріп өскен бала жігерсіз, сенімсіз, ынжық болады. Көңіл бөлінбей, өз бетімен өскен балалардың әлсіз, зиянды әдеттерге әуес болып өсу ықтималы көбірек. Сүйіспеншілік – балаға қараған сәтте жанарыңыздан төгіліп тұратын сәуле; мұны баланың басынан сипау, жай сөйлеу, оған көңіл бөлу, онымен ойнау арқылы әрдайым сездіре аласыз. Кейбіреулер бала тым еркелеп кетер деген үреймен көп сөйлеспейді, сезімдерін іште сақтайды. Бала ұйықтап жатқанда ғана иіскеп, тамашалайтындар да жоқ емес. Жаңа туған сәбиге ананың ыстық алақаны, әкенің жылы кеудесі мен дауысы ерекше сенім ұялатады. Өзін қорғайтын асыл жанның бар екенін бала сезіну керек. Баланы жас кезінен бастап, бірге ойнауға, бірлесе ойлауға көпшіліктің пікірімен санасуға, айналасындағылармен келісе отырып шешім қабылдауға бағыт беріп отырған жөн. Балалар ойын арқылы тез табысып, жақсы қарым-қатынас жасайды. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, қамқор бола білуін, қол үшін беріп көмектесуін, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Ойындар балаларды қайырымдылыққа, кішіпейілділікке, қамқорлыққа шындыққа, тазалыққа тәрбиелейді. Мектепке дейінгі ұйымдарда өткізілетін ойының түрлері өте көп, бірақ әр сабақта адамгершілік категориялардың біреуін ғана алып, әдістер мен тәсілдердің бәрін жан- жақты ашып көрсетуге пайдаланған жөн. Білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер үзіліссіз тәрбие негізі саналатын мектеп мекемелерге отбасы тәрбиесіне де қозғау салып, баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың мақал сөзіне сүйенеміз. «Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол - Тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін

баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Айта кетер болсақ мысалы: мақал ретінде қарасақ, «Ұядан не көрсең ұшқанда соны ілесің», ал айдары етіп «Ел боламын десең бесігіңді түзе» деген. Сәби айналасын тани бастағанынан - ақ өз ұясындағы қалыптасқан әдет пен тәртіпті көреді, оның өзі өнегілі болсада, теріс болсада соны қабылдайды. Қазіргі кезде педагогика – шын мәніндегі жалпы халықтық сипатқа ие ғылымға айналып отыр және оның уағыздауы – мектепке де, ата-ана активіне де жауапты міндетті жүктеп отыр. Ата-аналар комитеті ұстаздармен бірлесе отырып тәрбие мәселелері бойынша лекциялар мен әңгімелер, топтық және жекелеген кеңестер ұйымдастырады, отбасы туралы тәжірибе алмасу конференцияларын өткізеді, педагогикалық әдебиеттерді таратады, ата-аналарға арнап қабырға газеттерін шығарады. Аналар мен әкелердің балаларды тәрбиелеудегі жетістіктері мен қиындықтарын адал ниетпен ортаға салған әңгімелері зор көмегін тигізеді: жақсы тәжірибе сияқты жіберіп алған кемшіліктерді айту да басқа ата-аналарға келешекте қате жібермеуге, балаларымен тиімді қарым-қатынас орнатуға пайдасын тигізеді. Ата-аналар жиналыстарын семинар, лекция мен кеңес түрінде өткізу ата-аналардың педагогикалық біліктілігінің деңгейін көтеруге әсер етеді. Мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығы, нәтижесінде ата-аналар тарапынан мектептің педагогикалық қызметіне әр түрлі көмектер көрсету, атап айтқанда, демеушілік жасау, тәрбие тәжірибелерімен бөлісу. Ата-ана педагогпен белсенді әрекет етудің барысында бастамашылдық пен жауапкершіліктің, іс-әрекеттің, тандау құқығының маңызын бағалайды. Сондай-ақ оқу жоспары қарастыратын тапсырмаларды орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін тәртіп пен тәлімнің механизмін түсінеді. Өз баласын бақылап, оның жетістіктерін серіктерімен салыстыра отырып, мамандардың ақыл-кеңесіне құлақ асу керектігін ұғынады, ынтымақтастық педагогикасы орнығады.

Қорыта айтқанда, тұтас ақпараттық білім беру кеңістігін ата-ана, бала, педагог болып ұйымдастыру ғана нәтижелі болмақ. Тәрбиеші күн өткен сайын бала бойына рухани-адамгершілік тәрбие дәнін сіңіруде отбасының үлкен орын алатындығына ата-аналардың көздерін жеткізеді. Ал, бұл- ата-аналардың педагог сөзіне құлақ асып, оны жақын тартып, бала тәрбиесіне өздері де араласуы керек екендігін түсінуге жол ашады. Сабақта күнделікті өмірде бала танысқан шыншылдық, адалдық, әдептілік, мейірімділік, қамқорлық т.б ұғымдар іс-жүзінде бекітіп отырғанда ғана нақты қалыптасады. В.А Сухомлинский: «Адамгершілікті, мейірбандықты, қайырымдылықты тәрбиелейтін шын мектеп-отбасы. Анаға, әкеге, атаға, әжеге, аға-ініге, апа-қарындасқа қарым-қатынас адамгершілікке сын болып табылады» деп көрсеткендей, бала отбасында адамгершілік сапалардың үлгісін алады. Ата-ананың білім беру үрдісіне белсенді араласуына қол жеткізуге тырыса еңбектенуіміз қажет. Отбасы өмірінің көзге көрінбейтін жүздеген нәзік арқауы қоғам өмірімен, Отан мүддесімен, бүкіл Әлеммен

ұштасып отыр. Ең алдымен осы берік негізге сүйене, отбасы мен қоғам бірлесе отырып (тек бірлесіп қана! ), адамның ең қымбатты және ең таңғажайып жемісі – балаларды әлділей білуі тиіс. Балаңыздың жақсы болуына тілектеспіз!

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде «Адамгершілік тәрбиесі» бағдарламасы.
2. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика: Оқу құралы. Жалпы редакциясын басқарған Құдиярова А.М. –Алматы: Дарын, - 2004.
3. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру жобасының авторы С.А.Назарбаева «Бөбек» Алматы, 2010
4. Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 1-4сыныбына арналған оқулық /А.С.Сейтақов, Р.О.Ізғұттынова, Ұ.М.Әбдіғалпбарова, Ж.Б.Қажығалиева, Ж.Ж.Әкімбаева.-Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2010
5. Бердяева Н.А.Самопознание.М.,1991.

## МАЗМҰНЫ:

### I-СЕКЦИЯ: XXI ҒАСЫР ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАМЕН ҰШТАСТЫРУ

1. Абитаева А.С., Ильченко Е.В. – «Роль мастера производственного обучения в формировании профессиональной компетенции студентов» .....	3
2.Айсина А.Г. – «Педагогические идеи в научном наследии Аль—Фараби» .....	6
3.Байжанова Г.К. –« Тәрбие жұмысы – сабақтастық және трансляция».....	8
4. Білісбекова Д.Б. – «Ұлттық және дидактикалық ойындарды оқыту үдерісіне қолдану».....	10
5.Данченко Т.В. – «Роль интеграции на уроках русского языка и литературы для формирования поликультурной личности средствами этнопедагогике».....	12
6. Жаксалыкова К.С. –«Ойын халықтық педагогиканың бірегей мұрасы ретінде».....	14
7.Жансугурова А.Б. – «Инновационные технологии в среднем профессиональном образовании».....	18
8. Жансугуров Ж. – «Применение метода проектов в изучении спецдисциплин».....	22
9.Кабенова Ж.Ж. – «Нестандартные формы занятий, как средство повышения познавательной деятельности студентов».....	26
10.Мұса Қ.Ж, - «2024 жылдың білім беру тенденциясы».....	27
11.Смолева Н.В. – «Softskills компетенции, как фактор успешности педтандема преподавателей специальных дисциплин и мастеров производственного обучения».....	30
12.Солонская Б.В. – «Рекомендации для преподавателей и кураторов, работающих со студентами с расстройствами аутичного спектра».....	33
13.Сошкин А.В. , Раимкулов А.С. – «Интеграция международной системы дуального обучения в организации ТиПО».....	38

### II-СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТИҢ САНДЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ: ТӘЖІРИБЕ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР

14.Аманова Ж.С. , Жакуппаева Б.Б. – «Цифровые образовательные технологии».....	42
15.– Аскарлова Б.С. – «Применение модульно-компетентностного подхода при разработке цифровых образовательных ресурсов».....	45
16. Ахметова А.Т. – «Педагогикадағы цифрлық эволюция».....	47
17. Бектасова А.А. –«Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі (жұмыс тәжірибесінен).....	52
18. Голубева А.А. – «Использование веб-сервиса liveworksheets, как инструмент повышения качества обучения в организациях ТиПО».....	55
19. Досмаганбетова Ж.Т. – «Применение цифровых технологий на уроках литературы».....	58
20. Ерназимова А.Д. – «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында, жаңа тәсілдердің ерекшеліктері және тиімділігі».....	64
21. Закарина Г.Б. – «Применение инновационных методов обучения на уроках русского языка и литературы».....	68
22. Кожуховский В.Б. – «Применение ИКТ на уроках производственного обучения».....	71
23. Мешкова Т.Н. – «Современные информационные технологии в преподавании математики».....	76
24.Молдабаева Т.А. – « Геймификация как фактор активизации учебной деятельности обучающихся и повышения мотивации обучения».....	79
25. Сарсембаева Б.Ж. –«Кибербезопасность . Безопасность в Интернете».....	84
26. Смагулова Н.Н. – «Шығармашылық бағыттағы ғылыми ой-өрісті кеңейту жүйесі».....	87

27. Сулейменова К.К. – «Ақпараттық технологияларды қолдану – заманауи педагог кұзыреттілігінің басты белгісі».....	91
28. Терновая О.В., Шаханова М.О. – «Нетрадиционные формы проведения мероприятий в колледже».....	95
29. Хайруллин А.И. – «Технология модульного обучения».....	97
30.Халыкова Г.А. – «Цифровая грамотность-основная компетенция современного педагога».....	101
31. Хасенова А.Ж. – «Проектная технология – один из методов обучения в современном образовании».....	104
32. Сатыбалды М. Н. -. Использование интернет ресурсов в учебной деятельности.....	107

### **III-СЕКЦИЯ: ЫБЫРАЙ МҰРАСЫ – АДАМЗАТ БАЛАСЫНЫҢ РУХАНИ АЗЫҒЫ**

33. Айдаров Н.Қ. – «Ыбырай Алтынсариннің ізбасарлары».....	109
34.Булекова А.Е., Байдешов Д.Б. - «Ы.Алтынсарин мұрасы арқылы білімалушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу».....	112
35.Данекенова Ж.Г. – «Алтынсарин шығармалары – тірбиенің қайнар көзі».....	117
36. Есімхан М.Д., Игисина Ш.Ш. – «Ыбырай Алтынсарин мұраларының зерттелуі және ақартушылық-педагогикалық, аудармашылық қызметтері».....	120
37.Жаксалыкова К.С. – «Ыбырай Алтынсаринның рухани мұрасы негіз ретінде білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі».....	123
38.Жумабаева К.Е. – «Ыбырай Алтынсаринның оқу үрдісіндегі ағартушылық идеялары».....	126
39.Кенаралова Ш. Б. – «Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, ақын, жазушы».....	130
40.Клшинбаева К.Ш. – «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары».....	133
41. Мамитанова Л.К., Жолдыбаева С.Б. – «Роль творческого наследия в духовно-нравственном воспитании подрастающего поколения».....	136
42. Мырзағалиева А.Б. - «Ұлт шамшырағы - Ыбырай Алтынсарин».....	139
43. Нургазиева Б.А. - «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарастары».....	141
44.Нургазина Г.С. – «Ыбырай Алтынсарин – ұстазға салған сара жол».....	144
45.Ыбырай С.Қ. - «Ыбырай Алтынсарин–балалар әдебиетінің атасы».....	147
46. Қосылбек Құндыз Асқарбекқызы.....	150
47. Хасенова З.Р., Ахметова А.Т. Ыбырай Алтынсариннің еңбектерінің рухани тәрбиелік маңызы .....	152
48. Овчаров М.В. «Наследие Ыбырая – духовная ценность человечества».....	155

### **IV-СЕКЦИЯ:ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰРПАҚ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ**

49. Әбдірахман А.Е. – «Өскелен ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу».....	160
50. Бейсекеев А. Х., Джваридзе Б.Б. – «Духовно-нравственное наследие как культура личности молодого поколения Казахстана».....	164
51.Бимаганбетов Е. А. – «Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу».....	166
52. Бондаренко Р.А., Маранова Н.В. – «Музыка – как средство воспитания личности».....	168
53.Дроженко Г.Г. – «Представление современных подростков о традиционном семейном воспитании» .....	170
54. Жумагулова А. А. – «Жас ұрпақты тәрбиелеу арқылы ұлттық құндылықтардың маңызы».....	174
55.Жүніс Д.Ж. – «Национальное наследие в учебно-воспитательном процессе».....	177

56.Каппасова Ш.Е. – «Тәрбиелі ұрпақ – болашақ тірегі».....	180
57.Кумарбекова Д.Д. – «Ұрпақ тәрбиесі».....	183
58.Мухамеджанова М.А. – «Қазақ тілі мен әдебиет сабақтары әрдайым рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын пән».....	185
59.Мұхамеджан Н.С. – «Ұлттық құндылықтарды ұрпақ арқылы тәрбиелеудің маңызы».....	189
60.Оралбаева С.У. – «Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу».....	192
61. Сулейменова Б.К. – «Роль предмета «Основы психологии и коммуникативных навыков» в духовно-нравственном воспитании и формировании профессиональных качеств студентов медицинского колледжа».....	195
62.Шакиров Н.М. – «Ұрпақ тәрбиесіндегі музыканың маңызы».....	198
63. Шаяметов Б.Н. – «Мектеп оқушыларын рухани адамгершілікке тәрбиелеу».....	201
64.Шаршунова М.Е. –«Образование XXI века: новые подходы и возможности».....	204
65. Шунгулова А.С. – «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы».....	206
66. Елеупова К.Т. – «Концертмейстер в современной музыкальной практике».....	209
67. Жиенбаева С. А. – Халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу барысындағы құндылықтар.....	212
68.Нұрманбетова А.С. – Құндылықтар негізінде тәрбие беру- заман талабы.....	214
69.Исмагулова В.Ж. –«Жас маман-өскелең ұрпақ» .....	217
70. Жанбаева З.Ж. –«Құзырлылық – білім алушының іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі».....	220
71. Серикбаева З.К. – Поколение независимости: ценностные ориентиры и перспективы через воспитание молодого поколения.....	223
72. Рихтер О.А. – «Роль исторического знания в процессе формирования гражданина и патриота республики казахстан» .....	226
73. Алтаева Венера Аскарровна – «XXI ғасыр жаңартылған білім беру жүйесін ұлттық педагогикамен ұштастыру» .....	230
74. Кушегалина А.М.- «Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін қазақ тілі сабағында студенттердің танымдық қызметін жандандыру».....	232
75.Жумабаев М., Мейрамғалиева А. М. – Болат Хамзиннің торғай елінің мәдениетіне қосқан үлесі және оның шығармаларының оқушылар арасында тәрбиелік маңызы.....	236
76. Ничубай Е.В - Формирование межэтнической толерантности и этнокультурной компетенции у молодого поколения в поликультурном пространстве.....	242
77.Насрединова А.Е - Бала тәрбиесі - баршаның ісі.....	246